Батыс Қазақстан облысы Білім басқармасы
Білім беруді дамыту орталығы

«ЖАЗЫЛЫМ ДАҒДЫСЫН ДАМЫТУДЫҢ ТИІМДІ ЖОЛДАРЫ» элективті оқу бағдарламасы 7-сынып оқушыларына арналған

(Батыс Қазақстан облыстық дарынды балаларға арналған мамандандырылған ақпараттық технологиялар мектеп-лицей-интернатының қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі А.М.Манкишеваның іс-тәжірибесінен)

Орал – 2024

Батыс Қазақстан облысы Білім басқармасының
Білім беруді дамыту орталығының сараптама кеңесінде қаралып, облыс педагогтарына таратуға ұсынылды.
Хаттама №1, 02.02.2024 ж

Құрастырушы:
А.М.Манкишева - Батыс Қазақстан облыстық дарынды балаларға арналған мамандандырылған ақпараттық технологиялар мектеп-лицей-интернатының қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, педагог-сарапшы

Пікір жазғандар:
Сабыр М.Б. – Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті, филология ғылымдарының докторы, профессор
Мусагалиева Р.К. – Батыс Қазақстан облыстық дарынды балаларға арналған мамандандырылған ақпараттық технологиялар мектеп-лицей-интернатының қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, педагог-зерттеуші

"Жазылым дағдысын дамытудың тиімді жолдары" элективті оқу бағдарламасы жалпы білім беретін мектептің 7-сынып оқушыларының оқу бағдарламасындағы оқу мақсаттарын тереңдете оқытуға негізделіп, мұғалімдерге әдістемелік көмек ретінде құрастырылды.

Білім алушылардың сөйлеу әрекетінің негізгісі – жазылым дағдысын түрлі әдістер арқылы дамытуға мүмкіндік береді.

Мазмұны

Мазмұны 3

Түсініктеме хат мазмұны 4

Тұрақтылау (мазмұндық) бөлімі 6

Нормативті бөлім 7

Ақпараттық-әдістемелік бөлім 11

Оқытуды ұйымдастыруға әдістемелік нұсқаулар бөлімі 16

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі 17

Қосымша 18

Түсініктеме хат мазмұны

Бәсекеге қабілеттілікті білімді ұрпақ анықтайтынын бәріміз білеміз. Осы саясатты іске асыру шеңберінде білім беру саласында түрлі реформалар жүргізілді. Олардың басты мақсаты – білім алушыны өмірге бейім, кез-келген мәселені шешуге қабілетті тұлға ретінде қалыптастыру.

Қазақ тілі сабақтарында оқытудың мәні өзгереді және оқушылар құрылымдалған оқу (тыңдалым, оқылым, айтылым, жазылым) дағдыларын меңгереді деп күтілуде. Дағды – адам өзі жасаған әрекеттері арқылы бойына орнығатын қасиет. Ал жазылым продуктивті дағдылар қатарына жатады. Продуктивті дағды – тілді қолданып сөйлеу немесе жазу, яғни айтылған сөзді, хабарды қағаз бетіне түсірудің жолы. Жазу арқылы коммуникацияға түсу үшін біз әріптер мен сөздерді пайдалана отырып, сөйлем құраймыз, сол сөйлемдерді топтастыру арқылы өз ойымызды жазбаша түрде жеткізе аламыз.

Мектеп бағдарламасында жазылымға қатысты - жоспар құру; әртүрлі жанрда мәтіндер құрастыру; жазба жұмыстарын әртүрлі формада ұсыну; эссе жазу; оқылым және тыңдалым материалдары негізінде жинақы мәтін жазу; мәтіндерді түзету және редакциялау секілді жұмыс түрлері қамтылған. Сондықтан қай сыныпта болмасын, қазақ тілі сабақтарында аталған оқу мақсаттарына жетуге назар аударылады. Тұрақталған оқу мақсаттары арқылы қазіргі оқушы әртүрлі жанрда мәтін жазуға және ажыратуға машықтануда. Жазылым дағдысы баладан жоғары деңгейдегі ойлауды талап етеді. Ойын жазбаша сауатты беру, тың идеялар айту, жанрға сай жазу – үлкен зиялылықтың белгісі. Бұл деңгей бірден уысқа түсе қоймайды.

Ұлт ұстазы А.Байтұрсынұлының: «Жазу жоқ кезде оқу жоқ. Оқудан жазу дүниеге бұрын келген. Оқуды жазу тудырған. ...Оқу мен жазу қатар жүреді. Оқытушылар үйретуді оқудан бастаса, әдістер оқытқанын жаздырып, жазудан бастаса, жаздырғанын, не жазғанын оқытып отыруы керек», – деп, балаға білім берудегі оқу мен жазудың қызметін айқындап берген тұжырымы қазіргі білім берудің бағытымен сабақтасып жатыр. Олай болса, мектептегі «Қазақ тілі» пәнін оқытуда сөйлесім әрекетінің бір түрі - жазылымға басымдылық берген жөн.

Мектептегі оқушының жазба жұмыстарын әдіскер-ғалым А.Көшімбаев: «оқушының қиял дүниесінің қазынасы, ойлау жұмысының нәтижесі», - деп бағалаған.

Жалпы «жазылым» термині «жазу» деген мағынаны емес, «жаза білу», «ойыңды басқа біреуге түсінікті болу үшін, қағаз бетінде сауатты жеткізе білу» дегенді білдіреді. Қазақ тілінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасының толықтырылуы ретінде ұсынылып отырған бағдарлама білім алушылардың жазылым дағдысымен жұмыс жасауда түрлі әдіс-тәсілдерді қолдана отырып, олардың өз ойларын жазбаша еркін жеткізу және жаза білу сынды дағдыларды игеруге мүмкіндік береді. Әр жазылымның өзіне сай ерекшелігі болады: жазу стилінің деңгейлері: ресми (ғылыми, іс қағаздар стилі) және бейресми (ауызекі сөйлеу сөздері, хабарламалар); қағаз бетінде орналасу тәртібі; ақпараттарды орналастыру реті; мәтіннің ұйымдастырылуы. Негізінен алғанда жазылым дағдыларын негізгі екі топқа бөліп қарастыру маңызды болып табылады. Алғашқысы – сауаттылық, ал келесісі – негізгі идея, яғни ойды жеткізе білу мүмкіндігі.

Осыған байланысты сауаттылыққа негізделген дағдыларды бөліп көрсетуге болады:

1. Ең бастысы – емлені ұстану;
2. Әріптерді дұрыс жазумен қатар сауатты жазу дағдысын қалыптастыру;
3. Тыныс белгілерін тыныс белгі ережесіне сәйкес қолдану;
4. Жазылым тапсырмаларын жазу кезінде дұрыс бағыттау;
5. Қажетті сөзді дұрыс қолдана білу және таңдау;
6. Грамматикалық тақырыптарға негізделген ережелерге сәйкес жазу;
7. Сөйлемдердің, сөз тіркестерінің, сөз бен сөздердің дұрыс байланысын орнату;
8. Абзацты, идеяға негізделген көлемді бөліктерді ұйымдастыру.

Ұсынылған міндеттер негізінде идеяларды ұсыну қабілетімен байланысты негізгі дағдылар:

1. Сәйкес стильді таңдағанда абай болу;
2. Идеяны, рефлексияны нақты ұйымдастыру;
3. Қажет болса, мәтін түрін пайдалануға мүмкіндік беру және мәтінде берілген мағынаны жеткізу үшін қажетті қызметтерді пайдалану.

Аталған қызметтерге мәтінді баяндау, қызметі, қандай да бір өтініш білдіру, қажет жағдайда алғыс айту, қорытындылау жатады.

Жазылым дағдысында үйлесімділік және жүйелілік ерекше орын алады. Үйлесімділік – айтылым және тыңдалым дағдысында қолданылатын сөздердің логикалық үндестік табуы. Оқушыға түсінікті болуы үшін жазудағы ойдың жүйелі және логикалық бағытта дұрыс байланыста

болуы жүйелілікті қамтиды. Сыныпта ұсынылған жазылым тапсырмасын нақты орындауы үшін ұсынылған қадамдар маңызды:

1. Ең алдымен жазу керек дүниенің мақсатын анықтау маңызды (тақырыбы, идеясы, , стилі, жанры).

2. Тақырып бойынша ойды дұрыс жеткізу жоспарын жасау.

3. Алдымен жұмыс жүйелі болуы үшін шимай нұсқасын жазу. Бұдан соң оны өзгертуге болады.

4. Сонымен қатар жіберілген қателерді түзету және мүмкіндігінше мазмұнын толықтыру).

5. Жазылған жазылым жұмысын тексеру. Қателерін түзете отырып, сауаттылыққа тексеру және түзеу жұмысын жүргізу.

6. Соңғы дұрыс нұсқаны жазып шығу.

Ұсынылып отырған бағдарлама жоғарыда аталған жазылым дағдыларына оқушыларды жаттықтыруға арналған. Нақты берілген дескрипторлар оқушыға дұрыс жазуға бағдар береді және оның шығармашылығын шыңдайды. Дескрипторлар білім алушының қалай оңды жақсы нәтижеге қол жеткізе алатынын көрсетеді.

Бағдарламаның мақсаты:

Тиімді әдіс-тәсілдерді қолдану негізінде оқушылардың жазылым дағдысын арттыру.

Міндеттері:

1. Өз көзқарасын білдіре отырып мәтін жазу;
2. Тиісті стильді пайдалана отырып, алуан түрлі тақырып бойынша мәтін жазу;
3. Қарапайым, күрделі және тезистік жоспар құру;
4. Өзіндік стильде мәтін құру;
5. Тыңдалым, оқылым және аудиовизуалды материалдар негізінде шығармашылық жұмыс жазу;
6. Әртүрлі жанрда мәтіндер ұсыну мен жазба жұмыстарын әртүрлі формада ұсынуға ықпал ету;
7. Мәтіндерді түзету және түрлендіру;
8. Эссе жазу (сипаттамалық эссе, «келісу, келіспеу» эссесі, дискуссивті эссе)

Бағдарламаның өзектілігі:

Жазылымды үйретудің әртүрлі тәсілдері бар екені белгілі. Үлгі ұсына отырып жазылымды үйретуді продуктивті жазылым дейміз. Яғни оқушылар жазылым түрлерінің үлгілерімен таныса отырып, мәтінмен жұмыс жасайды. Үлгі ретінде жазылым мәтінін ұсына отырып, оның мазмұнын, лексикасын, стилін және құрылымымен таныстыру және талдау жұмысын жүргізу маңызды. Сондай-ақ берілген үлгі оқушыға қалай жазу керектігі туралы түсінік беруі керек. Атап айтқанда, оқушылар тақырыпты талқылау кезінде, жазылым тапсырмасын жоспарлау кезінде, жазылымның алғашқы қадамын жазу кезінде ойларын жеткізу үшін қажетті сөздер мен сөз тіркестерін табады, түзету және тексеру жұмыстарын жүргізу кезеңінде сауатты жазылуы қарастырылады, берілген идеяларды бағалайды, өз шығармашылығының табысты және сәтсіз тұстары туралы ойланады.

Күтілетін нәтиже:

1. Өз көзқарасын білдіре отырып мәтін жазазы;
2. Тиісті стильді пайдалана отырып, алуан түрлі тақырып бойынша мәтін жазады;
3. Қарапайым, күрделі және тезистік жоспар құрады;
4. Өзіндік стильде мәтін құрады;
5. Тыңдалым, оқылым және аудиовизуалды материалдар негізінде шығармашылық жұмыс жазады;
6. Әртүрлі жанрда мәтіндер ұсынады мен жазба жұмыстарын әртүрлі формада ұсына алады;
7. Мәтіндерді түзетеді және түрлендіреді;
8. Эссе жазады (сипаттамалық эссе, «келісу, келіспеу» эссесі, дискуссивті эссе)

Тұрақтылау (мазмұндық) бөлімі

№1 бөлім. Жоспар (4 сағат)

Жазылым жұмысындағы жоспардың маңыздылығы - 1 сағат.
Қарапайым жоспар - 1 сағат.
Күрделі жоспар - 1 сағат.
Тезистік жоспар, бөлімді қорытындылау - 1 сағат.

№2 бөлім. Жазба жұмысының түрлері – 11 сағат

Хат - 1 сағат.
Жарнама - 1 сағат.
Хабарландыру - 1 сағат.
Мінездеме - 1 сағат.
Құттықтау - 1 сағат.
Өмірбаян - 1 сағат.
Шағын мақала - 2 сағат.
Нұсқаулық - 1 сағат.
Әңгіме, бөлімді қорытындылау - 2 сағат.

№3 бөлім. Графиктік мәтін – 4 сағат

Ақпарат, оның түрлері - 1 сағат.
Мәтін, оның құрылымдық түрлері - 1 сағат.
Графиктік мәтіндегі деректердің маңызды тұстарын анықтап жазу қадамдары, бөлімді қорытындылау - 2 сағат.

№4 бөлім. Эссе – 6 сағат

Эссе, оның құрылымы, қойылатын талаптар- 1 сағат.
Сипаттамалық эссе - 1 сағат.
Дискуссивті эссе- 2 сағат.
«Келісу, келіспеу» эссе, бөлімді қорытындылау - 2 сағат.

№5 бөлім. Жинақы мәтін – 5 сағат

Жинақы мәтін, оның түрлері - 1 сағат.
Жинақы мәтінді мазмұндық өңдеу жолдары - 1 сағат.
Жинақы мәтінді тілдік өңдеу жолдары - 1 сағат.
Перифраз. Перефраз жасаудың тәсілдері. - 1 сағат.
Аннотация, тезис, бөлімді қорытындылау - 1 сағат.

№6 бөлім. Мәтіндерді түзету және редакциялау жұмыстары – 3 сағат

Орфографиялық түзету және редакциялау - 1 сағат.
Пунктуациялық түзету және редакциялау - 1 сағат.
Лексикалық түзету және редакциялау, бөлімді қорытындылау - 1 сағат.

№7 бөлім. Қорытынды

Жыл бойы өткен тақырыптарды қайталау, қорытындылау - 1 сағат

Нормативті бөлім

ЖАЗЫЛЫМ ДАҒДЫСЫН ДАМЫТУДЫҢ ТИІМДІ ЖОЛДАРЫ

7-сынып оқушыларына арналған

аптасына 1 сағат, барлығы 34 сағат

Р/С	Бөлім Бөлімше Тақырып	Оқу мақсаты	Сағат саны			Білім өнімі
			Барлығы	Лекция/ Теория/ Тәжірибе 1	Тәжірибе/ Тәжірибе 2	
№1 бөлім **Жоспар** Барлығы-4 сағат: теория-4, тәжірибе -0						
1.1	Жазылым жұмысындағы жоспардың маңыздылығы	берілген мәтінге сәйкес кіріспе, негізгі және қорытынды бөлімдерді қамтитын қарапайым жоспар құру	1	1		конспект
1.2	Қарапайым жоспар	әртүрлі жанрдағы мәтіндерді жазу үшін құрылымын ескере отырып, қарапайым жоспар құру	1	1		конспект қарапайым жоспар құрады
1.3	Күрделі жоспар	әртүрлі жанрдағы мәтіндерді жазу үшін құрылымын ескере отырып, күрделі жоспар құру	1	1		конспект күрделі жоспар құрады
1.4	Тезистік жоспар	тақырып бойынша материал жинақтап, тезистік жоспар құру	1	1		конспект тезистік жоспар құрады
№2 бөлім **Жазба жұмысының түрлері** Барлығы-11 сағат: теория-9, тәжірибе -2						
2.1	Хат	жанрлық ерекшеліктеріне сай ресімделуі мен құрылымын сақтап, хат, жарнама, хабарландыру құрастырып жазу	1	1		конспект хат жазады
2.2	Жарнама		1	1		конспект жарнама жазады
2.3	Хабарландыру		1	1		конспект хабарландыру жазады
2.4	Мінездеме	жанрлық және стильдік ерекшеліктеріне сай құрылымын сақтай отырып, мінездеме, құттықтау, өмірбаян	1	1		конспект мінездеме жазады
2.5	Құттықтау		1	1		конспект құттықтау жазады

2.6	Өмірбаян	құрастырып жазу	1	1		конспект өмірбаян жазады
2.7	Шағын мақала	жанрлық және стильдік ерекшеліктеріне сай көркемдегіш құралдарды орынды қолдана отырып, шағын мақала, нұсқаулық, әңгіме құрастырып жазу	2	1	1	конспект шағын мақала жазады
2.8	Нұсқаулық		1	1		конспект нұсқаулық жазады
2.9	Әңгіме		2	1	1	конспект әңгіме жазады
№3 бөлім **Графиктік мәтін** Барлығы-4 сағат: теория-3, тәжірибе - 1.						
3.1	Ақпарат, оның түрлері.	сюжетті суреттердің (фотосуреттер) желісі бойынша әңгіме құрастыру	1	1		конспект
3.2	Мәтін, оның құрылымдық түрлері.	ұсынылған тақырып бойынша деректер жинақтай отырып, графиктік мәтін (диаграмма, кесте, сызба) түрінде құрастыру	1	1		конспект
3.3	Графиктік мәтіндегі деректердің маңызды тұстарын анықтап жазу қадамдары	мәтін құрылымын (кіріспе бөлім, жалпы мәлімет беру, детальді мәлімет беру) сақтай отырып, графиктік мәтін (шартты белгі, сурет, сызба) түрінде берілген процесті сипаттап жазу	2	1	1	конспект графиктік мәтін (шартты белгі, сурет, сызба) түрінде берілген процесті сипаттап жазады
№4 бөлім **Эссе** Барлығы-6 сағат: теория-4, тәжірибе - 2.						
4.1	Эссе, Эссе, оның құрылымы, қойылатын талаптар	эссенің кіріспе, негізгі, қорытынды бөлімдерін сақтай отырып, өзіне таныс адамды, белгілі бір мекен мен оқиғаны сипаттап не суреттеп жазу	1	1		конспект
4.2	Сипаттамалық эссе		1	1		өзіне таныс адамды, белгілі бір мекен мен оқиғаны сипаттап не суреттеп жазады
4.3	Келісу, келіспеу	эссе	2	1	1	Конспект

	эссесі	тақырыбынан ауытқымай, абзац түрлерін жүйелі құрастырып, көтерілген мәселе бойынша келісу-келіспеу себептерін айқын көрсетіп жазу («келісу, келіспеу» эссесі)				көтерілген мәселе бойынша келісу-келіспеу себептерін айқын көрсетіп, «келісу, келіспеу» эссесін жазады
4.4	Дискуссивті эссе	эссе құрылымы мен даму желісін сақтап, тақырыпқа байланысты берілген мәселенің оңтайлы шешілу жолдары немесе себептеріне өз көзқарасын жазу (дискуссивті эссе)	2	1	1	конспект берілген мәселенің оңтайлы шешілу жолдары немесе себептеріне өз көзқарасын жазады (дискуссивті эссе)
№5 бөлім **Жинақы мәтін** Барлығы-5 сағат: теория-5, тәжірибе - 0.						
5.1	Жинақы мәтін, оның түрлері	оқылым және тыңдалым материалдары бойынша негізгі ақпараттарды сақтай отырып, жинақы мәтін жазу	1	1		конспект
5.2	Жинақы мәтінді мазмұндық өңдеу жолдары	оқылым және тыңдалым материалдары бойынша негізгі ойды білдіретін сөйлемдерді іріктей отырып, жинақы мәтін жазу	1	1		конспект
5.3	Жинақы мәтінді тілдік өңдеу жолдары	оқылым және тыңдалым материалдары бойынша тірек сөздер мен сөз тіркестерін синонимдік қатармен ауыстыра отырып, жинақы мәтін жазу	1	1		конспект

5.4	Перифраз. Перефраз жасаудың тәсілдері.	перифраз тәсілдері арқылы жинақы мәтін жазу	1	1		конспект
	Аннотация Тезис	оқылым және тыңдалым материалдары бойынша мәтіннің баяндау желісін сақтап, әр бөлігінен алынған ақпараттардан жинақы мәтін (аннотация, тезис) жазу	1	1		Аннотация мен тезис жазады
№6 бөлім **Мәтіндерді түзету және редакциялау жұмыстары** Барлығы-3 сағат: теория-3, тәжірибе - 0.						
6.1	Орфографиялық түзету және редакциялау	Мәтіндегі орфографиялық қателерді сөздіктерге сүйене отырып, түзету және редакциялау	1	1		конспект
6.2	Пунктуациялық түзету және редакциялау	мәтіндегі орфографиялық және пунктуациялық қателерді сөздіктерге, емле ережелеріне сүйеніп, түзету, редакциялау	1	1		конспект
6.3	Лексикалық түзету және редакциялау	мәтіндегі сөздердің тақырыпқа сай орынды қолданылуын тексеру, синонимдік қатармен ауыстыра отырып, лексикалық түзетулер енгізу, редакциялау	1	1		конспект
№7 бөлім **Қорытынды** Барлығы - 1 сағат						
7.1	Жыл бойы өткен тақырыптарды қайталау, қорытындылау.		1		1	Оқушылардың жасаған жұмыстарына есеп беруі

Ақпараттық-әдістемелік бөлім

Аталған бағдарламада жазылым дағдыларын дамыту бойынша білім алушылардың ой мен сөз бірлігі арқылы өз ой-пікірін дәйекті және сауатты жеткізе білу шеберлігін арттыруға бағытталған тапсырмалар беріледі. Сәйкесінше қалыптастырушы және жиынтық бағалаулар өткізіледі. Білім алушылардың оқу нәтижелері алдын ала ұсынылған критерийлер бойынша анықталады. Атап айтсам, нақты тапсырмалар беріледі және дескрипторлар арқылы кері байланыс жүргізіледі. Кері байланыс мұғалімнің таңдауы бойынша жаңартылған білім мазмұнына сәйкес әдіс-тәсілдер арқылы жүзеге асырылады.

Қалыптастырушы бағалаулар

Оқу мақсаты	**Бағалау критерийі**	**Ойлау дағдыларының деңгейі**	**Мәтін құрастыру бойынша дескрипторлар**
берілген мәтінге сәйкес кіріспе, негізгі және қорытынды бөлімдерді қамтитын қарапайым жоспар құру;	-мәтін құрылымын сақтайды; - құрылымына сәйкес қарапайым жоспар құрады;	Қолдану	-кіріспе бөлімге жоспар құрады; -негізгі бөлімге жоспар құрады -қорытынды бөлімге жоспар құрады
әртүрлі жанрдағы мәтіндерді жазу үшін құрылымын ескере отырып, күрделі жоспар құру	-мәтіндердің құрылымын ескере отырып, жинақтайды; -күрделі жоспар құрады.	Қолдану	-мәтіннің құрылымын сақтайды; -жоспар құрады
жанрлық ерекшеліктеріне сай ресімделуі мен құрылымын сақтап, хат құрастырып жазу;	-жазба жұмысында жанрлық ерекшелікті ескереді; -рәсімделуі мен құрылымын сақтайды;	Жоғары деңгей дағдылары	-ресімделуін, құрылымын сақтайды, -хат жазады
жанрлық ерекшеліктеріне сай ресімделуі мен құрылымын сақтап, жарнама құрастырып жазу	-жазба жұмысында жанрлық ерекшелікті ескереді; -ресімделуін, құрылымын сақтайды,	Жоғары деңгей дағдылары	-ресімделуін, құрылымын сақтайды, -жарнама жазады
жанрлық ерекшеліктеріне сай ресімделуі мен құрылымын сақтап хабарландыру құрастырып жазу;	-жазба жұмысында жанрлық ерекшелікті ескереді; -ресімделуін, құрылымын сақтайды,	Жоғары деңгей дағдылары	-ресімделуін, құрылымын сақтайды, -хабарландыру жазады
жанрлық және стильдік ерекшеліктеріне сай құрылымын сақтай отырып, мінездеме құрастырып жазу	- мінездемені жанрлық, стильдік ерекшелігіне сай құрастырып жазады	Қолдану	-мінездеменің жанрлық және стильдік ерекшелігіне сай құрылымын сақтайды; -мінездеме жазады.
жанрлық және стильдік ерекшеліктеріне сай құрылымын сақтай отырып, құттықтау құрастырып жазу	-құттықтауды жанрлық, стильдік ерекшелігіне сай құрастырып жазады	Қолдану	-құттықтаудың жанрлық және стильдік ерекшелігіне сай құрылымын сақтап жазады; -жағдаят негізінде құттықтау жазады.
жанрлық және стильдік ерекшеліктеріне сай құрылымын сақтай отырып, өмірбаян құрастырып жазу	-өмірбаянды жанрлық, стильдік ерекшелігіне сай құрастырып жазады	Қолдану	-мәтіндегі негізгі ақпараттарды анықтайды; -ақпараттар негізінде өмірбаян жазады; -өмірбаянның жазылу

			ерекшеліктерін ескеріп, жазады.
жанрлық және стильдік ерекшеліктеріне сай көркемдегіш құралдарды орынды қолдана отырып, шағын мақала құрастырып жазу	-шағын мақала құрастырып жазады -көркемдегіш құралдарды мәтіннің стильдік ерекшелігіне сай қолданады.	Жоғары деңгей дағдылары	- мақаланың жанрлық және стильдік ерекшеліктерін сақтайды; - көркемдегіш құралдарды қолданады; - мақаланы тақырыпқа сай жазады.
жанрлық және стильдік ерекшеліктеріне сай көркемдегіш құралдарды орынды қолдана отырып, нұсқаулық құрастырып жазу	-нұсқаулық құрастырып жазады; -көркемдегіш құралдарды мәтіннің стильдік ерекшелігіне сай қолданады	Жоғары деңгей дағдылары	- нұсқаулықтың жанрлық және стильдік ерекшеліктерін сақтайды; - көркемдегіш құралдарды қолданады; - нұсқаулықты тақырыпқа сай жазады.
жанрлық және стильдік ерекшеліктеріне сай көркемдегіш құралдарды орынды қолдана отырып, әңгіме құрастырып жазу	-әңгіме құрастырып жазады; -көркемдегіш құралдарды мәтіннің стильдік ерекшелігіне сай қолданады	Жоғары деңгей дағдылары	- әңгіменің жанрлық және стильдік ерекшеліктерін сақтайды; - көркемдегіш құралдарды қолданады; - әңгімені тақырыпқа сай жазады.
сюжетті суреттердің (фотосуреттер) желісі бойынша әңгіме құрастыру	-сюжетті суреттер бойынша әңгіме құрастырады	Жоғары деңгей дағдылары	-әңгімеге ат қояды; -суреттерді оқиға желісімен орналастырады; -суреттерді қатыстыра отырып, әңгіме құрайды; -мазмұны тақырыпқа сай, қызықты, әсерлі жазады.
ұсынылған тақырып бойынша деректер жинақтай отырып, графиктік мәтін (диаграмма, кесте, сызба) түрінде құрастыру	-тақырыпқа қатысты деректерді графиктік мәтін (диаграмма, кесте, сызба) түрінде ұсынады	Қолдану	- тақырыпқа қатысты мәлімет жинақтайды; -мәліметтерінің негізінде диаграмма (кесте, сызба) құрастырады.
мәтін құрылымын (кіріспе бөлім, жалпы мәлімет беру, детальді мәлімет беру) сақтай отырып, графиктік мәтін (сызба) түрінде берілген процесті сипаттап жазу	-мәтін құрылымын сақтайды, -графиктік мәтінді сипаттап жазады	Қолдану	- сызба бойынша ақпараттарды ажыратады; - тақырыбын анықтайды; - нақты 3-4 мәліметті іріктейді.
мәтін құрылымын (кіріспе бөлім, жалпы мәлімет беру, детальді мәлімет беру) сақтай отырып, графиктік мәтін (сурет) түрінде берілген процесті сипаттап жазу	-мәтін құрылымын сақтайды; -графиктік мәтінді сипаттап жазады	Қолдану	- суреттердегі ақпараттарды пайдаланады; - сурет бойынша сипаттайды; - сипаттама мәтінін құрады; - мәтіннің құрылымын сақтайды.
эссенің кіріспе, негізгі, қорытынды бөлімдерін сақтай отырып, өзіне	-эссе құрылымын сақтайды, -өзіне таныс адамды	Жоғары деңгей дағдылары	-эссе құрылымын сақтайды, -өзіне таныс адамды

таныс адамды, белгілі бір мекен мен оқиғаны сипаттап не суреттеп жазу	суреттейді;		суреттейді; - эссе көлемін сақтайды; -эссе жазады.
эссенің кіріспе, негізгі, қорытынды бөлімдерін сақтай отырып, өзіне таныс адамды, белгілі бір мекен мен оқиғаны сипаттап не суреттеп жазу	-эссе құрылымын сақтайды, -белгілі бір мекен мен болған оқиғаны сипаттайды.	Жоғары деңгей дағдылары	- эссе құрылымын сақтайды (кіріспе, негізгі, қорытынды); - бір мекенде болған оқиғаны сипаттап жазады; - эссе көлемін сақтайды; -эссе жазады.
эссе тақырыбынан ауытқымай, абзац түрлерін жүйелі құрастырып, көтерілген мәселе бойынша келісу-келіспеу себептерін айқын көрсетіп жазу («келісу, келіспеу» эссесі)	-тақырыптан ауытқымай, құрылымын сақтап, эссе жазады; -көтерілген мәселеге өзіндік көзқарасын білдіреді	Жоғары деңгей дағдылары	-берілген жағдаятқа сай эссе жазады; -эссенің тақырыбынан ауытқымайды; -абзацтар жүйесін сақтайды; - өзіндік көзқарасын білдіріп, келісу-келіспеу себептерін айқын жазады.
эссе құрылымы мен даму желісін сақтап, тақырыпқа байланысты берілген мәселенің оңтайлы шешілу жолдары немесе себептеріне өз көзқарасын жазу (дискуссивті эссе)	-эссе құрылымы мен даму желісін сақтайды; -тақырыпты анықтайды; -өзіндік көзқарасын жазады; -көтерілген мәселенің шешімін табады.	Жоғары деңгей дағдылары	-эссе құрылымын сақтайды; -тақырып эссенің өн бойынан көрініс табады; -өзіндік көзқарасы бар; -мәселенің шешу жолын ұсынған.
оқылым және тыңдалым материалдары бойынша негізгі ақпараттарды сақтай отырып, жинақы мәтін жазу;	-мәтіндегі негізгі ақпараттарды анықтайды; -ақпараттарды қолданып, мәтінді өз сөзімен баяндайды.	Жоғары деңгей дағдылары	- мәтіндегі маңызды ақпараттарды белгілеп алады; - негізгі ақпараттарға сүйеніп, мәтінді өз сөзімен жазады
оқылым және тыңдалым материалдары бойынша негізгі ойды білдіретін сөйлемдерді іріктей отырып, жинақы мәтін жазу	- мәтіндегі негізгі ақпараттарды іріктейді; -ақпараттарды қолданып, жинақы мәтін жазады	Қолдану	- жинақы мәтін құрастыруда негізгі ойды білдіретін сөйлемдерді іріктейді; - іріктелген ақпараттар негізінде жинақы мәтін жазады.
оқылым және тыңдалым материалдары бойынша тірек сөздер мен сөз тіркестерін синонимдік қатармен ауыстыра отырып, жинақы мәтін жазу	-тірек сөздер мен сөз тіркестерін синоним сөздерге ауыстырады; -синонимдік қатарды қолданып, мәтін жазады.	Қолдану	- мәтіндегі негізгі ақпараттарды табады; - синонимдік қатарларды ажыратады; - мәтінді ықшамдап қайта жазады.
оқылым және тыңдалым материалдары бойынша мәтіннің баяндау желісін сақтап, әр бөлігінен алынған ақпараттардан жинақы мәтін (аннотация, тезис)	- мәтіннің жанрлық, стильдік ерекшелігін сақтайды; -тілдік құралдарды орынды қолданып, аннотация, тезис жазады.	Қолдану	- мәтіннің жанрлық ерекшелігін сақтайды; - мәтіннің стильдік ерекшелігін сақтайды; -тілдік құралдарды орынды қолданады; - аннотацияны, тезисті

жазу			талапқа сай жазады.
мәтіндегі орфография лық қателерді сөздіктерге сүйене отырып, түзету және редакциялау	-мәтіндегі орфографиялық нормаға сай жазылмаған сөздер мен сөз тіркестерін анықтайды; -анықталған қателерді сөздіктерге сүйеніп, түзетеді.	Қолдану	- мәтіннен орфографиялық нормаға сай емес сөздер мен сөз тіркестерін анықтайды; - қате жазылған сөздер мен сөз тіркестерін сөздіктерге сүйеніп түзетеді.
мәтіндегі орфография лық және пунктуациялық қателерді сөздіктерге, емле ережелеріне сүйеніп, түзету, редакциялау	-мәтіндегі орфографиялық және пунктуациялық қателерді сөздіктерге, емле ережелеріне сүйеніп түзетеді, редакциялайды	Қолдану	-мәтінді мұқият оқып, қателерді анықтайды; -қателерді түзетеді; - ережелерге сүйеніп, дәптерге қайта редакциялап жазады.
мәтіндегі сөздердің тақырыпқа сай орынды қолданылуын тексеру, синонимдік қатармен ауыстыра отырып, лексикалық түзетулер енгізу, редакциялау	-тақырыпқа сай сөздер мен сөз тіркестерін жинақтайды; -синонимдік қатарды тиімді қолданады, мәтінді өзгертеді	Қолдану	- тақырыпқа қатысты синонимдерді орынды қолданады; - мәтінді мазмұнға сай өзгертеді; - мәтін құрылымын сақтап жазады.

Жиынтық бағалаулар

1. **Мақала, эссе және графиктік мәтіндегі жағдайды сипаттау жазу бойынша бағалау критерийі**

Балл	**Сипаттамасы**
9-10	Тақырыптың мазмұнын толық ашады. Оқырманға ерекше әсер беру мақсатымен тіл құралдарын барынша (тұрақты сөз тіркестері, афоризмдер, цитаталар, көркемдегіш құралдар, мақал-мәтелдер т.б.) жанрға сәйкес орынды қолданады. Ойын еркін, логикалық тұрғыдан жүйелі жеткізеді. Сөздік қоры мол. Жанрлық ерекшеліктерді (мәселеге фактілер келтіру, фактінің негізінде субъективті көзқарасын дамыту), жазылу сипатына қарай бірізділікті бастан-аяқ сақтайды. Грамматикалық, стильдік тұрғыдан өте сауатты. Қателері жоқ.
7-8	Тақырыптың мазмұнын ашады. Оқырманға ерекше әсер беру мақсатымен тіл құралдарын (тұрақты сөз тіркестері, афоризмдер, цитаталар, көркемдегіш құралдар, мақал-мәтелдер т.б.) жанрға сәйкес қолданауға тырысатыны байқалады. Ойын логикалық тұрғыдан жүйелі жеткізеді. Сөздік қоры жеткілікті. Жанрлық ерекшеліктерді (мәселеге фактілер келтіру, фактінің негізінде субъективті көзқарасын дамыту), жазылу сипатына қарай бірізділікті сақтайды. Грамматикалық, стильдік тұрғыдан сауатты, бірақ 1-2 ұсақ қате кездеседі.
5-6	Тақырыптың мазмұнын ашуы жеткіліксіз. Жанрға сәйкес тіл құралдарын (тұрақты сөз тіркестері, афоризмдер, цитаталар, көркемдегіш құралдар, мақалмәтелдер т.б.) сирек болғанымен, орынды қолданады. Ойдың логикалық тұрғыдан жүйесі аракідік байланыспайды. Сөздік қоры қанағаттанарлық деңгейде. Жанрлық ерекшеліктерді (мәселеге фактілер келтіру, фактінің негізінде субъективті көзқарасын дамыту) сақтайды, бірақ жазылу сипатында бірізділіктен ауытқу бар. Грамматикалық, стильдік тұрғыдан 2-3 ұсақ және ірі қателер кездеседі.

3-4	Тақырыптың мазмұнын ашуы шектеулі. Жанрға сәйкес тіл құралдарын (тұрақты сөз тіркестері, афоризмдер, цитаталар, көркемдегіш құралдар, мақал-мәтелдер т.б.) сирек қолданады, орынсыздық байқалады. Ойдың логикалық тұрғыдан жүйесі байланыспайды. Сөздік қоры шектеулі. Жанрлық ерекшеліктерді (мәселеге фактілер келтіру, фактінің негізінде субъективті көзқарасын дамыту) ескермейді, жазылу сипатында бірізділік сақталмайды. Грамматикалық, стильдік тұрғыдан 4-5 ұсақ және ірі қателер кездеседі.
1-2	Тақырыптың мазмұнын ашпайды. Жанрға сәйкес тіл құралдарын қолданбайды. Ойдың логикалық тұрғыдан жүйесі жоқ. Жанрлық ерекшеліктерді сақтамайды. Грамматикалық, стильдік тұрғыдан алтыдан көп ұсақ және ірі қателер кездеседі.

2. Жинақы мәтін жазу бойынша бағалау критерийі

Балл	Сипаттамасы
9-10	Оқырманның түсінуіне ыңғайлы етіп бастапқы мәтінді ықшамдап береді. Ықшамдау барысында мәтіннің негізгі мағыналық-құрылымдық бірлігін сақтайды, басы артық элементтерді алып тастайды. Тақырыптың мазмұнын толық ашады. Оқырманға ерекше әсер беру мақсатымен көркем тілдік құралдарды (авторлық сөз оралымдары, тұрақты сөз тіркестері, көркемдегіш құралдар, мақалмәтелдер т.б.) өте шебер қолданады. Сюжеті логикалық тұрғыдан өзара байланысты, жүйелі. Сөздік қоры мол. Жанрлық ерекшеліктерді (сюжеттің болуы, оқиғаға құрылған эпизод, кейіпкерлер жүйесі, кейіпкерлер арасындағы диалог және т.б.), жазу стиліне қарай бірізділікті бастан-аяқ сақтайды. Грамматикалық, стильдік тұрғыдан өте сауатты. Қателері жоқ.
7-8	Оқырманның түсінуіне ыңғайлы етіп бастапқы мәтінді ықшамдап береді. Ықшамдау барысында мәтіннің негізгі мағыналық-құрылымдық бірлігін сақтайды, басы артық элементтерді алып тастауға тырысады. Тақырыптың мазмұнын ашады. Оқырманға ерекше әсер беру мақсатымен көркем тілдік құралдарды (авторлық сөз оралымдары, тұрақты сөз тіркестері, көркемдегіш құралдар, мақал-мәтелдер т.б.) қолданауға тырысатыны байқалады. Сюжеті логикалық тұрғыдан өзара байланысты, жүйелі. Сөздік қоры жеткілікті. Жанрлық ерекшеліктерді (сюжеттің болуы, оқиғаға құрылған эпизод, кейіпкерлер жүйесі, кейіпкерлер арасындағы диалог және т.б.), жазу стиліне қарай бірізділікті сақтайды. Грамматикалық, стильдік тұрғыдан сауатты, бірақ 1-2 ұсақ қате кездеседі.
5-6	Оқырманның түсінуіне ыңғайлы етіп бастапқы мәтінді ықшамдап береді. Ықшамдау барысында мәтіннің негізгі мағыналық-құрылымдық бірлігін сақтауға, басы артық элементтерді алып тастауға тырысады. Тақырыптың мазмұнын ашуы жеткіліксіз. Оқырманға ерекше әсер беру мақсатымен көркем тілдік құралдарды (авторлық сөз оралымдары, тұрақты сөз тіркестері, көркемдегіш құралдар, мақалмәтелдер т.б.) сирек болғанымен, орынды қолданады. Сюжеті логикалық тұрғыдан аракідік байланыспайды. Сөздік қоры қанағаттанарлық деңгейде. Жанрлық ерекшеліктерді (сюжеттің болуы, оқиғаға құрылған эпизод, кейіпкерлер жүйесі, кейіпкерлер арасындағы диалог және т.б.) сақтайды. Жазу стиліне қарай бірізділіктен ауытқу бар. Грамматикалық, стильдік тұрғыдан 2-3 ұсақ және ірі қателер кездеседі.
3-4	Оқырманның түсінуіне ыңғайлы етіп бастапқы мәтінді ықшамдап береді. Ықшамдау барысында мәтіннің негізгі мағыналық-құрылымдық бірлігін

	сақтайды, басы артық элементтерді алып тастайды, бірақ толық емес. Тақырыптың мазмұнын ашуы шектеулі. Оқырманға ерекше әсер беру мақсатымен көркем тілдік құралдарды (авторлық сөз оралымдары, тұрақты сөз тіркестері, көркемдегіш құралдар, мақал-мәтелдер т.б.) сирек қолданады, орынсыздық байқалады. Сюжеті логикалық тұрғыдан байланыспайды. Сөздік қоры шектеулі. Жанрлық ерекшеліктерді (сюжеттің болуы, оқиғаға құрылған эпизод, кейіпкерлер жүйесі, кейіпкерлер арасындағы диалог және т.б.) сақтайды, бірақ толық емес. Жазу стиліне қарай бірізділік жоқ. Грамматикалық, стильдік тұрғыдан 4-5 ұсақ және ірі қателер кездеседі.
1-2	Оқырманның түсінуіне ыңғайлы етіп бастапқы мәтінді ықшамдап беруі байқалмайды. Ықшамдау барысында мәтіннің негізгі мағыналық-құрылымдық бірлігі сақталмайды, басы артық элементтер алынбаған.Тақырыптың мазмұнын ашпайды. Көркем тілдік құралдарды (авторлық сөз оралымдары, тұрақты сөз тіркестері, көркемдегіш құралдар, мақал-мәтелдер т.б.) қолданбайды. Сюжеттің логикалық тұрғыдан жүйесі жоқ. Жанрлық ерекшеліктерді (сюжеттің болуы, оқиғаға құрылған эпизод, кейіпкерлер жүйесі, кейіпкерлер арасындағы диалог және т.б.) сақтамайды. Грамматикалық, стильдік тұрғыдан алтыдан көп ұсақ және ірі қателер кездеседі.

Жалпы алғанда, бағдарлама меңгерген білімдері мен дағдыларын өмірлік жағдайларда қолдана білу ептіліктерін бағалауды, функционалдық сауаттылығын дамытуды қарастырады. Жеке тұлға көзқарасын дұрыс құрылымдап, түсінікті жеткізе алуға, идеяларды тізбектеп, жүйелі жазуға, ақпаратты сауатты жеткізуге, құжаттарды дұрыс рәсімдеуге және оларды өз мақсаттарына қол жеткізу үшін қолдануға баулу көзделген.

Оқытуды ұйымдастыруға әдістемелік нұсқаулар

Тиімді әдіс-тәсілдерді қолдану негізінде оқушылардың жазылым дағдысы қалыптасады, тақырып бойынша алған білімдерін өмірде пайдалана алуды үйренеді, функционалдық сауаттылықтары артады.

Оқу қызметін ұйымдастыру түрлері:

- Тақырыпқа бойынша теориялық дәрістер пен практикалық сабақтар;
- Тақырыпқа сәйкес іздену жұмыстары (мысалы, газет-журнал беттеріне шыққан мақалалармен іздену жұмысын жүргізеді);
- Оқушының жас ерекшелігіне, танымдық қабілетінің мүмкіндік деңгейлеріне сай деңгейлік тапсырмалар;
- Тақырыпқа сәйкес презентация және тест жұмысын ұйымдастыру;
- Топтық, жұптық және жеке жұмыс жасау арқылы танымын дамыту;
- Сыни тұрғыдан ойлауды оқыту әдістері, стратегиялары;
- «Жазылым» дағдысын жүзеге асыруға арналған әдіс-тәсілдер.

Оқыту формалары:

- Дәріс сабақ;
- Практикалық сабақ;
- Сынақ сабағы;
- Қорытынды сабақ.

Мұғалім мен оқушыға арналған қолданылған әдебиеттер тізімі

Мұғалімдер үшін:

1. А. Құлмағамбетова, Тілдік төрт дағды бойынша белсенді оқыту тапсырмалары, оқу-әдістемелік құрал. – 2014. - 54 б.
2. «НАЗАРБАЕВ ЗИЯТКЕРЛІК МЕКТЕПТЕРІ» ДЕРБЕС БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМЫ. ҚАЗАҚ ТІЛІ (оқыту қазақ тілінде жүргізілетін мектептерге арналған) Оқу жоспары. 2018-2019 оқу жылы. 7-сынып.
3. Негізгі орта білім беру деңгейінің 5-9-сыныптарына арналған «Қазақ тілі» пәнінен жаңартылған үлгілік оқу бағдарламасы, 2017
4. Оқыту мен оқудың белсенді әдістері. НЗМ әдістемелік нұсқаулығы. Астана, 2013. - 95 б.
5. Интернет ресурстары

Оқушылар үшін:

1. «Қазақ тілі» оқулығы. Ермекова Т., Отарбекова Ж., Мұнасаева Р. 7-сынып. «Арман-ПВ» . 2017 ж.
2. «Қазақ тілі» оқулығы. Б. Қапалбек, Жолшаева М., Мадиева Т.С. 7-сынып. «Мектеп» баспасы. 2017 ж.
3. «Қазақ тілі» оқулығы. Дәулетбекова Ж., Қосымова Г... ,7-сынып. «Атамұра» баспасы. 2017 ж.

Қосымша

№1 бөлім.

№1 – сабақ. Жазылым жұмысындағы жоспардың маңыздылығы

Нұсқаулық

Мұғалімге

Жазылым жұмысындағы жоспардың маңыздылығы

Сен кез келген мәтінді жазбас бұрын ең алдымен жоспарлап аласың. Қысқа мәтін не телефон арқылы жіберілетін хабарлама жазу үшін де ең алдымен жоспарлау жүзеге асырылады. Сен не жазатыныңды, ең алдымен, өз ойыңда жоспарлап аласың. Жоспарлау біздің не жазғымыз келетінімізді түсінуге көмектеседі. Жоспарлау біздің ойларымыз бен идеялармызды жүйелеп беруге өз септігін тигізеді. Бұл – жазылымның ең алғашқы деңгейі.

Жоспарлау кезінде мен не туралы ойлануым керек?

Кез келген мәтінді жоспарлау кезінде *«Мен қандай мақсат үшін жазамын?»* және *«Мен жазған мәтінді кім оқиды?»* деген сұрақтар төңірегінде ойлану керек. Сонымен қатар сен жоспарлаудың жүзеге асырылуы туралы ойлануың керек. Мәтінді жоспарлаудың бірнеше әдістері бар. Атап айтқанда:

- Идеялар мен ойлардың тізімін жазу;
- Сурет салу;
- Идеяларды стикерлерге жазу;
- Интервью сұрақтарын қою және т.б.

Осы аталған жоспарлаудың түрлері арқылы сен өз ойларыңды белгілі бір тәртіп пен жүйеге келтіре аласың. Сонымен қатар сен тұтас мәтінді ғана емес, оның құрамындағы әр абзац мазмұнын жоспарлай аласың. Жоспарды сен өзің жеке немесе жұбыңмен, не топпен жүргізе аласың.

Жоспарлаудан кейін не істеу керек?

Жоспарлау жұмысын аяқтаған соң, сен өз жазылым мәтініңді жазуды бастай аласың. Ең алғашқы шимай нұсқасын жазғаннан кейін жазған мәтіннің мазмұнын тексеріп, түзету жұмыстарын жүргізу ұсынылады. Бұл түзету жұмыстары деп аталады.

Мәтіннің мазмұндық жағына барлық түзету жұмыстары енгізіліп болғаннан кейін, грамматикалық, орфографиялық және пунктуациялық қателерді түзетуге болады. Осыдан кейін ғана мәтінді жариялауға болады.

Жоспар ***екіге*** бөлінеді:

1. Жай жоспар.
2. Күрделі жоспар.

Жоспар түрі	**Схемасы**
Қарапайым жоспар – мәтінде берілетін деректер бойынша негізгі бөлімдерді атап өту.	I. … II. … III. …
Күрделі жоспар – мәтінде берілетін деректер бойынша негізгі бөлімдермен қатар қосымша бөліктерді де атап өту. Бұл жоспар түрі негізгі тармақ пен олаға қосымша тармақшалардан тұрады.	I. 1) 2) II. 1) 2) III. 1) 2)

Оқушыға

Мәтінді мұқият оқы. Берілген ой сәйкестігіне қарай кіріспе, негізгі, қорытынды бөлімдерді сәйкестендір.

Қонаққа бару мәдениеті

Қонақжайлылық – қазақ халқының бет-бейнесін көрсететін ерекше қасиеттің бірі. Бұл қасиет адамдар арасындағы сыйластықты, бір-біріне деген құрметті арттыра түседі. Адамды тіліне, дініне, ұлтына қарамастан алаламай ас-дәм беру – қонақжайлылықтың белгісі.

«Шақырған жерден қалма» деген ұстанымды ұран еткен жұрт қонаққа барғанда мына кеңестерді естен шығармағаны абзал. Сізді қонаққа шақырды делік, алып баратын сыйлығыңызға қоса үй иесіне арнап гүл алуды да ұмытпаңыз. Шақырған жерге ерте немесе кешікпей дәл уақытында бару – мәдениеттіліктің белгісі. Өйткені тым ертерек болмаса кешігіп келу үй иелеріне де басқа қонақтарға да ыңғайсыз жағдай тудырады. Әрі мұны сыйламау деп түсінуі мүмкін. Дастарқан басында дұрыс отыра білу де тәрбиені көрсетсе керек. Айтылар әңгіме ортақ болуына да көңіл бөлген жөн. Осындай бас қосуда үлкен кісілер көрген-білгендерін жастарға өнеге ретінде ортаға салады.

Кейде қонақтан ертерек кетуге тура келеді. Ондайда басқалардың көңілі бөлінбес үшін рұқсат сұрап, елеусіз шығып кеткен абзал. Қоштасарда үй иелеріне рақмет айтуды ұмытпаған жөн

- Негізгі бөлім — Қонақжайлылық – ерекше қасиет
- Кіріспе бөлім — Қонаққа бару мәдениеті
- Қорытынды бөлім — Әдептілік

№2 – сабақ. Қарапайым жоспар

Нұсқаулық

Мұғалімге

Қарапайым жоспар

Қарапайым жоспарды қалай құру керек?

1. Мәтінді мұқият оқы.
2. Мәтінді бөлікке бөліп, олардың әрқайсысындағы негізгі ойды анықта.
3. Жоспар тармақтарындағы мәтіннің негізгі ойы келесі тармағымен байланысты екенін тексер.
4. Мәтінді екінші рет оқыңыз және негізгі ақпараттардың жоспарда көрсетілгенін тексер.

5. Жоспарды жаз.

Жоспар талаптарын есте сақта:

-жоспар мәтіннің мазмұнын толық қамтуы тиіс.

-тақырыптарда (жоспар тармақтарында) ұқсас тұжырымдар қайталанбауға тиіс..

Мәтінге сүйеніп, жоспар құрылады.

Сөйлеу мәдениетіне мән берсек

Жастардың сөйлеу мәдениетінде көзге түсетін тілдік элементтердің бірі – жаргондар. Құлаққа дөрекі естіліп, ерсі көрінгенімен бүгінгі жастардың бұларды пайдаланатыны өкінішті.

Техникалық терминдерге жастардың, мектеп оқушысының қызығуы екіталай. Ал жаргон сөздер қарапайым, өз орталарында түсінікті болғандықтан оңай қабылданып, тез тіл табысуға ықпал етеді. Мысалы: «Дүкенге барсаң, тіске басар немесе тамақ ала келші» деудің орнына «магазиннен сущняк, хавчик ала салшы», «кешкісін қолың бос болса үйге қонақ болып кет» деудің орнына «кешке если че маған қарай тартыл».

Жаргондарды пайдалану жастардың әдеби сөздік қорларының аздығын көрсетеді. Сондықтан жастарға күнделікті сөйлеу мәдениетінде әдеби тілді пайдалануды қолға алу қажет. Кез-келген мектеп оқушысы таза әдеби тілде сөйлеп кетпесе де, өзге тілдегі сөздерді араластырып, тіл тазалығын бұзбауы тиіс. Олар жаргондарды пайдаланса өз ойын көркем түрде жеткіземін деп ойлайды, бірақ бұл дұрыс пікір емес. Жаргондар эстетикалық жағынан дөрекі болып келеді. Сондықтан оқушы өзін-өзі бұл сөздерден жиіркендіргені жөн, себебі бұл қазақ тіліне төніп тұрған тағы бір қауіп. Бүгінгі оқушы – ол ертеңгі ел беделін көтеруге қалтқысыз қызмет ететін азамат.

I Кіріспе бөлім

- Жастардың сөйлеу мәдениеті.

II Негізгі бөлім

- Жастар тіліндегі жаргондар.

III Қорытынды

- Сөйлеу мәдениетін сақта.

Оқушыға

Мәтіндегі негізгі ақпараттарды түсіне отырып, жоспар құр.

Сұлтан Бейбарыс

Сұлтан Бейбарыс (1225-1277) — Мәмлүк мемлекетінің төртінші сұлтаны . Беріш руынан туған. Жаугершілік заманда, бала күнінде Қыпшақ даласында тұтқынға алынып, жат жерде ерекше ерлігімен, асқан талантымен құлдықтан қайраткерлікке дейін көтерілген, қазақ тарихындағы аса ғажайып тұлға.

1250 ж. шамасында мәмлүктердің әскери әмірі болып тағайындалған. Сұлтан Бейбарыс Мысыр мен Шам еліне билік құрған 1260—77 жж. аралығында крест жорықтарының беті қайтарылып, моңғол қосындарының шапқыншылығы тойтарылды, елдің саяси-әскери беделі жоғарылап, жергілікті халықтың тұрмыс-тіршілігі жақсарды.

Бейбарыс тек қана талантты қолбасшы ғана емес, сондай-ақ, көреген саясаткер ретінде танылды. Ол сол кездің көптеген алыс-жақын мемлекеттермен қарым-қатынас орнатты.

Сұлтан Бейбарыс сол дәуірдің озық үлгісімен көптеген зәулім ғимараттар, көрнекті мешіттер, медреселер мен емханалар, биік қорғандар мен қамалдар салдырды. Олардың бірқатары сақталған. Қарапайымдылығымен және діндарлығымен елге танымал болған.

ҮЛГІ:

1. Қазақ тарихындағы аса ғажайып тұлға	1.Құлдықтан сұлтандыққа жеткен қазақ
2. Моңғол шапқыншылығын тойтарды	2. Сұлтан Бейбарыс билік құрған жыл
3. Бейбарыс – мықты саясатшы	3. Басқа мемлекеттермен қарым-қатынас орнатты
4. Сұлтан Бейбарыс – сәулет өнеріне үлес қосты	4. Сол дәуірге тән құрылыс салумен айналысты

№3 – сабақ. Күрделі жоспар

Нұсқаулық

Мұғалімге

Күрделі жоспар

Күрделі жоспарды қалай құру керек?

1. Мәтінді мұқият оқы.
2. Мәтінді мағыналық бөліктерге бөліңіз және оларға (жоспар тармақтарына) тақырып қой.
3. Әрбір тармақтың мазмұнын мағыналық бөлікке бөл.
4. Жоспар тармақтары мен тармақшаларының біріктірілгенін, онда негізгі ақпараттардың мазмұны толық көрсетілгенін тексер.

Күрделі жоспар құру

- Жазылатын мәтінде қаралатын мәселе, жазылатын ойлардың тереңдігіне қарай жоспар да күрделенеді.
- Күрделі жоспар кіріспеден, негізгі бөлімнен және қорытындыдан тұрады, олардың әрқайсысына жекелеген тақырыпшалар қойылады. Негізгі бөлім кем дегенде 3 бөлімнен тұрады. Күрделі жоспар жазудың өз үлгісі бар.

Мәтіндегі негізгі ақпараттарды түсіне отырып, күрделі жоспар құру:

Достық туралы ойлар

Дүниедегі ең ұлы сезімдердің бірі – достық. Әр адам дүниеге келгеннен кейін, ес білгеннен-ақ жан дүниесіндегі сырын, мұң-шерін тарқатып, қуанышы мен қайғысын бөлісетін дос іздейді. Қандай да бір қиындыққа тап болсаң, оны досыңмен бөлісіп, досыңның ақылын тыңдап, шешім таба аласың. Менің ойымша, басқаға жақсы да адал дос болу үшін, ең алдымен, түсінік, адамды тыңдай білу, ақыл бере білу қабілеті жоғары болуы тиіс.

Достық адамдардың ең алдымен бір-біріне сенуінен басталады. Ол артқан сайын, достық та қатая түседі. Ал бір-біріне сенімі жоқ, дегенмен өздерін дос санайтындар да бар, ол жалған достық – бірде бар, бірде жоқ.

«Достық» туралы нақты ой айтқан философ А.Шопенгауэр өзінің «Өмірлік данышпандықтың афоризмдері» деген еңбегінде: «Нағыз шынайы достық адамдардың бір-бірімен терең, таза және адал қарым-қатынасын қажет етеді. Бұл дегеніміз – досыңыздың қайғысы мен қуанышына ортақтаса білу деген сөз. Осының бәрі адамның табиғи өзімшілдік, өркөкіректік қасиеттерін жояды» деген. Күнделікті өмірде көңіліңе шапағат сәулесін шашып, сенің төрт құбыланды тең ететін айналаңдағы достарыңның басы бұзылмағаны қандай жақсы.

Парсы жазушысы Кабустың әйгілі «Қабуснама» кітабында былай делінген екен: «Ей, перзентім! Мынаны білгейсің: адамға тірісінде доссыз болмайды. Адамның доссыз болғанынан ағайынсыз болғаны жақсы. Бір данышпаннан: «Дос пен ағайынның қайсысы жақсы?» – деп сұрапты. Данышпан «Дос жақсы»,- депті. Сол үшін достарыңның ісі жайында ойла, оларға сәлем-сауқат жіберіп тұр және қамқор бол. Себебі, әркім өз досын жадында тұтпаса, достары да оны есінде сақтамайды, ақырында ол доссыз қалатын болады». Және халықта «Алтын берген – дос емес, ақыл берген – дос» деген мақал бар. Достық – бұл өмірдегі еш нәрсемен бағаланбайтын құндылық.

Дос табу оңай, ал оны сақтау қиын. Сенім мен жарқын көңіл – достықты берік ететін тірек саналады. Өзі шынайы дос бола білген адамның достары да көп болады және жер бетінде өзін жалғыз сезінбейді. Күнделікті өмірде көңіліңе шапағат сәулесін шашып,

сенің төрт құбылаңды тең ететін айналаңдағы достарыңның басы бұзылмағаны қандай жақсы.

Ж.Исакаев

I. Кіріспе. Достың қажеттілігі
II. Негізгі бөлім. Достықтың белгілері
1) Достықтағы сенім
2)Достың қайғысы мен қуанышына ортақтасу
3) Ағайыннан дос жақсы
III. Қорытынды. Достықтың берік болуы

Оқушыға

«Көшпелілердің өнер туындылары» деген тақырыпта мақала жазылу керек делік. Мақалаға күрделі жоспар құр.
ҮЛГІ
Бұл мақалаға мынадай бағытта жоспар құруға болады.
Жоспар
I Кіріспе
- Көшпелілер туралы ұғым.

II Негізгі бөлім
1. Ұсталық өнер.
2. Тоқыма өнері.
3. Зергерлік өнер.

Қорытынды
- Ұрпаққа аманат.

№4 – сабақ. Тезистік жоспар

Нұсқаулық

Мұғалімге

Тезистік жоспар

Тезис жоспар дегеніміз не?

Тезистік жоспар – мәтінді құрылымдаудың бір түрі.

Тезистер тек мәтін құрылымын ғана емес, сонымен қатар мәтіннің әрбір келесі бөлігінде түсіндірілетін негізгі идеяларды түсінуге көмектеседі. Жоғарыда негізделген. Мәтіннің әрбір жеке бөлігі мәтіннің жалпы идеясын толықтыратын айтылғандардың бәрін қорытындылай келе, мәтіннің тезис жоспары негізгі тезистерден тұратын жиынтық деп айта аламыз. Мәтіннің негізгі тезистерін бөліп көрсету үшін мәтіннің негізгі идеясын оқып, анықтап, содан кейін тезисті қысқаша тұжырымдау қажет. Мәтіннің тезис жоспары белгілі бір мәтін құрылымын қамтиды, ал оны құрайтын бөліктер логикалық өзара байланысқа ойды жүзеге асырады, бірақ сонымен бірге оны ішкі жеке бөлімдерге бөлуге мүмкіндік береді. Тезистік жоспардың әр бөлімі сөйлеммен беріліп мәтіннің негізгі идеясын білдіреді. Мәтіннің мән-мағыналық негізі тезис жоспарын құруға негіз болады. Тезис – бұл мәтіннің негізгі идеясын қамтитын қысқаша тұжырым, яғни тезисте бүкіл мәтін бойынша не талқыланатыны туралы айтылады. Тезистің қызметі – қолда бар материалды қорыту, оның мәнін қысқа тұжырымдармен беру.

Тезистік жоспар құру алгоритмі:

- Мәтінді оқып, автордың негізгі идеясын жазып алу керек. Осыдан кейін тезисті тұжырымдау керек, ең бастысы қысқа, бірақ сонымен бірге идеяның барлық жан-жақтылығын көрсетуі тиіс. Тезистік жоспарда нақтыландырудан аулақ болған жөн, өйткені тезистің мәні мәнді жеткізу болып табылады. Тезистік жоспар тұжырымдалғаннан кейін тұжырымдаманың мәтіннің негізгі идеясымен сәйкестігін қайта оқып, тексеру қажет. Егер тезис ауқымды болса, оны мүмкіндігінше қысқартқан дұрыс.
- Бірінші қадамнан кейін жоспардың бөлімдерін немесе негізгі тезистің тақырыптық бөліктерін бөлектеуді бастау керек. Бөлімдерге бөлінген мәтінмен жұмыс істеу ыңғайлы, өйткені абзацтарда белгілі бір ой бар, сондықтан автор абзацта атап көрсеткен сөйлем оның ойының дәлдігі мен жүйелілігіне ықпал етеді. Әр абзацты оқып, тақырыпшаларға жіктеу қажет.
- Әрбір тақырыпшаны біріктіріп тезистік жоспарды құру керек.

Тезистік жоспар – мәтіннің бірнеше абзацтарының тұжырымдық мазмұны. Мысалы,

Театр – ұлы өнер ордасы

I. Сағат 18.30. Абай көшесі бойынан ойып тұрып орын тепкен Ұлы ғимараттың алды адамдарға лық толы. Үнемі осылай. Халқына ауыз толтырып айтарлықтай жасаған еңбегімен есте қалған Ұлы тұлға отыр ескерткіш боп. Иә, өзіңіз де сезіп тұрған боларсыз. Бұл – М.Әуезов атындағы академиялық драма театры ғимаратының алды. Көрерменін көп ұзатпай-ақ жап-жаңа қойылымдармен сүйіншілеп отыратын театр – нағыз рухани байлықтың қайнар көзі.

II. Бірі өзінің сүйікті қойылымының көрермені болып келсе, бірі жаңа премераның тұсауын кеспекке келген. Енді бірі әлдебір қойылымнан шабыт алмаққа келсе, бірі кейіпкерлермен бірге тыныстап, сахна иісін жұтпаққа келген. Осындай ерекше сағынышпен, айрықша аңсаумен келіп, театр табалдырығын аттайтын көрерменіне ой салатындай тамаша қойылым ұсынбақ ниетте театр ұжымы ерен еңбек етеді. Театр – ұжымдық өнер, бір ортақ идеямен – спектакль қою үшін біріктірілген ансамбль.

III. Театр. Зал. Орындықтар. Мұның өзі театрсүйер халық үшін тым ыстық. Жанына медет ізденіп келген әрбір жан сахна шымылдығы ашылғаннан-ақ тына қалады. Өйткені олардың да жүректеріндегі өнерге деген көңіл перделері түріледі. Қойылым басталысымен, әртістердің жай-күйін зерттеп, олармен қатар тыныстайды. Олармен қосыла жылайды, олармен қосылай шаттанады. Себебі олар сахнада әртістермен бірге өмір кешеді.Талай жылғы тарихы бар театрды құрметтейтін халық кезекті қойылымның тез аяқталып қалғанын қаламайды. Өйткені өнердің өресінде рухани гүлденген бұл ортаның киесі бар. Бірталай заманнан уақыт еншілеген кәрі сахнада талай нар тұлғалардың ізі жатыр емес пе?!.

IV. Қойылым соңына жетеді. Шамамен алғанда, екі сағаттай сахна-ғұмырда өмір сүрген әртістер ел алдына шығып иілуде. Қолпаштау! Гүл! Адамның ойлау мен сезу жүйесіне айтарлықтай әсер етсе, театрдың мақсаты орындалды емес пе?! Өнерді ерекше қадірлейтін жандар күн сайын Мұхтар Әуезов атындағы бұл өнер ордасын шапалақ пен қолпаштауға толтырады. Қойылым қойып, одан әртіс рахат алса, оны көріп халық қайраттанады. Әттең, шымылдық жабылды. Қазір ғана көз алдынан жүріп өткен көріністерін театр қабырғасында қалдырмастан, сол әсермен сыртқа шығады халық. Иә, сахна шымылдығы жабылды, бірақ жүректегі ұлы өнерге деген құрметтің ақ шымылдығы ешқашан жабылмайды.

V. Сыртқа шыққан көрермен ғимараттың дәл алдында жайғасқан Мұхтар Әуезов бейнесіне бас иіп, тарасады. Бұл тек Әуезовке ғана емес, өнерге бас ию. Тас мүсінді тау тұлға да құр қарап отырмастан :«Ертең де келіңдер, халқым! Нағыз өнерден рухани қазына жинаңдар!»-деп жатқандай көрінеді.

Келесі күн. Тағы да театр алды адамдарға лық толы. Себебі кеше Әуезов шығарып салып жатып, халқын қайта шақырған...

Тезистік жоспар:

1. Театр – нағыз рухани байлықтың қайнар көзі
2. Театр – ерен еңбектен тұратын ұжымдық өнер

3. Кәрі сахна – нар тұлғалардың ізі қалған киелі орын
4. Ұлы өнерге деген құрметтің ақ шымылдығы шексіз
5. Театрға келу – өнерге бас ию, киелі орынды ардақ тұту

Оқушыға

Қазақша білетін АҚШ қызы

Мектебімізге «АҚШ-тан мұғалім келетін болды» дегенді естіп асыға күттік. Бір күні сабағымызға тобыққа түсетін ұзын белдемше, үстіне сарғыш бешпет киген жиырма бестердегі жас қыз кіріп келді. «Салэмэтсиндэр мэ, балалар! Бугиннэн бастап сэндэргэ агылшын тилин мэн уйрэтемин», – деп күлімсірей қарады.

Тереза Пармер АҚШ-тың Индиана штатынан келген екен. Алғашында қазақшаға тілі сынбай, сәл қиналып жүрді. «Мен сендерге ағылшын тілін үйретемін, сендер менің қазақшамды дұрыстаңдаршы» деп өтінетін. Бірнеше айдан соң-ақ Тереза қазақшаға жап-жақсы төселіп қалды. Қолынан кітап түспейді. «Махаббат, қызық мол жылдарды» бір аптада тауысты. Одан соң «Абай жолын» бастады. Шынымды айтсам, ол романды сол кездері, тіпті, біздің өзіміз оқымаған едік. Тереза үш жыл қазақ отбасымен бірге тұрды. Үй иелері шаштылар әулетінен болатын, сондықтан сенің руыңды сұраса, шаштымын деп айт деп үйретіп қойған екен. Тереза сұрағандардың бәріне күлімсіреп «Шаштымын» дейді.

Тереза Қазақстаннан кетерінде көзіне жас алып тұрып: «Үш жылда әбден бауыр басып қалыппын. Сіздерді қимаймын. Мені қазақ қызы қылып тәрбиелегендеріңіз үшін шексіз ризамын. Америкада бір қыздарыңыз жүр деп білерсіздер…» – деген болатын.

Мәтіндегі маңызды оқиғаларды, ақпараттарды өз кезегімен орналастыр.

Америкада бір қыздарыңыз жүр деп білерсіздер.
АҚШ-тан мұғалім келді.
Қолынан кітап түспейді.
Қазақшаға жап-жақсы үйренді.
Қазақшаға сәл қиналды.
Тереза үш жыл қазақ отбасында тұрды.
Мені қазақ қызы қылып тәрбиелегендеріңізге ризамын.

Дұрыс жауап

Мәтіндегі маңызды оқиғаларды, ақпараттарды өз кезегімен ұйымдастыр.
АҚШ-тан мұғалім келді.
Қазақшаға сәл қиналды.
Қазақшаға жап-жақсы үйренді.
Қолынан кітап түспейді.
Тереза үш жыл қазақ отбасында тұрды.
Мені қазақ қызы қылып тәрбиелегендеріңізге ризамын.
Америкада бір қыздарыңыз жүр деп білерсіздер.

№2 бөлім.
№5 – сабақ. Хат.

Нұсқаулық

Мұғалімге

Хат

Хат деп белгілі адамның екінші бір адамға, бірлестікке, мекемеге арнап жазған жеке туындысын айтамыз.

Хат жазу барысында нақты тұрақталған үлгісі болмаса да, белгілі бір жазу мәнері бар. Хат бірінші жақтан баяндалады.

Нақтылы адресант (хатты жазушы) пен адресаты (хатты қабылдаушы) болуы керек.

Хат құрылымы:

Хат жолдаушының, адресаттың мекен жайы,
аты-жөні оң жақ бұрышқа
жазылады. (кімге, кімнен)

Адресаттың назарын қаратпа сөздер арқылы аударады.
Құрметті, қымбатты, ардақты, т. б.
Хаттың ***бастапқы бөлігінде*** автор:

- адресаттың алдыңғы жазған хаты үшін алғыс айтуы, жағдайы, денсаулығы туралы сұрайды;
- неліктен ертерек хат жазбағаны туралы айтып түсіндіреді.

Хаттың ***негізгі бөлімі*** (2-3 азат жолдан тұруы мүмкін):
Негізгі мәтінде хат жолдаушы өзінің қызықты жаңалықтарымен бөліседі, хат жазудағы себебі туралы айтады.
Хат ***соңында*** автор алдағы уақыттағы байланысты үзбеуі туралы жазады.
Адресатпен қоштасу сөздері.
Көріскенше ..., Сәлеммен ..., Хат жолдаушы ..., т. б.
Автордың қолтаңбасы (аты)

Хатты қағазға жазып, пошта арқылы жіберуге болады. Не болмаса, электронды пошта арқылы жіберуге болады.

Электронды хат жазу

Қазір уақытта хат жазу көп жағдай электронды пошта арқылы жүзеге асады. Ол уақыт жағынан тиімді және тез хабар алмасуға мүмкіндік береді. Электрондық пошта — ғаламтордағы ең танымал қызметтердің бірі. Электронды пошта арқылы мәтіндік құжаттарды, аудио және бейнематериалдарды, суреттерді, яғни кез келген ақпаратты жіберуге болады. Кейбір электронды пошталарда құжаттың көлеміне шектеу болуы мүмкін.

Электронды поштадағы хат құрылымына тоқталатын болсақ. Кәдімгі хаттан аса көп айырмашылығы жоқ. Негізгі бөлімі хат алушымен сәлемдесу, ақпаратты сипаттау не мәселені түсіндіру, тілек не өтініш білдіру, хат иесі жөнінде ақпарат беру бөліктерінен тұрады.

Электронды поштада хат жазудың қадамдары:

1. электронды поштадан «хабарламаны дайындау» бөлігін таңдау керек;
2. ең алдымен «Кімге» бөлігінде хат алушының электронды поштасы жазылады;
3. ал «Тақырып» бөлігінде айтылатын ойдың не ақпараттың тақырыбы жазылады;
4. одан кейін хат алушымен амандасып, негізгі мәселені қысқа түсіндіріп жазу керек. Белгілі бір тілек, не өтініш болса, мәтін соңында көрсетуге болады;
5. хат соңында хат иесінің аты-жөні, қажет болған жағдайда байланыс нөмірі, электронды пошта адресі жазылады;
6. хат дайын болған соң, «жөнелту» деген батырманы басып, хатты жіберуге болады;
7. хатты бір немесе бірнеше адамға жөнелтуге болады.

Үлгі:
Кімге: arman_arman@gmail.com

Тақырып: Жазғы демалыс лагері
Салем, Арман!
Мен жазғы демалысты Алматы қаласындағы лагерьде өткізбекпін. Ата-ана 2 аптаға жіберетін болды. Ол жерде тақырыптық мерекелер, ойын түріндегі танымдық сабақтар, үйірмелер және спорттық жарыстар ұйымдастырылады екен. Сені осы лагерьге бірге демалып қайтуға шақырамын.
Егер бұл лагерь туралы толық білгің келсе, олардың сайттарын жібере аламын.
Ізгі ниетпен, Әліби
Байланыс нөмірі: 8 123 45 67 89
Пошта: alibi_dos@gmail.com
Жөнелту
Хат жазу үлгілері:

Атырау қаласы
Шеврон корпорациясы
Теңіз-кен орнының қызметкері
Абызбаев Темірге
Темірқызы Әселден

Сәлем хат!

Аманбысың асқар таудай, әкешім! Жағдайың қалай? Денсаулығың жақсы ма, әкетайым? Жұмысың жүріп жатыр ма? Қасыңдағы достарың қалай?

Біздің жағдайымыз жақсы. Ауылда достарыммен күнде өзенге шомылатын едік, карантин болғалы шомылуды да қойдық. Еш жерге шықпау керектігі айтылғасын, бәрі үйінде отыр. Мына келген ауру жаман дейді әжем. Көршілеріміз де ауырып қалды. Анам бізге күнде неше түрлі тәтті-пәттілерді пісіріп жүр. Бұл да кетеді, бәрі жақсы болады деп атам қайта-қайта айтып отырады. Әкешім, бізді уайымдама, өзіңді күт, бетпердеңді тастама. Сені бәріміз қатты сағындық. Бізге базарлық әкелмей-ақ қой, өзің аман келсең болды. Өзіңнен жауап хат күтеміз, көрікенше аман бол, әкетайым!

Сәлеммен өзің айтатын тәтті қызың, Әсел!

19.04.2020 жыл

Тараз қаласы
А.Құнанбаев көшесі, 35 үй.
Асанова Гүлнарға
Сейітқызы Жанардан

Сәлем хат!

Салем, қымбатты да сүйікімді досым Гүлнар! Жағдайың қалай? Мектептегі сабақ үлгерімің қалай? Тараз қаласының ауа райына үйрендің бе? Тараз қаласы қандай қала?

Менің жағдайым бірқалыпты. Бұл жақта күн ыстық, сыныптастарыммен бассейнге барып шомыламыз. Қатты ысып кеткенде, тіпті далаға шыға алмай қаламыз. Басыңа күн өтеді деп үйдегілер шығармайды. Тоқсанды 4-пен 5-ке бітірдім. Тарихи Тараз қаласына қыдырғым келеді. Әкем күзде демалысқа шықса, отбасымызбен Таразға барамыз деп отыр. Барған кезде сені көріп, кездескім келеді. Қызықты жаңалықтарым көп. Мен барғанда сен боласың ба, әлде басқа жаққа кетіп қаласың ба? Сені қатты сағындым. Өзіңнен жауап хат күтемін, көрікенше аман бол! Сәлеммен досың, Жанар

12.05.2020 жыл

Эпистолярлық әдебиет жанр ретінде көне дәуірден басталады. Цицеронның, Горацийдің, Сенеканың хаттары эпистолярлық публицистиканың негізін қалады. Кейін хатпен жазылған роман пайда болды. Мысалы, орыс жазушысы Н.М. Карамзиннің «Орыс саяхатшысының хаттары» (1789 – 1792) – эпистолярлық әдебиеттің тамаша үлгісі. Қазақ әдебиетінде Ш.Уәлиханов пен Ы.Алтынсариннің орыс достарына, Абайдың өз туыстарына жазған хаттары – эпистолярлық қымбат мұра.

Ілияс Есенберлин хаттарынан

Раунақ, Вера!

Сау-саламатсыңдар ма? Балалардың дендері сау ма? Біз де аманбыз.

Қазір Бурабайда демалып жатырмыз. Диляра әжептәуір тәуір болып қалды. Туған жері ғой, ауасы, жері жәрдем берген секілді. Өзім Алматыда жүргенде, кенет сырқаттанып қалдым. Сосын бәрін тастадым да, осы жаққа демалысқа жүріп кеттім. Қазір жағдайым жаман емес. Бірақ бұл кесел қауіпті кесел дейді, адам өзін бақпаса болатын емес. Шамам келгенше күтініп көрем. Қозым адам болғанша бұл жалғанда кішкене тұра тұру керек қой.

Кузнецкий мостағы жазушылар дүкеніне менің «Заговоренный меч» пен «Отчаяние» кітаптарым түсіпті дейді. Өзім авторлық кітаптарын алғам. Құдай бұйыртса осы айдың он төртінде Алматыға қайтам, сосын салып жіберермін (егерде ол жақта ала алмасаң).

Диляра бұл санаторийда 20-сына дейін болады. Сосын Көкшетауға барады, онда сол тамыз айына дейін болып қалар. Хатты тікелей үйге жазарсың.

Жалпы жағдай осылай.

Ілияс, Диля

Б.МОМЫШҰЛЫ Ғ.МҮСІРЕПОВКЕ

(Хаттан үзінді)

Құрметті Ғабит. Үш күн болды – аяздың көкпеңбек буы ауылымызды тұншықтыра басып тұр. Қызыл казармалар ағара бозарып, қою тұманның ішінде көгере, мұнарланып көрінеді. Әлемнің танауы қусырылып, ентігіп, иығынан демалып тұрғандай. Үлкейгеніме айдан асып барады: қағаздарға қол қойып, қоқаңдап отырмын. Қызметтен, шаруалардан, тағы басқа айқай-ұйқайдан қол босар емес. Сықырлап келіп қалған Сібірдің қысы аязды шеңгелін бойлата сұғып, қатты жұмыра қысып, аптадан бері саз-сызды сыртымызға шығарып жатыр. «Ауылдың» отын, су әлегі барлық уақытты жалмауыздай жұтып, мойын бұрдырар емес. Оңтүстіктен келген жаңа өспірім, жас жігіттер құралайдың нөсері астындағы арық құнандай дірілдеп, қалшылдап, мына аяздың қысымына шыдар емес. Оларды тонға орап әлпештеудің соңындамыз. Кейіннен дағдыланып, шыныгып кетер деген үміттеміз.

Сізден хат алғаннан кейін адъютантымды жіберіп, Ылғызды таптырып алдым. Онымен өткен айдың 17 жаңасында жолығып, 25-і күні ол жігітке 27 күнге демалыс бердік. Қуана-қуана алды-артына қарамай Мәскеуге тартты ол жігіт.

Оқушыға

Тапсырма үлгісі №1 «Сағат дос» әдісі

Хат құрастырып жазу тапсырмасын бергенде «Сағат дос» әдісін пайдалауға болады.
Оқушылар дәптеріне сағаттың суретін салады.
Негізгі қажетті уақыт 12:00, 15:00, 18:00, 21:00
Сыныпты аралай жүріп қай уақытта кіммен кездесетінін жазады. Адамдармен кездесу қайталанбауы тиіс.
Мұғалім әр уақытты айтқан кезде, оқушылар бір-бірімен жұптасады.

Жұпта талқылаңыздар:
12:00, 15:00, 18:00, 21:00 Осы уақыттарда кездесемін деген адамымен жұп құрап, тақырыпқа сай берілген мәселеге талқылау жүргізеді.
Топтық талқылау.
Сыныппен осы мәселелерді маңыздылығына қарай саралайды.
Тапсырма.
Өзге қалада тұратын досыңызға мектепішілік пікірталасқа қатысқандығыңыз туралы хат жазыңыз. Жазылым барысында пікірталастың мақсатын, қатысушылар, тақырып өзектілі туралы ақпарат беріңіз. Пікірталас соңында қандай шешімге келді, сіздің бұл шешімге көзқарасыңыз туралы жазыңыз.
Хат құрылымын сақтаңыз.

Тапсырма үлгісі №2 «РАФТ» әдісі

«Р А Ф Т» әдісі негізінде хат жазады;

- Р – рөл, кімнің атынан құралған мәтін;	«Discovery Borovoe» балалар лагерінің әкімшілігі
- А- аудитория, кімге жолданған мәтін;	Оқушылар
- Ф – форма (хат)	Хат
- Т – тақырып	Лагерьге шақыру

ҮЛГІ:

Құрметті оқушылар!

Сіздерді «Discovery Borovoe» деп аталатын балалар лагеріне шақырамыз. Бұл лагерьде 7 жастан 16 жасқа дейінгі балаларды қабылдаймыз. Лагерьде әртүрлі шаралар ұйымдастырылады: тақырыптық мерекелер; ойын түріндегі танымдық сабақтар; қызығушылықтарына байланысты үйірмелер; спорттық жарыстар. Орталықтың жабдықталуына тоқталсақ: заманауи тұрғын үй, әртүрлі тереңдіктегі жабық бассейндер, ойын шатыры, заманауи медициналық корпус, арқан паркі, троллей жоларнасы, футбол алаңы, волейбол алаңы, үстел теннисі бар.

Бұл лагерьде сіздерді қызықты демалыс күндері күтуде. Лагерь туралы толық ақпарат қажет болса, хат арқылы хабарласуға болады.

Құрметпен, лагерь әкімшілігі.

№6 – сабақ. Жарнама

Нұсқаулық

Мұғалімге
Жарнама
Жарнама сөзі (франц. reclame, лат. reclamo — жар саламын) — тауарлардың, қызмет көрсетудің тұтынушылық қасиеті туралы ақпарат беру және оған деген сұранысты көбейту мақсатында таратылатын хабарлама. Белгілі бір адамдар, ұйымдар, әдебиет пен өнер шығармалары туралы хабар таратып, оларды әйгілеу.
Жарнаманың қызметі:
1. тауардың өтімділігін арттыру
2. коммерциялық мақсатта
3. жұртшылықты белгілі бір өніммен таныстыру
4. тілдің қолданыс аясын кеңейту

Жарнаманың ерекшелігі: насихаттылығы, тартымдылығы, дәлдігі, түсініктілігі, тосындылығы, көркемділігі, мазмұндылығы.
Жарнама мәтінінің құрылымы.
Бірінші қадам: назарын жаулап алу. Қазақтың болмысын аша білетін заманауи үлгідегі қазақы брендті кигіңіз келе ме? Талғамы жоғары тұтынушыға арналған бірегей, қайталанбас киім үлгілерін ұсынамыз.
Екінші қадам: қызығушылығын ояту. Күнделікті киюге ыңғайлы, ұлттық нақыштағы заманауи сән үлгілерін басқа еш дүкеннен кездестіре алмайсыз. Өйткені біздің дүкеннің тауары бірегей, сапа мен сәнді тамаша үйлестіре алатын тұтынушыларға арналған.
Туған күн иелеріне, зейнеткерлер мен көпбалалы аналарға 20%-дық жеңілдік қарастырылған!
Жеңілдік мерзімі: 1 қараша, сағат 10.00-19.30-ға дейін.
Үшінші қадам: Біздің дүкенде отандық дизайнерлердің авторлық киім үлгілері сатылымда! Біздегі киім үлгілері сапасы мен сәнділігі жағынан европалық брендтермен үзеңгі қағыстыра алады. Сәнді киімдердің әр үлгісі бір ғана данадан тігілген! Бағасы да қолжетімді.
Төртінші қадам: әрекетке ояту: Тапсырыс – сізден, сыйлық – бізден!
Жарнама жазу үлгісі
1. Сіздің жаныңызға жылу сыйлайтын – ұлттық нақыштағы спорттық киім.
2. «Zibroo» брендімен «Jas.kz»компаниясы тігетін ұлттық нақыштағы спорттық киім топтамасынан құр қалмаңыз.
3. Он төрт бұйымнан тұратын топтамаға: салтанатты шеруде киетін костюм, жаттығу киімі, желден қорғайтын костюм, жағасы мен жеңі жоқ жилет, жейде, шолақ шалбар, майка-поло, күнқағары бар қалпақ – бейсболка, шұлықтар, аяққа киетін жеңіл сүйретпелер, кроссовкалар, сүлгі, рюкзак және сөмке кіреді. Бүкіл топтаманы алушыларға ***өте тиімді науқандар*** қарастырылған.
Спорт киімдерінің матасында желден қорғайтын, ауа өткізетін CoolMax – ауа желдеткіш ендірмесі қолданылған. Икемді, серпімді матадан тігілген спорттық киімдер, өзі жұмсақ және пішінін сақтайды.
4. «Zibroo» брендпен,
«Jas.kz» жастармен,
Рухыңды асқақтат
Спорттың төрінен.
Біздің мекен-жайымыз: Нұр-Сұлтан қаласы, Тұран даңғылы 37, «Хан Шатыр» ойын-сауық және сауда-саттық орталығы.

Оқушыға
Төмендегі реттілікті сақтай отырып, жаңа сусынға жарнама мәтінін жазыңыз.
Нұсқаулық:
1) жаңа сусынның сапасы;
2) сусынның атауы;
3) сусынның дизайны (бөтелкеде ме, қорапшада ма?);
4) қарастырылатын жеңілдіктер;
5) сусынның ерекшелігі (адам ағзасына пайдасы, қолжетімділігі, т.б.).

Бағалау критерийлері:
- Жарнама жанрының талаптарын ескереді;
- Жаңа сусынды насихаттайды;
- Рәсімделуі мен құрылымын сақтайды;
- Оқырманның назарын аударатын сөз оралымдарын қолданады.

№7 – сабақ. Хабарландыру

Нұсқаулық

Мұғалімге

Хабарландыру

Хабарландыру – қандай да бір оқиға, шара, қызмет көрсету туралы ресми хабарлау, ақпараттандыру.

Хабарландыру мәтінінің құрылымы

1	**Кіріспе бөлім**	***ХАБАРЛАНДЫРУ*** 2020 жылдың 8-12 маусымы аралығында Алматы қаласындағы «Өсімдіктерді қорғау орталығында» Дүниежүзілік қоршаған ортаны қорғау күніне орай 7-9-сынып оқушылары үшін ***«Өсімдік – жанға шипа, дертке дауа»*** атты оқыту курсы өткізіледі.
2	**Негізгі бөлім**	***Курстың мақсаты:*** • Дәрілік өсімдіктер жайлы мағлұматтар беру, зерттеу жүргізу; • «Қызыл кітапқа» енген өсімдіктерді қорғау. ***Оқыту курсы екі кезеңнен тұрады:*** • Алғашында «Құнды дәрілік өсімдіктер жайлы» дәрістер ұйымдастырылады. • Соңғы күндері «Іле Алатауы мемлекеттік ұлттық табиғи бағында» тәжірибелік жұмыстар жүргізіледі.
3	**Қорытынды бөлім**	***Өтетін орны:*** Алматы қаласы, «Өсімдіктерді қорғау орталығы», Саялы көшесі 16 үй, 3 қабат, «Қысқы бақ» залы. ***Басталуы:*** сағат 10:00.

Оқушыға

«Броундық қозғалыс» әдісі

«Броундық қозғалыс» әдісі негізінде хабарландыру құрастырып жазады;
Сынып ішіне тақырыпқа қатысты мәліметтер мен ақпараттар орналастырылады. Оқушылар бүкіл сынып ішінде қозғала жүріп, берілген тақырып бойынша ақпарат жинайды. Жинақталған ақпарат негізінде хабарландыру жазады.

ҮЛГІ:

ХАБАРЛАНДЫРУ

2020 жылдың 8-12 маусымы аралығында Алматы қаласындағы «Өсімдіктерді қорғау орталығында» 7-9-сынып оқушылары үшін «Өсімдік – жанға шипа, дертке дауа» атты оқыту курсы өтеді.

Курстың мақсаты:

- Дәрілік өсімдіктердің емдік қасиеттерін кеңінен анықтау;
- Туған өлкедегі дәрілік өсімдіктерді анықтап, зерттеу жүргізу;
- Соңғы жылдары азайып, жойылып бара жатқан, «Қызыл кітапқа» енген өсімдіктерді қорғау.

Оқыту курсы екі кезеңнен тұрады:

1. Алғашқы үш күнде «Құнды дәрілік өсімдіктер жайлы не білеміз?» тақырыбында дәрістер ұйымдастырылады.
2. Аптаның соңғы екі күнінде «Іле Алатауы мемлекеттік ұлттық табиғи бағында» дәрілік өсімдіктердің құрамындағы әртүрлі витаминдер мен олардан жасалатын қоспаларға зерттеу жұмыстары өтеді. Осы жердегі дәрілік өсімдіктерді жинау мен дәрі жасау өндірісін қамтамасыз ететін арнайы плантацияларда тәжірибелік жұмыстар жүргізіледі.

Өтетін орны: Алматы қаласы, «Өсімдіктерді қорғау орталығы», Саялы көшесі 16 үй, 3 қабат, «Қысқы бақ» залы.
Басталуы: сағат 10:00.

№8 – сабақ. Мінездеме

Нұсқаулық

Мұғалімге

Мінездеме

Мінездеме – белгілі бір адамды өмірбаяндық, біліктілік тұрғыда мінез-құлқын сипаттай отырып жазылатын іскағазының бір түрі.
Мақсаты – жеке тұлғаның мінезін сипаттау. Үш түрі бар: қызметтік, жеке, аттестациялық мінездеме.

Мінездеме кімге берілгені жөнінде ақпарат	Қазақ спорт және туризм академиясының 2000 жылғы түлегі, еркін күрестен бапкер Мақсат Ахметұлы Нүсіпбековке
Құжат атауы	Мінездеме
Мінездеме берілетін адам туралы қысқаша мәлімет, туған күні, айы, жылы	Мақсат Ахметұлы Нүсіпбеков 1983 жылы Шығыс Қазақстан облысы, Өскемен қаласында дүниеге келген. 1990-2001 жылдар арасында Өскемен қаласындағы № 37 орта мектепте оқыды. Мектеп бітіргеннен кейін Алматы қаласындағы ҚазҰТУ-ға келіп түседі.
Жетістіктері	М. А. Нүсіпбеков қабілетті, білімді, спортқа деген ынтасы зор. Республикалық жарыстарға қатысып, жүлделі орындарға ие болған.
Жеке адамгершілік қасиеттері	Мінезі біртоға, сабырлы, жолдастарына адал. Ұйымдастырушылық қабілеті бар, қиын жағдайда өз бетінше шешім қабылдай алады.
Жазылу мақсаты туралы анықтама	Базалық дайындық деңгейі мен қабілетін ескере отырып, М. А. Нүсіпбековты халықаралық «Спорт. Әлем. достық» студенттік конференцияға жіберу үшін ұсынуға болады.

Мінездеме беруші туралы ақпарат	Ө. А. Байқоңыров атындағы Тау-кен металлургия институтының директоры, т.ғ.д., профессор М.О. Жарасов (қолы)
Толтырылған уақыты	02. 12. 2020

Балқаш қаласы ЖББ
№24 орта мектебінің 2-сынып оқушысы
Абдыкошова Айша Бакытжановнаға

Мінездеме

Абдыкошова Айша 2008 жылы қараша айының 28 жұлдызында дүниеге келген. Айша 2015 жылы 1 қыркүйектен бастап мектепке қабылданған. Дене дамуы өзінің жасына, ортасына сәйкес келеді. Денсаулық жағдайы жақсы.

Оқу материалын қабылдайды, заттар мен құбылыстарды ажыратады. Еске сақтау қабілеті, шығармашылық қиялы орташа деңгейде дамыған. Сөздік қоры жас ерекшелігіне сай. Сауатты, таза жазады, жазу дағдысы жақсы қалыптасқан. Оңқай. Пәндер ішінде математика, бейнелеу, еңбек пәндеріне қызығушылығы мол. Математикалық түсініктері қалыптасуда, 1-ден 100-ге дейінгі сандарды санайды, жазады. Тек сандарды қосу және азайтудан кейде қиналады. Сабақтан себепсіз қалмайды. Мінезі тұйық, көңіл-күйі тұрақты. Өз-өзіне қызмет ете алады. Қойылған талаптарды қабылдайды, тәртібі мектеп ережесіне сай. Эмоциялары: мазасыз емес, сабырлы, әр нәрсеге шыдамдылық таныта біледі. Үзілісте де жүгіру, шулау, қатты сөйлеу деген сияқты жаман қылықтарды көрсетпейді.

Қоршаған орта туралы түсінігі мол, айналасындағы адамдармен тіл табыса алады, сыныптағы балалармен қарым-қатынасы жақсы, кішіпейіл. Тәртібі жақсы.

Әлеуметтік жағдайы жақсы. Үйінен қатынап оқиды.Толық отбасынан шыққан. Сырт бейнесі өте тартымды, жарасымды. Мектеп талабына сай киінеді. Үнемі таза жүреді.

Мектеп директоры Ахметова Қ. Ж.
Сынып жетекшісі Кәрібай Б. Қ.
12.12.2015ж

Оқушыға
Сыныптағы парталас көршіңе мінездеме жаз
ҮЛГІ:

Батыс Қазақстан облыстық дарынды балаларға арналған
мамандандырылған ақпараттық технологиялар
мектеп-лицей-интернатының
7-сынып оқушысы Әли Асқаруға

Мінездеме

Әли Асқаруұлы 15 қараша 2006 жылы Орал қаласында туған, ұлты – қазақ. Қаладағы облыстық дарынды балаларға арналған мамандандырылған ақпараттық технологиялар мектеп-лицей-интернатының 7-сыныбында оқиды.

Әли – сыныбындағы үлгілі оқушылардың бірі.

Әлидің қоғамдық бағыттағы пәндерге қызығушылығы жоғары. Өзіне тапсырылған істерді аса жауапкершілікпен атқарады. Сыныптан тыс өткізілген мәдени және тәрбиелік іс-шараларға белсене қатысады.

Әли – қалалық, облыстық мәнерлеп оқу байқауларының жеңімпазы. «Туған өлке тарихы» атты республикалық байқаудың бас жүлде иегері. Ол Грек-рим күресімен де айналысады. Қазақ, орыс, ағылшын тілдерін жетік меңгерген.

Ә. Асқаруұлы көп балалы отбасында тәрбиеленген. Ата-анасымен, бауырларымен қарым-қатынасы өзара сыйластыққа негізделген, оларға ерекше құрметпен қарайды.

Сыныптағы оқушылармен де, мұғалімдермен де жақсы тіл табыса біледі. Мінезі ашық, ұстамды, сабырлы, кішіпейіл. Қамқор, көмегі қажет болған адамдарға қол ұшын беруге даяр тұрады.

Мінездеме Көкшетеу қаласындағы «Балдәурен» республикалық оқу-сауықтыру орталығында демалу үшін берілді.

Мінездеме беруші: Батыс Қазақстан облыстық дарынды балаларға арналған
мамандандырылған ақпараттық технологиялар
мектеп-лицей-интернатының
директоры Шонбаев Ж. М.
Сынып жетекшісі: Манкишева А. м.
20.05.2024 ж.

№9 – сабақ. Құттықтау

Нұсқаулық

Мұғалімге

Құттықтау

Құттықтау дегеніміз – жақын адамыңды, бауырыңды, туған-туыстарыңды, отбасыңды мерекелік лебіздерге толы тілектермен құттықтау.

Құттықтау ресми іскағаздар стиліне жатады. Құттықтаудың екі түрі бар: ресми және ресми емес (бейресми).

1.***Ресми құттықтаулар*** ресми ұйымдар мен мекемелерді және лауазымды адамдарды құттықтаған жағдайларда арнаулы ресми құттықтау (адресат) түрінде жазылып, жолданады. (Елімізге қатысты өзге мемлекеттердің құттықтаулары, ҚР-ның марапаттаулары) ***Ресми құттықтаулардың*** мәтіні ресми іскағаздар стилінің талаптарына сай ықшам, орнықты келеді, ондағы сөздерді орынсыз өзгертуге болмайды. Ресми құттықтау мекеме қызметкерлеріне, мекеме басшыларына ресми тілде, белгілі тәртіппен жазылады. Ресми құттықтау көбіне жіктік жалғауының 2-жақ сыпайы түрінде жазылады.

2. Бейресми құттықтау бауырына, туған-туыстарына, отбасы мүшелеріне еркін тілде, реңкте жазылады. Мұндай құттықтаулардың мәтіні еркін, сөздері құбылмалы болады. Құттықтаудың өзіне тән тілдік бірліктері, сөз оралымдары болуы керек. Тілдік бірліктерге қаратпа сөз, бейнелі сөздер, тілек мәнді білдіретін сөздер, ізгі ниет пен құрметті білдіретін сөздер жатады, яғни эмоционалды-экспрессивті сөздер басымдық танытады. Құттықтау мәтінінде құттықтаушының эмоциясы, көңіл-күйі, жылы лебіздері айқын байқалады. Құттықтауда тілек мәнді, ізгі ниет пен құрметті білдіретін сөздер орын алуы керек.

Тілдік бірліктер арқылы құттықтаушы адам бауырын, туысқанын, жалпы отбасын мерекемен құттықтап, өзінің жылы лебізі мен тілектерін білдіріп жатқанын байқауға болады.

Ресми құттықтаудың үлгісі:
Аса қадірлі Ажар Мәуленқызы!

№12 мектеп ұжымының атынан сізді 50 жасқа толған мерейтойыңызбен құттықтауға рұқсат етіңіз.

Сіз көп жылдан бері білім беру саласында қажырлы еңбек етіп келесіз. Осы мерзімнің ішінде тыным көрмей, үздіксіз ізденудің нәтижесінде Сіз қаншама шәкіртті тәрбиелеп, оларға сапалы білім бердіңіз. Сіздің оқушыларыңыз – облыстық, республикалық пәндік Олимпиадалардың жеңімпаздары. Сіздің терең біліммен қоса, дұрыс бағыт-бағдар берген түлектеріңіз бүгінде мықты маман ретінде әр түрлі

салада еліміздің гүлденуіне үлес қосып жүр.

Сіз – тәрбиелі ұл-қыз өсіріп отырған ардақты анасыз. Қымбатты Ажар Мәуленқызы, мерейтойыңыз құтты болсын! Сізге мықты денсаулық, шығармашылық табыс, бақытты өмір тілейміз! Еңбегіңіздің жемісін, отбасыңызда балаларыңыздың қызығын көріңіз!

Ізгі тілекпен, №12 мектеп ұжымы
Алматы қаласы
11 қараша 2019 жыл

Құрметті, Бақыт Нұраханқызы!

Қазақстан Республикасы Білім министрлігі сізді кандидаттық диссертация қорғауыңызбен шын жүректен құттықтайды. Біз сізді білікті маман, тәжірибелі ұстаз ретінде зор құрмет тұтамыз. Қазақстандағы педагогика және бала тәрбиесі мәселелері бойынша байыпты еңбектер жарияладыңыз.

Құрметті Бақыт Нұраханқызы, әріптестеріңіз сізді кандидаттық дәрежеге жеткен жетістігіңізбен құттықтайды. Сізге еңбекте табыс, отбасыңыздың амандығын тілейді.

Шынайы ниетпен: әріптестеріңіз.

Бейресми құттықтаудың үлгісі:

Алтын әжем Алтынай!

Асыл әжем, тілеуімізді тілеген, еркелігімізді көтерген, көрмей қалса сағынған! Көңілі кең, жүрегі мейірімді, кеудесі қазына, сөзі қасиетті ақ әжем! Нұрлы жүзіңе жарасқан ақ жаулығыңнан, немересін барлығынан артық жақсы көрген ыстық ықыласыңызға тәнтіміз.

Бар тәттіні аузымызға тосып, қызық ертегісі мен ақыл-өсиетін құлағымызға құюдан жалықпаған біздің дана әжеміз. Сізді бүгінгі 70 жасқа толған мерейтойыңызбен құттықтаймыз!!!

Әжетай! Сізге зор денсаулық, қажымас қайрат, ұзақ өмір және екі дүниенің бақытын тілеймін. Алла сізге күш-қуат берсін! Жасыңыз ұзақ болсын, ауырмаңыз! Ұл-қыздарыңыз бен немере-шөберелеріңіздің ортасында әрдайым жүзіңізден шуақ шашырап, қызығына тоймай жүре беріңіз!

Ізгі ниетпен: немерелеріңіз.

Оқушыға
Досыңды туған күнімен құттықтап, құттықтау жаз.

ҮЛГІ.

Құрметті, досым!

Туған күнің құтты болсын! Денсаулығың мықты, өмір жасың ұзақ болсын. Оқуда озат, ата-анаңа мейірімді бол. Әрқашан да қадамыңа гүл бітсін!

Шын жүрекпен, досың.....

№10 – сабақ. Өмірбаян

Нұсқаулық

Мұғалімге

Өмірбаян

Өмірбаян – жеке адамның өмір жолы хронологиялық тәртіпте қысқаша жасалған ресми құжат. Әдетте оқуға түсу, жаңа қызметке орналасу кезінде жазылады. Онда азаматтың аты-жөні, туған жылы, күні, айы және туған жері, ұлты, отбасы жағдайы, білімі, бітірген оқу орындары, қызметі мен жұмыс тәжірибесі туралы және т.б. қосымша мәліметтер көрсетіледі. Тәжірибеде ***өмірбаян үш түрлі*** болып жазылады.

Бірі-адамның өз өмірі мен қызметі туралы баяндауы. Бұл көбінесе қызметке орналасу кезіндегі жеке іс қағазына қоса тігілу үшін жазылады. Онда адам өзінің аты-жөнін, туған күнін толық көрсетеді. Одан кейін жаңа жолдан нақты деректермен санамалап жазады. Өмірбаянның бұл түрі көбінесе ресми түрде жазылады да, көлемі жағынан шағын болады.

Өмірбаянның екінші түрі – мемуарлар, яғни ақын, жазушылардың, өнер, қоғам қайраткерлерінің өз өмірін қоғам өмірімен байланыстыра баяндауы. Мұндай өмірбаяндар көркем шығармаға жақын, әдеби тілмен, шебер жазылғандығымен оқырманды тартады және ол оқырманды жеке адам өмірімен ғана емес, қоғам дамуымен таныстырады. Мұндай шығармалар кай тілде болмасын өте көп және қара сөзбен де, өлең сөзбен де жазылған түрі кездеседі. Мысалы, Қ. Байсейітовтың «Құштар көңіл» (1977) Ш. Жиенқуловаңың «Өмірім менің – өнерім» (1983) кітаптары өмірбаянның осы түріне жатады.

Өмірбаянның ***үшінші түрінде*** қоғамға белгілі қайраткерлердің өмірі мен шығармашылық, саяси қызметтері өз тарапынан емес, басқа біреулер тарапынан баяндалады. Мәселен, ұлы жазушылар мен ақындар – А.Құнанбаев, Ш.Уәлиханов, А.С. Пушкин өмірлері туралы шығармалар осындай өмірбаян түріне жатады. Мысалы, С.Мұқанов – «Аққан жұлдыз», М. Әуезов «Абай жолы». Өмірбаянның мұндай түрі көркем шығарманың әр түрлі жанрлары ыңғайында очерктен бастап роман-эпопеяға дейін жазыла береді.

Өмірбаянның мазмұндық-құрылымдық жүйесі:

I.Кіріспе бөлім.

1. Құжаттың аты (өмірбаян);
2. Аты-жөні (толық жазылады), туған жылы, айы, күні, туған жері;
3. Ұлты.

II.Негізгі бөлім

1. Білімі, оқыған оқу орындары;
2. Қоғамдық-саяси қызметі.

III. Қорытынды бөлім

1. Ата-анасы, жұбайы, балалары туралы мәлімет;
2. Қазіргі жұмысы, мекенжайы.

Өмірбаян

Мен, Ермахан Сағиұлы Ыбырайымов, 1972 жылы 1 қаңтарда Жамбыл облысының Тельман ауданында дүниеге келдім. Ұлтым – қазақ. 1977 жылы 1-сыныпқа қабылданып, 1982 жылы орта мектепті аяқтадым. 1999 жылы Әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік Ұлттық универтитетінің заңгер мамандығын аяқтадым.

1993 жылдан «Штаттағы ұлттық командалар мен спорттық резерв дирекциясы» спортшы-нұсқаушысы, 2003 жылдан бастап бокстан ҚР бас жаттықтырушысы қызметін атқарып келемін. Қазақстанның сан мәрте чемпионы, Азия чемпионы (1995), XXVI Олимпиадалық ойындардың 71 кг дейінгі салмақтағы қола жүлдегері (Атланта, 1996)атандым. Әлем чемпионатының күміс жүлдегері (Будапешт, 1997), XXVII Олимпиадалық ойындардың 71 кг дейінгі салмақтағы чемпионы (Сидней, 2000) болдым.

Әкем - Ыбрайымов Сағи (1937 жылы туған), фермер. Анам – Ыбрайымова Жәмилә (1942 жылы туған), зейнеткер.

Қазіргі уақытта Әуесқой бокс федерациясының тұңғыш вице-президенті қызметін абыроймен атқарып келемін.

Мекен-жайым:_____

Ыбырайымов Ермахан Сағиұлы_____ж

ӘБУ НАСЫР ӘЛ ФАРАБИ ӨМІРБАЯНЫ

Шығыстың ұлама ойшылы Әбу Насыр әл-Фараби 870 жылы Отырар қаласы, Арыс өзенінің Сырға барып құятын сағасындағы Фараб қаласында дүниеге келді. Фарабидің толық аты-жөні – Әбу-Насыр Мұхаммед Иби Мұхаммед ибн Ұзлағ ибн Тархан Әл-Фараби. Әл-Фараби түрік тайпасының дәулетті бір ортасынан шыққан. Туған жері қазақтың ежелгі қаласы Отырарды арабтар «Барба-Фараб» деп атап кеткен, осыдан барып ол Әбу Насыр әл Фараби, яғни Фарабтан шыққан Әбу Насыр атанған.

Әбу Насыр бала күнінен ғылымға үйір болып өсті, оның бақытына қарай сол заманда Отырарда аса бай кітапхана бар еді. Әл Фараби парсы, грек тілдерін үйренеді, осы тілде ғылыми трактаттар оқиды. Фараб пен Бұқарада бастапқы білім алған соң, әл Фараби өз білімін жетілдіру мақсатында Бағдатқа аттанады. Фарабидің дүниетанымының қалыптасуына Мерв мектебінің ғылыми дәстүрлері мен философиялық бағдарлары өз әсерін қалдырды. Бағдатта әл Фараби ғылым мен әртүрлі пәндерді оқиды. Білімге деген құштарлығының арқасында әл-Фараби сол уақыттағы ғылым мен білімнің ордасы саналған Дамаск, Халеб, Каир, Шаш, Самарқан, Бұхара, Мерв, Нишапур, Рей, Хамадан қалаларында да болып, білімін үнемі жетілдірумен болды.

Әл-Фараби – көрнекті ойшыл, өзінің замандастарының арасындағы ең ірі ғалым, философ және шығыс аристотелизмінің ең ірі өкілі. Өзінің білімділігі мен сауаттылығының арқасында «Екінші Ұстаз» атауына ие болды. Әл-Фарабидің шығармашылық мұрасы орасан зор (150-ге жуық философиялық және ғылыми трактаттар). Ғылыми еңбектерінің ең әйгілісі «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары жайлы трактат» деп аталады. Оның атақты «Музыка туралы үлкен трактат» деген шығармасы әлемнің көптеген тілдеріне аударылған.

Әл-Фарабидің еңбектері күні бүгінге дейін өз мән-маңызын жоғалтқан жоқ. Әл Фарабидің мемлекет, ел басқару жөніндегі тұжырымдары, әлеуметтік-этикалық саяси көзқарастары бүгінгі қоғам үшін де айрықша маңызды. Оның еңбектері еуропалық Ренессанстың өрлеуіне үлкен ықпал етті. Фараби Шығыс пен Батыстың ғылымы мен ежелгі мәдениетін табыстыруда зор рөл атқарды.

Оқушыға

Берілген үлгіні басшылыққа алып, өзіңнің өмірбаяныңды жаз.

Мен, Жүсіпова Ғалия Исақызы, 1983 жылы Қызылорда қаласында қарапайым отбасында дүниеге келдім. Әкем Жүсіпов Иса – зейнеткер, анам Абзалова Әсемкүл – мұғалім.

1991 жылы №13 қазақ орта мектебінің 1-сыныбына қабылданып, 2001 жылы 11-сыныпты аяқтадым. 2002 жылы Қорқыт Ата атындағы университеттің қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі мамандығы бойынша оқуға түсіп, 2006 жылы Үздік дипломмен аяқтап шықтым.

2006 жылы облыстық дарынды балаларға арналған мектеп-интернатына қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі болып жұмысқа қабылдандым. Қазіргі уақытта аталған мектепте оқу ісінің меңгерушісі қызметін атқарамын. Тұрмыстамын, жолдасым, Жүсіпов Данияр, мұнай саласында қызмет атқарады. 4 балам бар. Барлығы мектеп жасында. Мекен жайым: Қызылорда қаласы, Жеңіс көшесі, 98 үй.

Жүсіпова Ғалия Исақызы

04.12.2020ж

№11-12 – сабақ. Шағын мақала

Нұсқаулық

Мұғалімге

Шағын мақала

Мақала – публицистикалық жанр, қоғамдық-әлеуметтік құбылыстар мен оқиғаларды зерттеп, талдау және оларды жинақтау негізінде нақты идея мен ой-пікірді жүзеге асыруға үн тастайды. Мақаланың мақсаты – әдеби өмірде болып жатқан маңызды құбылыстарды, оқиғаларды талдап, бағалау, оның заңдылықтарын ашу, оқырмандарға түсіндіріп отыру.

Мақаланың ғылыми, публицистикалық сипаттары болады. Мақала авторы көтеріліп отырған мәселеге қатысты өз ойларын дәлелдеуге дәйектерді бір дererккөзден немесе бірнешеуінен алуы мүмкін. Мақала – әдеби өмірдің өзекті мәселелерге батыл барып, толымды талдаулар жасауына шамасы да, мүмкіндігі де мол жанр. Мақаланың түрлері: проблемалық, полемикалық, бас мақала, т.б.

Мақала жазу бойынша кеңестер:

1. ***Мақалаңыздың тақырыбын нақтыла***. Бір мақала тек бір тақырыпты ашуы тиістігін ұмытпаңыз. Бірнеше нәрсені қозғап, негізгі тақырыптан ауытқып кетуіңіз мүмкін. Ал бұл өз жолында мәтіннің түсініксіз етеді. Бір мақала — бір мағына, бір тақырып.
2. ***Тақырып қой***. Тақырыбың оқырман аудиториясын бір қарағаннан-ақ қызықтыруы тиіс. Тақырып қою шеберлігі болса тіпті керемет. Себебі тақырып — мақаланың құрылымынан да маңызды. Тақырыпты ашатын қысқаша үш-төрт сөйлем жаз.
3. ***Мақалаңыздың негізгі фактілерін белгіле***. Факт, ой, мағына. Осының бәрін парақшаға сөздермен түсіріп, жоспар құр. Сөйлеммен емес, сөзбен. Енді жоспарыңды оқып шық. Егер ол тақырыбыңа сай болып, мағынасын ашып тұрса, мақала жазуға кіріс.
4. ***Әр сөздеріңе (факт, ой, мағына) бір абзацтан арна***. Барлық абзацтың көлемі (ұзақтығы) бірдей болған жөн. Себебі оқырман мұндай құрылымды тез әрі жеңіл қабылдайды.

Мақаланың құрылымы жайлы ұмытпа:

- кіріспе (негізгі ойға қысқаша тоқталу);
- негізгі бөлім;
- қорытынды (негізгі ойларыңды қорытындыла).

5.***Мәтіннен бос сөздерді алып таста***. Сөйлемдер бастауыш пен баяндауыштан басталғаны дұрыс. Түсініксіз сөйлемдерді ауыстыр. Бір сөйлем 6-7 сөзден тұруы керек.

6. ***Мақаланы дауыстап оқып шық***. Стилистикалық қателер мен теріп жатқан кезде кеткен қателерді жөнде. Қайталанатын сөздерді алып тастап, орнын синоним сөздермен толықтыр!

Міне, енді мақалаң дайын. Басты ережені ұмытпаңыз, мақала жазудың шебері болу үшін — күнделікті мақала жазып жүрген абзал.

Мақала үлгісі

Құсбегілер бәсекесі

Көкбастау ипподромында «Саятшылық» ұлттық спорт түрлерінен халықаралық жарыс өтті. Бірнеше облыстан бүркіт, қаршыға, ителгілерін ала келген құсбегілер құс салудан бәсекеге түсті. Жарысқа Италия, Испания, Венгрия, Ресей, Монғолиядан да осы өнерге ден қойғандар қатысты.

Бұл дәстүрлі жарыс түрі негізінен Еңбекшіқазақ ауданында өтіп келсе, биыл ақындар мен батырлар елінде ұйымдастырылды. «Қансонарда бүркітші шығады аңға, тастан түлкі табылар аңдығанға» деп Абай ақын жырлаған ұлтымыздың қанына сіңген көне дәстүрдің қызығына бұл жолы Жамбыл жұртшылығы батты.

Жарыстың ашылу салтанатында облыстық денешынықтыру және спорт басқармасының басшысы, «Қыран» федерациясы қоғамдық қорының атқарушы директоры, аудан әкімі аппаратының басшысы, «Саятшылық» Ұлттық спорт түрлерінен ҚР бас жаттықтырушысы құттықтау сөз сөйледі. Олар қазақтың жеті қазынасының бірі – қыран құсты халқымыз ежелден жанына жақын еткенін, Ұлы Дала еліндегі саятшылықтың тарихы үш мың жылға кететінін атап өтті. Сол дәстүрді жаңғыртып, жастарға саламатты өмір салтын насихаттап, ұлттың асыл мұрасы – құсбегілікті әлемдік деңгейге көтеру қажеттігін айтты.

Саятшылар бүркіттің томағасын сыпырып жіберіп, қоянға, түлкіге салды, қолға қондырудан шеберліктерін байқасты. Қаршығаны кептерге салып, ителгіні далбайға ойнатудан сайысқа түсті. Күтіп-бапталған қырандардың ұшқырлығы, аң-құсқа түсу ептілігі, кескін-келбеті табиғат аясында төрешілер сынына салынды. Тазы ертіп, құс салып жүргендердің киім үлгілері көз тоярлықтай келісті болды.

Қыраны қырағылық танытқандар іріктеле келе, ақтық сында үздіктері белгілі болды. Жарыс жеңімпаздары құстың үш түрі бойынша

анықталды. Жарыстың тиісті деңгейде өткізілуіне Жамбыл, Қарасай және Іле аудандарының әкімдіктері мен спорт бөлімдері атсалысты.

Оқушыға

Берілген жоспар бойынша көркемдегіш құралдарды пайдаланып, «Этноауыл фестивалі» тақырыбында мақала жаз.

Жоспар.

I. Кіріспе

1. Бурабайдағы этноауыл.

II Негізгі бөлім

1. Көшпенділер өркениетінің көрінісі.
2. Шетелдік қонақтардың таңғалысы.
3. Мәдени шаралардың ерекшелігі.

III Қорытынды

- Баға жетпес қазына.

Мақаладағы көркемдегіш құралдар: ақ шаңқан киіз үйлер, қанат жайған этноауыл, бал татыған қымыз, сыр шертетін қойылымдар, ақ жаулықты аналар.

ҮЛГІ:

Этноауыл фестивалі

Бурабайдағы Абылай хан алаңында этноауыл қанат жайды, ақ шаңқан киіз үйлер тігілді. Ұлттық парк аумағында қанат жайған этноауыл саяхатшылар үшін аса қызықты әрі тартымды болды.

«Атадан қалған асыл мұра» атты алғашқы этнофестиваль көшпенділер өркениетінің көрінісін көпшілік назарына ұсынды. Мұнда қазақтың салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары көрсетіліп, қолөнер бұйымдарының көрмесі өтті. Жастар жағы алтыбақан теуіп, ұлттық ойындар ойнады. Этноауылды шетелдік қонақтар да тамашалады Олар өз таңданысын жасыра алмады. Қазақтың түрлі салт-дәстүрлеріне, ою-өрнекпен зерленген ұлттық киімдеріне, бал татыған қымыз, шұбатына таң қалды.

Мұнда өткен мәдени шарада қазақтың ұлттық салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпынан сыр шертетін қойылымдар көрсетілді. Балалар асық ойнаса, ақ жаулықты аналар жүн сабап, ұршық иіріп, алаша тоқыды. Сан ғасырлар бойы құндылығын жоймаған халқымыздың қолданбалы өнер туындыларына көпшілік тәнті болды. Ұйымдастырушылар оның тәрбиелік мәні зор екенін айтты. Әсіресе, халқымыздың ұмыт бола бастаған салт-дәстүрлерін қайта жаңғыртуға жол ашты.

Қазақстанның бай әрі өзіне ғана тән төл мәдени мұрасы – ол елдің баға жетпес қазынасы. Этнотуризмді дамыту – халқымыздың тарихи құндылықтарын сақтап қалудың бірден-бір жолы.

№13 – сабақ. Нұсқаулық

Нұсқаулық

Мұғалімге

Нұсқаулық

Нұсқаулық мәтін дегеніміз – белгілі бір іс-әрекетті орындау немесе сол іс-әрекетті жүзеге асыру тәсілі мен тәртібін баяндап беретін мәтін түрі.

Нұсқаулық мәтіндері қоғамның әр саласында кездеседі. Мысалы, белгілі бір тағамды дайындау нұсқаулығы, белгілі бір ойын түрін қалай ойнау керектігі туралы нұсқаулық, белгілі бір затты қалай істеу керек туралы нұсқаулығы, қауіпсіздік техникасы бойынша нұсқаулық, дәрі-дәрмекті қолдану нұсқаулығы және т.б.

Иммунитетті көтеру нұсқаулығы

Адам иммунитетін көтерудің ең тиімді тәсілі – салауатты өмір салтын ұстану. Ал біз оқырмандарға ағзадағы әлсіздікті жеңудің 7 жолын ұсынамыз.

1. Дене шынықтырумен айналысыңыз. Асықпай серуендеңіз және ойыңызды табиғатқа бөліп, қоршаған ортаның сұлулығын тамашалаңыз.
2. Жылдам жүріңіз. Ағзаға аздап күш түсірсеңіз, бірінші күні – 1 шақырым, мұнан кейін күндегісін күніге бұл қашықтықты 5 шақырымға дейін жеткізіңіз.
3. Салқын сумен жуыныңыз. Иммунитетті көтерудің бұл түрін де ақырындап бастағаныңыз жөн. Алдымен аяқтарыңыздан бастап салқын су құйыныңыз, сосын белден төмен қарай, сосын иықтан төмен қарай, ең соңында төбеден бастап төмен қарай салқын су құйыңыз. Алғашында 1-2 рет жуынып, уақыт өте көбейтіңіз.
4. Спортпен шұғылданыңыз.
5. Құнарлы ас ішіңіз. Қанты көп тағамдарды және қуырылып дайындалған тағамдарды аз пайдаланыңыз.
6. Пайдалы тұнбалар пайдаланыңыз.
7. Сонымен қатар, иммунитетті көтеруге қышқыл сүт тағамдары, айран, йогурттарды да тұтынып тұрыңыз. Олар ас қорыту жолдарын пайдалы бактериялармен толықтырып, денсаулықтың шынығуына зор үлес қосады

Оқушыға

Жол қозғалысы ережелері бойынша нұсқаулықжаз.

ҮЛГІ:

Жол қозғалысы ережелері бойынша нұсқаулық

1. Мектепке барарда қозғалыс сирек кездесетін көшеден өтетін бағытты таңдап ал.
2. Көшеден тек жаяу жүргінші жолымен өт.
3. Көшеден өтерде сол жағыңа қарап ал. Егер жолдың жүретін бөлігі бос болса – жүр.
4. Көшеден өткенде, бағдаршамның дабылына назар аудар: қызыл – ТОҚТА (барлығы тоқтау керек); сары – НАЗАР АУДАР (келесі дабылды күт(; жасыл – ЖҮР (көшеден өтуге болады).
5. Жолдың ортасына жеткенде, тоқта. Енді оң жағыңа қара. Егер жолдың жүретін бөлігі бос болса, көшеден өтуіңді аяқта.
6. Егер көшеде қозғалыс өте көп болса, басқа ересектерден немесе полиция қызметкерінен көшеден өткізуін сұра.
7. Жаяулар жолымен жүрсең, оң жағымен асықпай жүр.
8. Көшенің немесе жолдың көлік жүретін бөлігіне шықпа.
9. Қақпалар қасынан өткенде, әсіресе, мұқият бол! Қақпадан автомобиль шығуы мүмкін.
10. Жолдың шетінен алыс жиегімен жүр.
11. Көшеде жақын келген көліктің алдынан жүгіріп өтпе.
12. Жақын өтіп бара жатқан көлікке жармасып тіркеспе.

№14-15 – сабақ. Әңгіме

Нұсқаулық

Мұғалімге

Әңгіме

Әңгіме — оқиғаны қара сөзбен баяндайтын шағын көркем шығарма жанры. Әңгіме көркем әдебиет стиліне жатады.

Әңгіменің жанрлық ерекшеліктері оқиғаны баяндау тәсілі, композициялық, сюжеттік құрылымы, көркемдік жүйесі арқылы

айқындалады. Әңгіменің көлемі шағын, кейіпкерлер саны аз, сюжет ұйытқысын құрайтын оқиғаның басталуы, шарықтау шегі мен шешімі болады. Онда адам, оның өмірі мен тағдыры, аса маңызды деген оқиға жинақы беріледі. Мұнда бір айтылған жайларға қайта оралуға, тәптіштеп баяндауға, ұзақ суреттеуге орын жоқ. Әңгіме жанры аз сурет арқылы көп жайды аңғарта білетін айрықша көркемдік шеберлікті талап етеді.
Оқиға көбіне бірінші және үшінші жақтан баяндалып, әңгімешінің оқиғаға тікелей қатыстылығын көрсетеді.

Кез келген тұтас мәтін кіріспе, негізгі бөлім, қорытынды бөлімнен тұратынын есте сақта.
Тақырып – тұтас мәтінге не мәтін бөлігіне арқау болатын ұғым. Мәтіннің тұтас тақырыбы бір, ал оны құрайтын абзацтар кішкене тақырыптардан тұруы мүмкін.

- Қыздың әке күнәсін мойнына алуы
- Қыз бен тақсыр патшасың диалогі
- Төре күнәсінің кешірілуі

Мейірімді бала

Қытай жұртында ескі заң бар, біреуді алдағандығы мойнына түскен кісінің қолын кесетұғын. Бір төре осындай іспен күнәлі болып, әлгі айтылған жазаны беруге тұрғанда, күнәлі төренің жас қыз баласы «әкем үшін жауап беремін» деп, мәлім болды. Қызды патшаға алып келісті.

– Тақсыр патшам, – деді қыз, – менің әкем жазаға лайық болғаны рас, соның үшін қолынан айрылуы керек болды. Мінекей, тақсыр, әкемнің қолы, – деп өзінің қолын көтерді. – Бұл қол да менің жазықты болған атамның қолы, бірақ мұнымен бала-шағаларын асырауға шамасы келмейді. Бұйырыңыз, тақсыр, осы нашар қолын кесіп, жұмысқа жарап, бала-шағаларын асырайтын қолын атама қалдыруға.


Патша баланың мұнша атасына мейірімділігіне рақымы келіп, төренің күнәсін кешті дейді.

Оқушыға

Тапсырма үлгісі №1 «Пазл» әдісі

«Пазл» әдісі арқылы сюжетті суреттердің (фотосуреттер) желісі бойынша әңгіме құрастырады.
Әр топ «пазлдар» (бірнеше немесе бөліктерге бөлінген бір сюжетті сурет болуы мүмкін) алады. Сюжетті суреттерді жинап, желісі бойынша әңгіме құрастырады.
Тапсырма Сен «Уақыт машинасы» арқылы көшпенділер заманына тап болдың. Сондағы әсеріңді қиял-ғажайып әңгіме етіп жаз.



Тапсырма үлгісі №2 «Сөзден – сөйлем, сөйлемнен - мәтін» әдісі

«Сөзден – сөйлем, сөйлемнен - мәтін» әдісі негізінде жанрлық және стильдік ерекшеліктеріне сай көркемдегіш құралдарды орынды қолдана отырып, әңгіме құрастырып жазады.
Шашылған түрлі сөздердің ішінен бір-біріне мағыналық қабыспайтын 3 сөз суырылады. Мысалы, «өзен, қарындаш, аю» деген секілді. Осы үш сөзді кіріктіре отырып, сөйлемдер құрастыру керек. Кімнің сөйлемі қызықты әрі ерекше болатынына көңіл аудару. (Бала қолына қарындаш алып, өзенде шомылып жүрген аюдың суретін салды. немесе Қарындаштай ап-арық бала өзен жағасында тұрып, аюдай ақырып, өгіздей өкіріп жылады. Бірнеше нұсқаның ішінен біреуін таңдап алып, тақтаға жазып қояды да, келесі 3 сөзді суырып, сөйлем құрайды. Одан да бір сөйлем жазып қояды. Соңында тақтада жазылған сөйлемдерді құрастырып, әңгіме жазу керек.

№3 бөлім. Графиктік мәтін
№16 – сабақ. Ақпарат, оның түрлері

Нұсқаулық

Мұғалімге

Ақпарат, оның түрлері

Кез келген мәліметпен танысу барысында оның қай ақпарат түріне жататынын анықтап алған дұрыс. Себебі ақпараттар әртүрлі жолдармен ұсынылғандықтан, оларды түсіну мен талдаудың өз ерекшелігі болады.

Ақпарат – сақтау, түрлендіру, жөнелту және пайдалану нысаны болып табылатын қоршаған әлем туралы мәліметтер. Мәтінде ақпарат сөзін мәлімет не дерек деген сөздермен алмастырып қолдануға болады.

«Ақпарат» термині латынның түсіндіру, баяндау, мәлімет деген ұғымдарды білдіретін «informatio» сөзінен шыққан.

Ақпараттың түрлері

Графикалық	**Акустикалық**	**Мәтіндік**
Кез келген фотосуреттер, блок-схемалар, сызбалар - мұның бәрі ақпараттың графикалық формасы. (кесте, диаграмма, сурет, схема, шартты белгі, т. б.).	Кез келген дыбыс, әуен, ән мұның бәрі ақпараттың акустикалық формасы. (әуен, құстың шырылы, желдің дыбысы, фильм, мультфильм, бейнеролик, т. б.)	Жазбаша мәтін түрінде ұсынылған ақпарат мәтіндік ақпарат деп аталады. (өлең, шығарма, әңгіме, мақала, хабарлама, т. б.).

Графиктік мәтін – ақпаратты сызба, кесте, диаграмма, график, кескін, ауа райы кестесі түрінде беретін мәтіннің түрі.
Графиктік мәтін түрлері:

- Сызба;
- Диаграмма;
- График;
- Карталар;
- Кесте;
- Шартты белгілер;
- Үйдің жоспары;

- Кескіндер.

Графиктік ақпарат түрлерін түсіну және талдау

Кесте (латынша «tabula» – тақта) – деректерді жүйелеп ұсыну тәсілі. Кестеде деректер белгілі бір тәртіп бойынша жолдар мен бағандарға орналастырылады.

Витаминдердің латынша белгісі	**Негізгі қоры**	**Витаминдердің физиологиялық әсері**
С (аскорбин қыш.)	Бұрыш, аскөк, көкжуа, қызан, қырық-қабат, картоп, лимон, құлпынай, итмұрын.	Организмде тотығу реакциясының өтуіне қатысады. Бұл реакция жүрмесе, астың сіңімділігі төмендейді. Қантамырларының жұмысын нашарлатып, құрыққұлақ ауруына ұшыратады, тіс түбі қанайды.
В (тиамин)	бидай, бұршақ, бауыр, бүйрек, жүрек.	Көмірсу, наурыз, май, зат алмасуға қатысады. Ас қорыту мүшелерінің сөл бөлуін арттырады, жүректің жұмысын жақсартады. Ол жетіспесе, бери-бери ауруына ұшыратады, соның әсерінен жүрек, асқазан жұмысы бұзылады.
В1 (рибофлавин)	бидай, бұршақ, бауыр, бүйрек, жүрек, ет, сүт, жұмыртқа.	Ұрықтың ж/е баланың өсіп, дамуына әсерін тигізеді. Ол жетіспесе, ересектерде көздің мөлдір қабықшасы қабынып, катаракта ауруына ұшырайды. Ауыз сілекейінің бөлінуін баяулатады.
В5 (пантотен)	бидай, бұршақ, бауыр, картоп, жұмыртқа, теңіз және мұхит балықтары.	Май қышқылдарын, бүйрек безінің гормондарын, ацетилхолинді түзу үшін керек. Ол жетіспегенде адам әлсізденіп, тез шаршайды, басы айналып, терісі жарылады. Ауыздың шырышты қабықшасы бұзылып, жүйке ауруына ұшырайды.

Диаграмма – нақты процестер мен құбылыстардың өзара байланысын сипаттайтын сандық көрсеткіштердің графика түрінде ұсынылуы.

1-сурет



Шартты белгі – заттар мен құбылыстар туралы графикалық белгілер.

2-сурет



Графиктік ақпарат – схемалар, эскиздер, диаграммалар, графиктер пішіндегі фигуралар немесе бейнелер (көрнекті символдар) түрінде берілетін ақпарат. Сол сияқты графиктер, кестелер, географиялық карталар мен жергілікті жердің карталары, үй-жай жоспары, жерлер, құрылыстар, кіру билеттері, көлік қозғалысының кестесі, сайт карталары т.б. ақпараттар да графиктік ақпараттар болып саналады.


Гафиктік ақпарат тұтас емес мәтіндер форматында болады. Оны әр адам өз бетінше түсініп, негізгі деректері мен шартты белгілері арқылы қабылдап, ұғынады.

Сипаттау мәтіні – белгілі бір заттың, құбылыстың сын-сипатын егжей-тегжейлі сипаттайтын мәтін түрі.

Бұл мәтін түрі табиғат көріністерін, адам бейнесін, портретін т.б. сипаттау, суреттеу кезінде қолданылады.

Оқушыға

Диаграммада берілген мәліметтерді сипаттап жаз



ҮЛГІ:

Желтоқсан айында әлеуметтік желілердің қазіргі жастардың дүниетанымына тигізетін әсерін анықтау мақсатында жоғарғы оқу орны студенттерінің арасында сауалнама жүргізілген болатын.

Бұл сауалнамаға арқау болған тақырып – жастар арасындағы достық мәселесі. Себебі қазіргі таңда жастар арасында ғаламтордан дос тауып, әлеуметтік желілер арқылы араласу, хат алмасу, бір-бірінің суреттеріне «лайк» басу, комментарий қалдыру сынды байланыстар белең алып отыр.

Тақырып бойынша бірнеше сұрақтар қамтылды. Көріп отырғандарыңыздай, сауалнамаға қатысушы жастардың 78%-ы «Достық» ұғымы бүгінгі таңда жастар арасында өз қасиетін сақтап қала алады деген пікірмен келіседі. Алайда жастардың 22%-ы бұл пікірмен келіспейтінін білдірді.

Ал «Ғаламтор желісінде адал дос табу мүмкін бе?» деген сұраққа жауап берген студенттердің 33%-ы «келісемін» деп жауап берсе, 67%-ы «келіспеймін» деп жауап берген.

№17 – сабақ. Мәтін, оның құрылымдық түрлері

Нұсқаулық

Мұғалімге

Мәтін, оның құрылымдық түрлері

Мәтіннің құрылымдық түрлері

Тұтас мәтін	**Тұтас емес немесе дискретті мәтін**	**Аралас мәтін**	**Құранды мәтін**
Тұтас мәтіндер өзара сабақтасқан сөйлемдерден тұрады, олар тарау, кіріспе және қорытындыдан тұрады.	Дискретті мәтіндер кесте, графиктер, диаграмма сияқты мәтіннің ақпараттық бірліктерінен тұратындықтан, басқа оқу дағдыларының әрекеттерін талап етеді.	Аралас мәтіндер тұтас және дискретті мәтіндердің ерекшеліктерін біріктіреді. Аралас мәтін сөз және сөзсіз көрсетілген элементтер арқылы ерекшеленеді.	Құранды мәтіндер мағына ғана емес, формат жағынан да әрқайсысы бір-біріне тәуелсіз әртүрлі /бірнеше/ мәтіндерден құрастырылады.
Тұтас мәтін (көркем әдебиет мәтіндері, репортаж, өлең, пьеса, мақала, есеп, жұлдыз жорамал, техникалық мәтін, заң, ғылыми негіздемелер, нұсқау).	Тұтас емес немесе дискретті мәтін (графика, кесте, диаграмма, жарнама, сканворд, хабарландыру, карта, анкета (сауалнама), құттықтау, комментарий).	Аралас мәтін (тұтас және тұтас емес мәтіндердің сипатын біріктіреді, авторлық веб – парақтар).	Құранды мәтін (бір тақырып, бірақ әр автордың пікірі, ойы. Мысалы, аққу тақырыбына жазылған әрбір ақынның туындысы немесе әр газеттегі бірдей тақырыпқа жазылған материал және бірнеше тақырыпты қамтитын үзік – үзік мәтіндер).

Оқушыға

Берілген мәтінді тұтас мәтінге айналдыр.



ҮЛГІ:

Судың пайдалы қасиеттері

Адам ағзасының 70 пайызы судан тұрады. Ересек адам тәулігіне өз дене салмағының әр килограмына 0,03 л су ішуі керек.

Суды керекті мөлшерде қолдану терідегі ылғалдықты сақтауға көмектеседі, терінің қартаюына қарсы әрекет етеді. Су денедегі шлактар мен қалдықтарды жоюға көмектеседі.

Адамның денесінде су ***тапшы*** болса, бас айналып, ұйқы нашарлап, есте сақтау қабілеті төмендейді. Ағзада су мөлшері жетіспесе, адамның аузы құрғап, басы айналады.

Суды қажетті мөлшерде қолдану – денсаулық пен әдеміліктің негізі**.**

№18-19 – сабақ. Графиктік мәтіндегі деректердің маңызды тұстарын анықтап жазу қадамдары

Нұсқаулық

Мұғалімге

Графиктік мәтіндегі деректердің маңызды тұстарын анықтап жазу қадамдары

Графиктік мәтіндегі (диаграмма, кесте) деректердің маңызды тұстарын анықтап жазу – графиктік мәтіндегі ақпараттың маңызды бөліктерін анықтап жазу.

Бірнеше қадамнан тұрады:

Графиктік мәтіндегі деректердің маңызды тұстарын анықтап жазу қадамдары

- 1-қадам. Кіріспе. Графиктік мәтіннің қай тақырып, сала, мазмұнға құрылғаны
- 2-қадам. Графиктік мәтіндегі деректер туралы жалпы мәлімет беру
- 3-қадам. Графиктік мәтіндегі детальді , маңызды деректерге назар аударып, саралау

- 4-қадам. Графиктік мәтіндегі деректерді қорытындылау

5-кесте. Мемлекеттік ботаникалық бақтар.

р/с	Атаулары	Ұйымдас-тырылған жылы	Жер көлемі	Қорғалатын нысандар	Орналасқан жері
1	Бас ботаника бағы	1932	130	Өсімдіктер бірлестігін сақтап қалу, қорғау, қалпына келтіру, жерсіндіру	Алматы обл. Алматы қаласы
2	Алтай ботаника бағы	1935	154	___	Шығ.Қаз.обл Риддер қаласы
3	Іле ботаника бағы	1946	65	___	Алматы обл. Балқаш ауд.
4	Жезқазған ботаника бағы	1957	62	___	Қарағанды обл. Жезқазған қаласы
5	Маңғыстау тәжірибелік бағы	1972	39	___	Маңғыстау обл. Ақтау қаласы

Графиктік мәтіндегі ақпараттың маңызды бөліктерін клишелер арқылы жазуға болады:

Кестеде мемлекеттік ботаникалық бақтар ***туралы ақпарат көрсетілген.***

Кестеден көрінетіндей, жер көлемі бойынша ең жоғарғы көрсеткішті Алтай ботаника бағы көрсетіп тұр. ***Кестеде*** бес ботаникалық бақтың жер көлемі ***салыстырмалы түрде көрсетілген. Кестедегі деректерге сай*** Бас ботаника ең көне ботаникалық бақ ***болса,*** Маңғыстау ең жаңа тәжірибелік ботаника бағы ***екені аңғарылады.***

Кестедегі мәліметтерге сүйеніп, Алматы облысында екі ботаникалық бақ орналасқан деген қорытынды жасауға болады.

Оқушыға

ТАПСЫРМА №1

Кестедегі ақпараттарды өзара байланыстырып, салыстырып, тұтас мәтінге айналдыр

1-Кесте. Шығу туризмі бойынша кетушілер саны (ТМД елдері бойынша)

	2019 жылғы қаңтар-маусымға	**2018 жылғы қаңтар-маусымға**
Барлығы	4925260	4968813
ТМД елдері:	4370351	4458379
Әзірбайжан	15027	13004
Армения	1143	1292
Беларусь	18812	13004
Қырғызстан	1230048	1193411
Ресей	1922592	2077469
Тәжікстан	3508	3202
Түркменстан	2036	2062
Өзбекстан	1159061	1125221
Украина	18124	30264

2-Кесте. Шығу туризмі бойынша кетушілер саны (ТМД-дан тыс елдер бойынша)

	2019 жылғы қаңтар-маусымға	**2018 жылғы қаңтар-маусымға**
Барлығы	4925260	4968813
ТМД-дан тыс елдер:	554909	510434
Түркия	162831	139405
Қытай Халық Республикасы	93490	89528
Біріккен Араб Әмірліктері	90271	81555
Мысыр	71654	53929
Германия	27310	26493

Тайланд	25298	29072
Оңтүстік Корея	22135	25403
Грузия	16777	15707
Ұлыбритания	6258	6968
Үндістан	7080	8224

ҮЛГІ:

Бірінші кестеде ТМД елдеріне шығу туризмі бойынша ақпараттар берілсе, екінші кестеде ТМД-дан тыс елдерге шығу туризмі бойынша деректер келтірілген. Бірінші кестеде тоғыз ТМД елдеріне шығу туризмі бойынша нақты статистикалық деректер келтірілсе, екінші кестеде он ТМД-дан тыс елдерге шығу туризмі бойынша сандық деректер келтірілген.

Бірінші кестеден ТМД елдеріне шығу туризм түрі бойынша Ресейге шығатын туристердің сандық көрсеткіші Түркменстанға шығатын туристер саны көрсеткішіне қарағанда жоғары екені аңғарылады. Екінші кестеден ТМД-дан тыс елдерге шығу туризмі бойынша ең төменгі көрсеткіш Ұлыбритания мен Үндістанға тиесілі болса, ең жоғарғы көрсеткіш ҚХР мен БАӘ-не тиесілі екенін көруге болады.

Бірінші кестеден шығу туризміндегі 2018 жылғы Әзірбайжан, Беларусь, Қырғызстан, Тәжікстан, Өзбекстанға шыққан туристердің саны 2019 жылы біршама артқанын білуге болады.

Бірінші және екінші кестедегі маңызды ақпараттарды, жалпы деректерді сараптайтын болсақ, 2018 жылғы жалпы сыртқа шыққан туристердің саны 4968813-тен 2019 жылы 4925260-қа қысқарды. Бірінші кестеден елімізден 2018 жылы ТМД елдеріне шыққан туристердің жалпы саны 4458379-тен 2019 жылы 4370351-ке азайғанын көре аламыз.

ТАПСЫРМА №2

Суретті пайдаланып, **Оқушының денсаулығын нығайту** бойынша нұсқаулық жаз.



Мысалы: Үшіншіден, өсімдік майларын мөлшерлеп қолданыңыз және, төртіншіден, бұршақ дақылдарын көбірек жеңіз.

№4 бөлім. Эссе – 6 сағат

№20 – сабақ. Эссе, оның құрылымы, қойылатын талаптар

Нұсқаулық

Мұғалімге

Эссе, оның құрылымы, қойылатын талаптар

Эссе – шағын көлемді прозалық мәтін. Эссеге батыл болжамдар, өткір ұсыныстар, талас тудыратын пікірлер, ойлар, қозғау салармақ байламдар тән. Онда автордың жеке көзқарасы, өзіндік пікірі көрініс табады.

Эссеге мынадай талаптар қойылады:

- еркін композиция
- автор ұстанымы
- баяндау еркіндігі
- тосын
- жаңа пікірге бейімділік

Эссенің түрлері:

1. ***Аргументті эссе.*** Пікірді, көзқарасты растайтын, қолдайтын немесе жоққа шығаратын дәлелдер келтіріліп, аргументтермен түйінделіп отырады.
2. ***Салыстырмалы эссе.*** Бірнеше мәселе талқыланып, олардың арақатынасын ажыратып жазу көзделеді.
3. ***Сипаттамалық эссе.*** Детальдер арқылы жер, зат, адам бейнесіне сипаттама беріледі.
4. ***Хабарламалық эссе.*** Адам өз тәжірибесіне сүйене отырып, өз тұрғысынан, өзіндік көзқараспен оқиғаны сипаттап жазады. Бұл эссе өткен шақта немесе осы шақта жазылады.
5. ***Дискуссивті эссе.*** Екі жақты пікірді салыстырмалы түрде талдай отырып, қорытынды шығарып жазады.
6. ***Анықтамалық эссе.*** Нақты дәлелдер арқылы терминнің мағынасын ашу көзделеді.

Эссенің құрылымы неден тұрады?

Эссе жазу тәртібі әдетте үш қадамнан тұрады.

- ***Кіріспе бөлім***

Кез келген жазбаша жұмыс секілді эсседе де кіріспе бөлім немесе кіріспе болады.

Жақсы жазылған кіріспе оқырманның қызығушылығын оятып, эссені аяғына дейін оқуға қызықтырады. Кіріспе бөлімде мәселенің тұжырымдамасы және оның маңызы, риторикалық сұрақ, дәйексөз және т.б. болуы мүмкін. Сондықтан ерекше эмоционалды түрде ойлана отырып, оқырманды қаралатын мәселеге алып келу маңызды.

- ***Негізгі бөлім***

Басты бөлімде қарастырылып отырған мәселе бойынша әртүрлі көзқарастар келтіріп, мәселенің тарихын қозғауға болады.

Әдетте, негізгі бөлім әрқайсысында үш бөлім болатын бірнеше тармақшалардан тұрады: тезис (дәлелді пікір), дәлелдеу (тезисті дәлелдеу үшін пайдаланылатын дәлелдер) және тұжырым (негізгі мәселеге ішінара жауап). Дәлелдер оқырманды қандай да бір көзқарастың шынайылығына сендіру үшін айтылған пікірлер болып табылады. Бұл өмірден алынған түрлі жағдайлар, ғалымдардың пікірі, дәлелдемелер және т.б. болуы мүмкін.

- ***Қорытындыда*** негізгі бөлімде ұсынылған және әр тезис бойынша тоқталған барлық тұжырымдар біріктіріледі. Ал оқырман берілген дәлелдер негізінде қисынды қорытындыға келуі керек. Соңында мәселе қайта қайталанады және қорытынды шешім жасалады.

Егер кіріспе бөлімнің мақсаты оқырман қызығушылығын тудыру болса, онда соңғы сөйлемдердің мақсаты жалпы суретке (ой) тұтастық қосып, жұмысты оқырманның есінде қалдыру және ойлануға итермелеу болады.

Қазақ халқы өзге ұлт өкілдерін құрметтей ме?

Бүгінде мемлекеттік тілдің мәртебесі туралы аз айтылып жүрген жоқ. Ол туралы заң да бар, нормативтік міндеттер де жетерлік. Баршамызға белгілі қазақ тілі – барша Қазақстанда тұратын халықтардың ортақ мемлекеттік тілі.

Қазақстанда тұратын өзге ұлт өкілдерінің тарихи Отандары бар шығар, бірақ олардың кіндік қаны тамған туған жері – Қазақстан. Сондықтан да «Бір Отан, бір тіл – Тәуелсіз Қазақстан» деп ұрандатуымыз тегін емес. Отаным бір, тіршілік ететін мекенім бір деген тілегің болса, тілің де біреу болуы тиіс дегенді меңзеп тұрғандай. Мәселен, Риддер қаласында мемлекеттік тілді меңгерген өзге ұлт өкілдері республикалық деңгейде жыл сайын әртүрлі шаралар өткізіліп, халықтың мемлекеттік тілге құрметін арттырып келеді. Семей, Өскемен, Зырян қаласындағы жастар түгіл, үлкен кісілердің де қазақша оқып мемлекеттік тілді меңгеруге ниет білдіріп, ықылас танытқандарына куә болып жүрміз.

Дегенмен мұндай үрдіс барлық адамда, барлық облыс, өңірде осындай көңіл қуантатындай деңгейде өтіп жатқан жоқ. Кейбір орыстілді өзге ұлт ағайындарымыз орыс тілінінің Конституциядағы мәртебесіне сүйене отырып, барша қазақ жұртына орыс тілінде мәжбүрлеп сөйлетіп, орысшасы нашар ауыл тұрғындарын келеке ететіндер де бар. Осындайда отандас бауырларымыздың «Көп тіл білсең көкжиегің кең болар, мемлекеттік тілді білгенің жөн болар» деген ұстанымдарын баршаға үлгі еткім келеді.

Сонымен, көпке топырақ шашу жөн емес, мемлекеттік тілді құрметтейтін, оған шынайы жанашырлық танытатын өзге ұлт өкілдері де бар, менсінбей, жатырқайтындар да бар. Бастысы тіл – ұлтты біріктіретін бірден-бір құрал екенін есімізден шығармасақ игі!

Оқушыға

Эссе мәтініндегі уақыт сипаттамасын ретімен орналастыр.

Алтын уақыт

Эссе

Уақыт – бұл біздің өтіп жатқан өміріміз. Біз мұны көбіне біле бермейміз. Уақытымыз өтсе қуанамыз. Адамның босқа кеткен уақытын кері қайтару мүмкін емес. Біз өзіміз уақытты үнемдеп босқа жібермеуге тырысуымыз керек.

Мен бесінші сынып оқушысымын. Өз уақытымды құр босқа өткізбеуге тырысамын. Әрдайым сабаққа дайындалып жүремін. Бос уақытымда көркем шығармалар, қызықты ертегілер оқимын. Әртүрлі үйірмелерге қатысамын. Кейде уақыттың қалай зымырап бара жатқанын түсінбеймін. Ата-бабамыз «Уақыттың босқа өткені, өмірдің текке кеткені» деп бекер айтпаған екен. Меніңше, біз уақытымыз бен күш-қуатымызды дұрыс жұмсай білуге үйренуіміз керек. Біз үшін ең қымбат нәрсе – уақыт. Себебі алтынды кез келген уақытта сатып алуға болады, ал уақытты ешқашан тоқтата алмаймыз. Демек, әрбір сағатымызды дұрыс өткізіп, әрбір күнімізді дұрыс жоспарлап отыруымыз керек. Алтын уақытымызды жақсы істерге жұмсайық. Өскенде уақытымды тиімді пайдалана алмадық деп өкінбейік.

Алтын уақытты аялау туралы ойымды тұжырымдай келе, уақыт бізге берілген үлкен сыйлық, сондықтан алтын уақытымызды қадірлей білейік дегім келеді.

ДҰРЫС ЖАУАП

Өтіп жатқан уақыт

Уақытты ұтымды пайдалану

Біз үшін ең қымбат нәрсе – уақыт

Қажет затты кез келген уақытта сатып алуға болады, ал уақытты ешқашан тоқтата алмайсың

Уақытты уыстан шығарып алмау

Алтын уақытты аялау

№21 – сабақ. Сипаттамалық эссе

Нұсқаулық

Мұғалімге

Сипаттамалық эссе

Сипаттамалық эссе – бұл белгілі бір мекенді, өзіне таныс адамды, іс-әрекет немесе оқиғаны сипаттап не суреттеп жазу. Детальдар арқылы оқырманға сипатталған затты елестеткізу.

Сипаттамалық эссе жазу әдетте бес сезімге дәм, жанасу, иіс, есту және көру қабілетіне әсер етеді. Мысалы: Сен «Қиял-ғажайыптар еліне» саяхатқа шығып келдің. Саяхат барысындағы бір күніңде болған оқиғаны сипаттап жаз (100-120 сөз). Демек кіріспе бөлімінде қиял туралы, қиял әлеміне саяхатқа шыққандығың, негізгі бөлімінде қиял-ғажайыптар еліндегі бір күніңде болған оқиғаны, сезіміңді сипаттап жазып шынайы әсерлер туғызуға, ал қорытынды бөлімінде алған әсеріңмен бөлісуге болады. Әрдайым сезімге жүгіну – жақсы сипаттамалық эссе жазудың кілті. Сипаттамалық ***эссе*** жазуда тақырыптан ауытқымай, өз ойыңды еркін, әрі әсерлі етіп толық жеткіз.

Сондай-ақ «Қиял қанатында» атты көрмеге барғандағы алған әсеріңді, көңіл-күй, эмоцияң қандай болғанын сипаттауға немесе «Қиял әлемі саябағында» қыдырып жүргенде өзің тап болған белгілі бір оқиғаны сипаттап жазуға болады. Әрқашан эссе құрылымын (кіріспе, негізгі, қорытынды) сақтап, қателер жібермеуге тырысу керек.

Эссе құрылымы

Аңдату (кіріспе бөлім)	Эсседің бірінші абзацында не туралы айтқың келетінін және ол сен үшін неге маңызды екенін түсіндір. Эссені тезиспен оқырмандардың назарын аударатындай тартымды сөздерден бастау керек.
Мазмұндау (негізгі бөлім)	Негізгі бөлім бір немесе бірнеше абзацтан тұрады. Олардың саны бөлінген тақырыпшаларға байланысты. Онда сипаттау тақырыбың мен мақсатыңа қатысты нақты мәліметтерді қос. Абзацтарда

	әрқашан сипаттамалық ақпаратты енгіз. Сипаттаған кезде салыстырмалы сезімге жүгін. Сипаттамалық эссе ұмытылмас әсер қалдыруға көмектесу үшін тілдік құралдар өте маңызды екенін ескер.
Қорыту (қорытынды бөлім)	Сенің қорытындың негізгі мәтіннің барлық түйіндерінің қысқаша мазмұны болуы тиіс. Неліктен осы тақырып туралы жазуды ұйғардың және осы тақырып сенің өміріңе қалай әсер етті? Эссең көпшіліктің ойында қалатындай болсын.

Төмендегі кестеден сипаттамалық эссе жазуда берілетін белгілі бір адамды, не мекенді немесе бір оқиғаны сипаттау туралы ақпарат алуыңа болады.

Тапсырма сипаты	**Сипаттамалық үлгі эсседен үзінді**
Сен телескоп арқылы аспан денелерінің қозғалысын көрдің. Аспан денелерінің қозғалысы жайлы 25-30 сөз көлемінде сол ***мекенді*** сипаттап жаз.	Міне, қызық! Телескоптан аспан маған киіз үйдің төбесі сияқты болып көрінді. Аспанда орасан зор Күн тәжі анық көрініп тұрды. Сәлден соң тағы қарадым. Мына ғажайыпты қара! Енді көзім қып-қызыл ғаламшарға түсті. Ол – Марс. Оның бетінде қызыл түсті топырақ бар. Ал ең жарық болып көрінетін Шолпан жұлдызы Күн көрінісімен жоқ болады екен.
Сенің алдыңда аспан әлемінен келген бір жасыл түсті ***адам*** пайда болды. Ол саған өзге әлемнен ұшып келгенін айтты. Осы адамды және оны көрген сәттегі жай-күйіңді 50-60 сөзбен сипаттап жаз.	Мен әлемде адамдардан басқа да тіршілік иелері бар екеніне сенбейтінмін. Енді, міне, солардың бірі қарсы алдымда тұр. Алғашында денемді үрей билеп, қатты қорқып қалғаным да рас. Есімді жиып үлгергенше дене бітімі домалақ келген жасыл түсті адамға тіл бітті. «Мен басқа әлемнен ұшып келген өзге ғаламшарлықпын. Келген себебім, сендермен аспан әлеміндегі құпияларды бөліспекпін. Мысалы, сендер аспандағы жұлдыздардың санын білесіңдер ме?!» дегенде тілім байланып, басымды шайқай бердім.
Атаңнан не әжеңнен аспан денелеріне байланысты ежелгі наным-сенімдер мен соған байланысты атқарылатын әдет-ғұрыптар туралы бір ***оқиғаны*** сұрадың.	Олар Айға сәлем беру ғұрпы туралы: «Ертеде қазақтар жаңа туған Айға тізерлеп отырып, үш рет еңкейіп, сыбырлап сәйлеп тілек тілейді. Жаздыгүні болса, сол тізе бүккен жерінің шөбін жұлып, отқа тастайды. Бұл әдет-ғұрыптың мәні – әулетім оттай қаулап өсе берсін, пәле-қазадан аман болайық дегенді білдіреді» – деп баяндады.

Сипаттамалық эсседе сипатталуы тиіс:

Өзіңе таныс адамды сипаттау.

Өзің жақсы білетін адамды таңда, ол отбасы мүшелерінен, достардан, атақты адамдардан болуы мүмкін. Мысалы: «Менің әкем – менің қамқоршым». Олардың сыртқы келбеті туралы қарапайым жазудан бастап, іс-әрекеті, мінез-құлқы, көңіл-күйі және жеке қасиеттері сияқты күрделі сипаттамаларына дейін сипаттауға болады.

Белгілі бір мекенді сипаттау.

Мекенді қызықты және ерекше етіп сипатта. Бұл сенің қалаң, мектебің, ойын алаңы, не кішкентай кезіңде есіңде қалған мекен, ойдан шығарылған жер болуы да мүмкін. Сенің оқырмандарың сен таңдаған қаланың, мүмкін Алматы немесе өз қалаңның әсемдігін сезінуі керек. Мысалы: «Менің туған қалам – Алматы» т.б.

Белгілі бір оқиғаны сипатта.

Мұнда сен жақында шынайы болған оқиғаны немесе көз алдыңа елестете алатын жол сапарының оқиғалары туралы сипаттай алуың керек. Бұл сенің жазғы демалысың, соңғы көрген киноң, қатысқан спорттық жарысың, мектепте өткен тіл туралы шара немесе т. б. болуы мүмкін. Өз тәжірибең бойынша сезімің мен әсеріңді қоса отырып, іс-әрекет, жай-күйіңді пайдалан. Мысалы: жаз мезгілінде теңізде жүзу тәжірибеңді сипаттау, өзіңнің сүйікті фильміңді және оның саған әсерін түсіндіру т.б.

Сипаттамалық эссе жазу әдетте бес сезімге дәм, жанасу, иіс, есту және көру қабілетіне әсер етеді. Әрдайым сезімге жүгіну – жақсы сипаттамалық эссе жазудың кілті. Бұл жұмыс оқырмандардың эмпатиясын оята алады. Эмпатия – өзге адамдардың жан дүниесін түсіну мен жай-күйін ұғыну қабілеттілігі. Мысалы, автор өзіне таныс адамды, оның сырт-келбеті мен мінез-құлқын, іс-әрекетін, ол туралы оқиғаны, оқиға қай жерде болғанын немесе өзі басынан кешкен оқиғасы туралы айтқысы келгенін, қандай сезімде отырғанын сипаттайды. Ол үшін адамның сезіміне әсер ететін түрлі-түрлі сөздерді қолданады. Олар шынайы сипаттап жазуға, шынайы әсерлер туғызуға көмектеседі.

Сипаттама тілі:

- берілген тақырыпқа байланысты ***тұрақты тіркестер*** (қуанғаннан көзіме ыстық жас үйірілді, тілім байланып қалғандай күй кештім, т.б.);
- адамның сезім өрісінің бай екендігін дәлелдейтін, сезіміне әсер ететін ***эмоционалды-экспрессивті сөздер*** (жұлдыздар бытырай шашылды, абдырап қалды, жүртқа емірене қарайды, маңдайы жарқыраған жүректі сабаз, қаһарлы т.б.)
- ***сын есімдер*** (батыл, қайтпас қайсар, ең кішкентай, өте құбылмалы, ең жарық, сарғыш түсті, көгілдір, өте күшті, қалың қабат, т.б.)
- ***үстеулер*** (ежелден бері, қазір, ақырын, тез, бірден, шалқасынан, емін-еркін, біршама)
- ***көркемдегіш құралдарды қолдану*** (ыстық ықылас, берік байлам, құлшындырған арман, ынтызар жан, құтты мекен, таңғы тыныштық т.б.)
- ***көңіл күйді білдіретін сөздер*** (Пah, шіркін! Міне! Бәрекелді! Мәссаған! Апырым-ай! Қап! т.б.) қолданылады.

Мысал:

Белгілі бір мекенді сипаттау

Марста ауа райы өте құбылмалы. Ал атмосфера қысымы жоғары болғандықтан онда ешқандай тірі жан арнайы скафандрсыз өмір сүре алмайды. Ал менің маңдайы жарқыраған қаһарманым осы мекенге емін-еркін самғап кетті.

Сен астрономиялық олимпиада кезінде Жерден Марсқа ұшу, Марсқа қону, ондағы өмір және оны зерттеу туралы жоспар жасауың керек. Марсқа баратын адамды, сол орынды, ұшу кезінде болған оқиғаларды сипаттап жаз.

Мен бұл күнді ұзақ күттім. Себебі өз батырымды Жер орбитасынан Марс орбитасына жеткізу басты мақсатым еді. Ол үшін маршруттық деректер сызылған жоспарым да дайын.

Менің жоспарымдағы Марсқа жету арманы құлшындырған қазақ баласы өте батыл, қайтпас қайсар. Оның аспан көгіне деген ынтызарлығы ерекше. Міне, ол бойындағы бар күш-жігері мен сенімділігін жиып аспан көгіне аттанды.

Марста ауа райы өте құбылмалы. Ал атмосфера қысымы жоғары болғандықтан онда ешқандай тірі жан арнайы скафандрсыз өмір сүре алмайды. Сондықтан жүздеген компоненттен дайындалған шыдамды скафандр киген қазақ баласы Марсқа еш қиындықсыз қонды.

Марстағы өмір туралы айтсақ, әзірге ол жақта тіршілік бар екенінің ешқандай дәлелі табылмады, бірақ Марста мұз көп. Демек

Марста қазір де, өткен заманда да тірі ағзалар болуы ықтимал деген болжам бар.

Жоспар бойынша Марстағы зерттеу барысында ғаламшар беті суретке түсіріліп, көптеген ғылыми өлшеулер жүргізіліп, бізге хабар жеткізіліп отырылу керек. Марсты бағындырған менің батырым «Бұл ғаламшар болашақта біздің екінші үйіміз болады» деген болжамды растап зерттеуі тиіс.

Қорыта айтқанда, менің бұл жоспарым іске асса, ғарыш көрген төртінші қазақ баласының жаңалығына бүкіл әлем көз тігетін болады. Ол қазақ халқының атын ғарыш әлеміне жазып келетін батыр.

Оқушыға

Ұсынылған тақырыпта сипаттамалық эссе жаз.

Сен өзіңді турист ретінде Марс планетасына бірінші рет ұшып келдің деп елестет. Ондағы адамдардың бәрі сенің ана тіліңде қазақша сөйлеп жүр. Сені қатты таңғалдырған әсер мен өз сезіміңді сипаттап жаз.

Үлгі:

Міне, ғажап! Өз көзіме өзім сенбедім! Осындай да таңғажайып болады екен-ау! Маған Марс планетасына жолдама... Мүмкін емес деп көзімді уқалап жіберіп қайта қарадым. Рас екен!... Тілім күрмеліп қалды, аяғым да өз еркіме бағынар емес...

Ғарыш кемесінің есігі ашылғанда, алдымен құлағыма таныс дауыстар естілді. Басында құлағым шудан осы дауыстарды естіген болар деп ойладым. Жоқ, олай емес екен. «Қош келдіңіз, төрлетіңіз!» деп қазақша таза сөйлеп тұрғандарды көргенде аузым аңқиды да қалды. «Сіздер кімсіздер?» дедім сасқанымнан. «Біз осы Марстың тұрғындарымыз» деді олар. «Қызыл» планетадағы адамдар қазақша сөйлейді деген үш ұйықтасам түсіме кірмесе керек.

Жүрегім аттай тулап, ол адамдарды құшақтап сүйіп алуға шақ қалдым. Көзіме ыстық жас үйірілді, аяғым дірілдеп, маңдайым шып-шып терлеп, жүрегім аузыма тығылғандай күй кештім. Бірер минутта қобалжуымды басып, есімді жиып, «Ал қазақ тілін қайдан білесіздер?» деп сұрайын десем, тілім байланып қалғандай. Олар да бұны түсінгендей «Сендердің тілдерің ғажайып тіл ғой, оны меңгеру бізге қиын болған жоқ» деп тақылдай жөнелді, ал екінші орта бойлы келген аққұба қыз «Қазақ тілі – әлем тілдері арасында ең әуезді ғана емес, ең бай тілдің бірі» дегенде күш-қайратым таусылып, жерге отыра кеттім.

Көзілдірік тағып, әскери киінген үшінші біреуі де іліп алғандай «Ғалымдардың пікірінше, ең бай саналатын араб тілінде 12 миллион 300 мың, ағылшын тілінде – 750 мың, ал қазақ тілінде 600 мың сөз бар. Яғни тіл байлығы жағынан әлемде үшінші орында тұр» деп қарап тұр. Тағы бір ұзын бойлы жас жігіттің «Біз, Марс тұрғындары, бір-бірімізбен қазақ тілінде сөйлесеміз» деуі мұң екен, аспан айналып жерге түскендей күй кештім.

Бір мезетте «Алтын күн аспаны...» деген жүрек тебірентер сөздерді естігенде елім, жерім, көк байрағымды көз алдыма елестетіп, көзім қарауытып, бір сәт басым айналып кетті. Барлық қайратымды бойыма жиып, терең тыныс алып, маған қосымша күш берген әнұранымның екінші жолына қосылып, оң қолымды сол жақ кеудеме қойып, әнұранды бұрын-соңды болмаған мақтаныш сезіммен орындадым.

№22-23 – сабақ. Дискуссивті эссе.

Нұсқаулық

Мұғалімге

Дискуссивті эссе

Дискуссивті эссе дегеніміз не?

Дискуссивті эссе жазу барысында сен берілген тақырыпты екі жақтан да зерттейсің. Мәселенің оң және теріс жақтарын қарастырып, соңында өз шешіміңді қабылдайсың. Бұл эссенің мақсаты – оқырманға бір немесе бірнеше мәселені және осы мәселенің шешімдерін ұсыну болып есептеледі.

Дискуссивті эссенің бұл түрін кей кездері «Мәселе және шешім» эссесі деп атап та жүр. Бұл эссенің мақсаты – оқырманға бір немесе бірнеше мәселені және осы мәселенің шешімдерін ұсыну болып есептеледі.

Дискуссивті эссенің құрылымы

Дискуссивті эссенің құрылымы мәтіннің көлемі мен оның тақырыбына байланысты.

Дискуссивті эссенің ***кіріспе*** бөлімінде ***жалпы пікір*** мен ***сол мәселеге қатысты анықтамалар*** *беріледі.*

Негізгі бөлімде осы тақырыпқа қатысты оң және теріс ***аргументтер*** жазылады. Бұл бөлімнің құрылымы ***пікірден, негіздемеден, дәлелдемеден және нақтылаудан*** тұратынын білесің.

Қорытынды бөлімде барлық негізгі мәселелер түйінделіп, ***қысқаша шолу*** жасалып, ***қорытынды ой*** жазылады. Қорытынды ойда мәтін авторының ***пікірі*** баяндалады.

Дискуссивті эсседе қолданылатын тілдік оралымдар

Біріншіден ... , ең алдымен ... , ең маңыздысы... .

Екіншіден ...

Сараптай келе ... , талдайтын болсақ ...

Түйіндей келе ..., сайып келгенде ... ,

Мәселені шешу эссесінің құрылымы әртүрлі болуы мүмкін.

1-нұсқа:

Кіріспе	Жалпы пікір Белгілі ақпарат	Жалпы түсініктеме беріп, талқылау аргументі анық көрсетіліп тұру керек (атауын өзгертіп жазу, перифраз жасап беруге болады). Автордың пікірі кіріспеде тура немесе жанама түрде айтылып кетуі мүмкін. Эссенің мақсаты – осы эсседе талқыланатын мәселені белгілеп көрсетіңіз (мысалы, мәселелер және оның шешімі).
Негізгі бөлім	Пікір Негіздеме Дәлелдеме Нақтылау	Детальді абзацтар: 1 абзац – тақырыпқа қатысты МӘСЕЛЕЛЕРДІ анық белгілеп көрсету, мәселенің салдары, одан шығатын зардаптар қандай екенін жазып кету керек. 1-2 абзац – аз дегенде 2 шешу жолдарын ұсынып, шығатын нәтижеге болжам жасайды.
Қорытынды	Қорытынды	Өз идеяларынды қорытындылай, өз пікіріңді нақты білдіріп жазу.

Аргументативті эссе жазу бойынша нұсқаулық

Петропавл, 2017 ж.

Жасанды интеллект адамды алмастыра алады ма?

Қазіргі заманда технологиялар қарқынды дамып келе жатыр. Тіпті сыныпта да жаңа технологиялар дағдылы құбылысқа айналды. Қазіргі кезде олардың сыныптағы рөлі жайлы мәселе талқыланып жатыр. Кейбір адамдар нәтижесінде роботтар мұғалімдерді алмастыра алады десе, басқалары мұғалімнің сыныптағы рөлі ерекше деп пайымдайды. Бұл аргументті екі жақты пікірді қарастыра отыра,

негізделген қорытынды жасауға болады.

Уақыт өте келе робот-мұғалімдер болашақта мұғалімнің орнын алуы мүмкін. Адамның дене қабілетімен қатар ойлау қабілетін жаңа технологиялар қарқынды имитациялайтынын көруге болады. Мысалы, бүгінде робот Honda Азимов өзі жүре алады, адамның қимылын дәл қайталай алады. Осыдан мұғалімнің орнын робот алмастыра алады деген аргумент қолдау тауып отыр.

Бірақ роботталған мұғалімдерде түрлі елеулі кемшіліктері болады деген де пікір бар. Жасанды интеллектісі бар мұғалім өз оқушыларын қадағалай алмайтындығын ескерген жөн. Мысалы, сыныпта балаларға мұғалімнің қадағалауы, сабақ үстінде олар тәртіпті бұзбай, тапсырманы орындап жатқанын бақылауы керек. Өкінішке орай, робот-мұғалім оны қамтамасыз ете алмайды. Осыдан роботтар сыныптағы мұғалімнің орнын алмастыра алмайтындығы түсінікті.

Жалпы, кейбір компаниялар адамның әрекетін дәл қайталайтын машиналар жасауда үлкен жұмыс атқарды, бірақ студенттердің оқуын бақылайтын мүмкіндіктері туатыны екіталай. Сыныпты басқару дағдысынсыз мұғалімдердің орнын жасанды интеллектісі бар роботтар алмастыра алуы де екіталай. Бұндай өзгерістерді енгізу үшін оқушылар мен мектепке мүлдем басқа көзқарас қажет болады.

Аргументативті эссе жазу бойынша нұсқаулық

Saule Zikirina, Michael Chittenden, Daniela Degiorgio, Assylbekova Zhanar, Kanafina Zhanar

Петропавл, 2017 ж.

Оқушыға

«Жағымды, жағымсыз, даулы» әдісі

«Жағымды, жағымсыз, даулы» әдісі негізінде тақырыпқа сай дискуссивті эссе жазады.

Оқушылар шағын топтарға біріктіріледі. Әр топ оқылған әңгімені немесе мәтінді (http://massaget.kz/jigitterge/psihologiya/14233/) «жағымды, жағымсыз, даулы» мәселелерге бөліп, талқылап, өз идеяларын айтады. Содан кейін әр топқа тек бір мәселені бөліп беріп, олар үлкен топқа өз идеяларын ұсынады, ал басқа топтар толықтырып немесе қарсы пікірлер айтуына болады. Пікірлерінен маңызды деген бірнеше мәселені бөліп, жоспар бөлімдеріне айналдырады.

Тапсырма. «Ұл мен қыздың дос болуы мүмкін бе?» немесе «Ұлдар арасындағы достық берік пе, әлде қыздар арасындағы достық па?» тақырыбына дискуссивті эссе жазу.

Эссе жазуда орфографиялық норманы басшылыққа алу.

№24-25 – сабақ. «Келісу, келіспеу» эссе

Нұсқаулық

Мұғалімге

«Келісу, келіспеу» эссе

«Келісу, келіспеу» эссесі – ұсынылған тақырыптан ауытқымай, ой жүйелілігін сақтап, көтерілген мәселе бойынша өз ұстанымын анық көрсетіп, келісу-келіспеу себептерін дәлелдеп жазу.

Келісу-келіспеу эссесі өте жиі кездесетін жазылым түрі болып табылады. Біз қоғамда орын алған әртүрлі жағдайға немесе оқиғаға байланысты біз өз пікірімізді білдіріп жатамыз. Біздің пікірлеріміз бір адамдардың пікірлерімен ұқсап жатса, екінші адамдарға қарсы келіп жатады. Бұл – даму заңдылығы. Алайда пікірдің шынайылығы, сенімділігі маңызды. Ол пікірдің талданып отырған тақырыпқа сай келуіне, оны ашуына, негіздеуіне тәуелді.

Келісу-келіспеу эссесін жазуда тақырыпты түсіну, оның қайшылығын анықтау маңызды болып келеді. Тақырыптағы негізгі қайшылықты қалай анықтауға болады? Оның қалыптасқан жолы бар ма? деген сұрақ туады.

Қайшылықтың табиғаты 3 түрлі болып келеді:

1) қабылданған заң мен оның орындалуы арасындағы қайшылық. Мысалы, жолды жаяу жүргінші белгісі бар тұстан кесіп өтуі керек. Егер белгі қойылмаған жерден өтсеңіз, ол – ережені бұзу, заңға бағынбау болып табылады. Сонда осындай қайшылықтан «Жол ережесін үнемі сақтап жүрміз бе?» деген тақырыпқа өз пікіріңді білдіре аласың;

2) мүмкіндік пен қалыптасқан шындық арасындағы қайшылық: адам өз мүмкіндігін дұрыс пайдаланбай отырса, мүмкіндік пен қалыптасқан жағдай арасында қайшылықты анықтауға болады. Мысалы, мектеп кітапханасының қызметі мен оқушылардың онда барып, зерттеу жұмыстарын жүргізуі, кітаптарды оқуы арасында толық үйлесімділік болмауы мүмкін. Басқаша айтқанда, оқушылар кітапханаға барып, кітап оқымайды, зерттеу жұмыстарын жүргізбейді. Бұл қайшылық бойынша мынадай тақырып ұсынуға болады: «Кітапхана оқушылардың ізденіс әрекетінің орны болуы керек». Осы тақырып бойынша әр оқушы өзінің келісетінкеліспейтінін айтады, өз пікірін білдіреді;

3) адамның қажеттілігі мен қалыптасқан жағдай арасындағы қайшылық. Бұл қайшылықты басқаша былай беруге болады: «Менің істегім келеді, бірақ ол зат менде жоқ». Бұл қайшылық адамның ішкі қажеттілігі мен оны орындаудың мүмкіндіктері арасындағы қайшылықты білдіреді. Мысалы, «Мамандық таңдау қиын ба?», «Уақытты тиімді пайдалануды үйрену керек».

Эссені жазу барысында жауаптың бірін таңдау керек: «келісемін» не болмаса «келіспеймін». Келісу-келіспеу немесе пікір эссесін жазу үшін алдымен тақырып бойынша ойды дамытып, өз пікірлеріңді анықтауың керек. Таңдаған жауабыңа сай ойыңды дәлелдеп шығасың. Егер келіссең, келіскендігіңді, ал егер келіспесең, онда келіпейтіндігіңді дәлелдеп шығасың.

Келісу/келіспеу эссесінің құрылымы:

Кіріспе (2-3-сөйлем) •	• **Мәліметті өңдеп жазу;** • **Мәліметке жеке көзқарс білдіру;** • **Келісу/келіспеу себебін көрсету.**
Негізгі бөлім	• **Келісу/келіспеу себебін дәлелдейтін тақырыптық сөйлемнен бастау;** • **Тақырыптық сөйлемді егжей-тегжейлі түсіндіру;** • **Мәлімдемені дәлелдейтін, қолдайтын мысал келтіру;** • **Қысқа тұжырым жасау (сонымен, қысқасы сөздері арқылы жасалады).** Келісудің/келіспеудің бірнеше себебі көрсетіледі, оны ***тақырыптық сөйлем*** деп атайды. Тақырыптық сөйлем деген идеяның қысқаша мазмұны. Берілген идеяға толығырақ тоқталып, не айтқың келетінін нақты түсіндіру керек, яғни көзқарасыңды білдіресің. Көзқарасыңды растайтын аргументтер келтіріледі. Қандай да бір көзқарастың шынайылығына сендіру үшін өмірден, әдеби шығармалардан мысал келтіреді.
Қорытынды	• **Негізгі ойларды жинақтап, қорытындысын шығару;** • **Қорытындыда жаңа ойға идея қосуға болмайды.** Кіріспедегі ойды өңдеп жазу және негізгі бөлімдегі екі дәлелді қорытындылау.

Келісу\келіспеу эссесінің жазылу үлгісі

Тақырып: Қазіргі таңда әлемнің мемлекеттері көп тілді, әсіресе, ***халықаралық тілдерді*** меңгеруді ***маңызды міндет*** деп санайды. Бұл оймен ***келісесің бе, әлде келіспейсің бе ?***

Кіріспе

Бүгінгі таңда дамыған мемлекеттер халықаралық тілдерді меңгерудің маңыздылығын түсініп, көп тілді білу міндет деп санап отыр. Біз де өркениеттен қалмау үшін көп тілді меңгеруіміз қажет, сондықтан халықаралық тілдерді меңгеру міндет деген оймен толықтай келісемін.

Негізгі бөлім

Біріншіден, бірнеше тілде еркін сөйлей де, жаза да білетін адам бәсекеге қабілетті тұлғаға айналатыны сөзсіз. Бірнеше тілді меңгеру, білу – бұл жаһандық әлемге жолдама деген сөз. Әлемнің кез келген өңірінде жұмыс істеуге мүмкінді алады. Осы ретте, Елбасы: «Қазақстандықтардың жаңа ұрпағы ең кемі үш тілді еркін меңгеруі тиіс. Еуропада көптілділік қалыпты нормаға айналған, біз де осы қатардан міндетті түрде табылуға тиіспіз». деген болатын. Сонымен, бірнеше тілді білу болашаққа жол ашып, бәсекеге қабілетті сұранысқа ие маман болуға мүмкіндік береді.

Екіншіден, қазіргі таңда әлемдегі дамыған елдердің қатарына ену үшін бірнеше тілді білу қажет. Дамыған елдер кем дегенде үш тіл біледі екен, басқа мемлекеттермен қарым-қатынас жасау оларға қиындық тудырмайды. Ақпараттық техниканың қарыштап дамыған заманында бірнеше тілді үйрену, меніңше, қиындық тудырмайды. Біздің ата-бабаларымыздың өткен тарихына көз жүгіртсек, әлемнің екінші ұстазы атанған, ұлы ғұлама Әбу-Насыр Әл-Фараби бабамыз өмірінде 76 ұлттың тілін оқып білді десек, ұлы ақын Абай атамыз орыс-қазақ тілдерімен қатар парсы, араб тілдерін де меңгерді. Сонымен дамыған елдердің қатарына енуде бірнеше тілді білудің маңызы зор.

Қорытынды бөлім

Қорыта келе, заман көшінен қалмау үшін бірнеше тілде еркін сөйлеп, әлемнің түкпір- түкпкірімен еркін байланысқа түсіп жатсақ, еліміздің ертеңі көркейері сөзсіз. Осы тұрғыдан халықаралық тілдерді меңгерудің маңыздылығын түсініп, көп тілді білу міндет деп ойымды тұжырымдаймын.

Әлемнің жеті кереметін уақыт өте жаңғыртып тұру керек пе?

Әлемнің кереметтерін жариялап отыру ежелгі Грекиядан бастау алған. Бір өкініштісі, осы кереметтердің ішінде сақталғаны – Хеопс пирамидасы ғана, ал қалғандары біздің заманымызға дейін сақталмаған. Бұл тізімге енген ғажайыптардың көбі – көненің көзі, сондықтан да әлемнің жаңа жеті кереметін уақыт өте жаңғыртып тұру керек деген пікірмен толықтай келісемін.

Ойымды дәлелдер болсам, біріншіден, адамзат өркениетінің шарықтау шегіне жеткен ғасырда әлемнің әр бұрышында аспанмен таласа бой көтерген заңғар биік, ғаламат кешендер салына бастады. Мәселен, Патша мұнарасы болашақта әлемдегі ең биік ғимараттар көшін бастамақ. Ол биіктігі 828 метрге жететін «Бурж Халифа» мұнарасынан асып түспек. Араб елінің төрінен орын алған бұл ғимаратта кондоминимдер, керемет кеңселер, обсерватория, «Four Seasons» қонақ үйі және 157 қабатында әлемдегі ең биік терраса орналаспақ. XXI ғасырдағы заманауи технология мен архитектураның тамаша жетістіктері болып саналатын ғажап құрылыстар жаңа кереметтердің тізімін жаңғыртуға әбден лайық.

Екіншіден, адамзаттың ой қиялы дамығаны соншалық- оларды көне ғажайыптармен таңғалдыра алмайсың, олар жаңа кереметтерді іздейді. Табиғатттың өз ғажайыптарын адам баласына қызмет етуге мәжбүрлеген адамзат жасампаздығына сөз жоқ. Мысалы, қос жартаспен «құшақтаса орналасқан» Қытайдың Даванг таулы шипажайы – табиғаттың нағыз кереметі. 170 метр аумақты алып жатқан алып шипажайда мұз айдыны, жабық шаңғы кешені, аквапаркпен қатар аспалы бақша орын алған. Міне, осындай таңғажайып орындарды әлем жұртшылығының назарына ұсыну қажет-ақ.

Шындығына келгенде, жаңа кереметтерді жариялау әр елдің өркениет жолында даму деңгейін көрсетеді, туризм саласын дамытып, мемелкеттер арасында бәсекелестікті арттырады. Адамдардың мәдени-танымдық қызығушылық қабілетін арттырып, ұлтаралық, мәдениетаралық байланыстың орнауына әсер етеді, сондықтан әлемнің жеті кереметін уақыт өткен сайын жаңғыртып тұру өте маңызды.

Оқушыға

Келісу\келіспеу эссесінің жаз

Тақырып: Қазіргі жаһандану заманында технология қарқынды дамып, күннен-күнге жаңа техникалар пайда болып жатыр. Әсіресе, адам еңбегін автоматтандыру бүгінде ерекше сұранысқа ие. Миына енгізілген арнайы бағдарламаның арқасында адамның іс-қимылы, әрекеттерін қайталай отырып, оның қызметін атқаруға қабілетті бұл құрылғылар қоғамның қай саласында қолданылып жүр? «Олар – адамдарға ашық бәсекелес. Болашақта бәріміздің басымызға жұмыссыз қалу қаупі төніп тұр» деп безек қағудың жөні бар ма?

ҮЛГІ:

Әрине, заман тенденциясына сай олардың артықшылықтары да баршылық, қызметкерлер саны жетіспеген жағдайда олар ең қолайлы шешім екені сөзсіз. Дегенмен менің ойымша, роботтар адамға бәсекелес болатындай деңгейге әлі жете қойған жоқ.

Біріншіден, роботтар темір құрылғы болғандықтан, күндердің күнінде ақау пайда болатыны айдан анық. Сол себепті робот адамның орнына жұмыс істеген күннің өзінде ол бақылауды талап етеді.

Екіншіден, роботтар шығармашылық, ой еңбегі, үгіт-насихат жұмыстарын жасай алмайды, бұл қызмет түрінде адамның орнын ешкім баса алмайды. Сонымен қатар роботтарда эмпатия, эмоция, интуиция болмайды. Мәселен, кішкентай балаларды оқытуда арнайы әдісті талап етеді. Әрбір балаға өзінше әдіс қолдана отырып оқыту бұл өнертабыстың қолынан келетіні екіталай, өйткені олар өздеріне белгіленген алгоритмнен басқа ешнәрсе іске асыра алмайды. Менің ойымша, адамның миындай жұмыс жасай алатын жасанды интеллект ойлап табу жақын арада орындалмайтын сияқты.

Қорыта келгенде, бұл мәселеге қатысты түрлі көзқарастар бар. «Техника қанша дамып жетілгенімен, ойлайтын парасатты адамның орнын ауыстыра алмайды» деген Бауыржан Момышұлының естен шығармауымыз керек. Ең бастысы, адам өмірін жеңілдетеміз деп жүріп, құлтемірдің құлы болы қалмасақ жарар еді...

№5 бөлім. Жинақы мәтін

№26 – сабақ. Жинақы мәтін, оның түрлері

Нұсқаулық

Мұғалімге

Жинақы мәтін, оның түрлері

Жинақы мәтін – бастапқы мәтіннің негізгі мазмұны сақталып, ықшамдалған, өңделген түрі. Жинақы мәтінде негізгі идеялар мен ақпараттар сақталады, мәтін көлемі ықшамдалады, перифраз жасалып, өңделеді. Мәтінді өңдеу барысында жинақы мәтінге өз ойыңды қосуға болмайды, яғни автор идеясы ғана алынады. Ықшамдау кезінде мәтіндегі басы артық элементтерді алып тастауға болады.

Жинақы мәтін түрлері:

- тезис,
- аннотация,
- презентация,
- конспект,
- кесте,
- схема,
- тезистік жоспар,
- ықшамдалған мәтін.

Жинақы мәтін жасаудың тәсілдері

Біріктіру *Жеке ақпараттарды біріктіру*	**Алып тастау** *Қосымша ақпараттарды алып тастау*	**Алмастыру** *Мазмұн мен идеяны сақтай отырып, перифраз жасау*
• Бір негізгі оймен байланысты сөйлемдерді біріктіру; • Ұқсас құбылыс, оқиға, фактілерді біріктіру; • Бір ойды білдіретін сөйлем мүшелерін біріктіру.	• Кіріспе сөздерді алып тастау; • Сөйлемнің бірыңғай мүшелерін алып тастау; • Қайталауларды алып тастау; • Қосымша ақпараттарды қысқарту; • Мысалдарды шектеу, т. б.	• Құрмалас сөйлемдерді жай сөйлемдермен беру; • Баламалы синонимдермен алмастыру; • Тірек сөздер мен сөз тіркестері мәндес сөздермен ауыстыру.

Жинақы мәтінді мазмұндық және тілдік өңдеудегі жолдары

Мазмұндық өңдеу	**Мәтінге тілдік өзгеріс енгізу**
• Мәтінді мұқият оқу және негізгі, қосымша ақпараттарды анықтау; қосымша ақпараттарды сызып тастау; • Негізгі ойды білдіретін тірек сөздерді, сөйлемдерді белгілеу; • Автор ойын, баяндау желісін сақтай отырып, мәтіндегі негізгі ойды ықшамдау; • Мәтін түпнұсқасының сілтемесін көрсету. Мысалы: Абай айтқандай..., «Ұлан» газетінде ..., Мақалада «....» берілген, т.б.	• Қайталауларды жалпылауыш сөздермен алмастыру; • Сөздерді синонимдермен алмастыру; • Құрмалас сөйлемдерді жай сөйлемдерге айналдыру.

Жинақы мәтін түпнұсқа (бастапқы) мәтіннен 75% дейін қысқа болады. Егер кітап болса, түпнұсқа (бастапқы) мәтіні 99% ықшамдалады.

Жинақы мәтін ***жазудағы мақсат*** – оқырманды мәтін мазмұнының негізгі идеясымен (ойымен) таныстыру және түпнұсқаны (бастапқы мәтінді) оқуға кететін уақытын үнемдеу.

Үлкенді сыйлау қазақ халқының ата-салты. Үлкенді сыйлау, ең алдымен – әке мен шешені сыйлаудан басталады. Өз отбасы, өз ата-анасын сыйламайтын ұл мен қыз басқа адамдарды сыйлай алмайды. Ата-ана баланы дүниеге келтіріп, өмір береді. Оны бағып-қағып тәрбиелеп өсіреді. Білім береді, «Болашағым, өмірімнің жалғасы» деп үміт күтеді, мәпелейді. Азамат болып, үй ішінің қамқоры болады деп сенім артады. Ата-ананы сыйлаған жастардың өз балалары да кейін соны қайталайды. «Ана сүтін ақтамағанды, ешкім мақтамайды» деп айтылған. «Атаға қарап ұл өсер, анаға қарап қыз өсер» деген де осыдан шыққан. Ата-ананың ісінен көпті үйреніп қоймай, солардың тәрбиесін де бойға сіңіре білу – әр баланың парызы.	Өзінің ата-анасын құрметтеймейтін ұл мен қыз басқа адамдарды да құрметтей алмайды. Ата-анасынан көп нәрсені үйреніп қана қоймай, солардың тәрбиесін де бойға сіңіру – әр баланың борышы.

Оқушыға

«INSERT» әдісі

«INSERT» кестесі арқылы оқылым және тыңдалым материалдары бойынша негізгі ақпараттарды сақтай отырып, жинақы мәтін жазады. Мәтінді оқиды немесе тыңдайды. Жаңа материалмен таныса отырып, түртіп алу жүйесімен мәлімет жинайды, саралайды, бағалайды.

«V» - «Білемін»	«-» «мен үшін түсініксіз»	«+» - «мен үшін жаңа ақпарат»	«?» - «мені таңғалдырады»

№27 – сабақ. Жинақы мәтінді мазмұндық өңдеу жолдары

Нұсқаулық

Мұғалімге

Жинақы мәтінді мазмұндық өңдеу жолдары

Жинақы мәтін – бастапқы мәтіндегі негізгі идеялар мен ақпараттарды сақтай отырып, мәтін көлемін ықшамдау және өңдеу.

Жинақы мәтін құрастыру жолдары

Мазмұндық өңдеу:

- Мәтінді мұқият оқу және негізгі, қосымша ақпараттарды анықтау; қосымша ақпараттарды сызып тастау.
- Негізгі ойды білдіретін тірек сөздерді, сөйлемдерді белгілеу.
- Автор ойын, баяндау желісін сақтай отырып, мәтіндегі негізгі ойды ықшамдау.
- Мәтін түпнұсқасының сілтемесін көрсету. Мысалы: Абай айтқандай..., «Ұлан» газетінде
- Мәтінге тілдік өзгерістер енгізу – алынған ақпаратты барынша қысқа беру үшін лексикалық, грамматикалық бірліктерді дұрыс таңдай білу.
- Қайталауларды жалпылауыш сөздермен алмастыру;
- Сөздерді синонимдермен алмастыру;
- Бірнеше жай сөйлемді бір құрмалас сөйлемге немесе құрмалас сөйлемдерді жай сөйлемдерге айналдыру.
- Өз ойларыңды жинақы мәтінге қосуға болмайды. Жинақы мәтін тек автор идеясынан ғана тұруы керек.

Негізгі идеяларды біріктіріп, бір немесе екі сөйлем құрастыр.

Негізгі идеялар тізімі	***Негізгі идеяларды жинақтау***

Өзге құралдар сияқты ұшақтар да өздігінен пайда болған жоқ. ***Ұзақ ізденістің, ерен еңбектің арқасында алғашқы ұшақты жасап, ұшырып, тәжірибе жасаған – өнертапқыш ағайындылар Уилбур мен Орвилл Райттар.***	Ұзақ ізденіп, көп еңбектенген өнертапқыштар Уилбур мен Орвилл Райттар алғашқы ұшақты жасап, ұшырып, тәжірибеден өткізген.
Райттарға ұшақ ойлап шығаруға «геликоптер» деп аталатын ойыншық ой салған. Олардың әкесі – Мильтон Райт 1878 жылдың көктемінде іссапардан келе жатып, дүкеннен балаларына ойыншық алмақшы болады. Дүкенде бұрын-соңды көрмеген ойыншыққа көзі түседі. ***Бұрамасын бұраса, ызыңдаған дыбыс шығарып, тірі жәндік сияқты аспанға ұшады.*** Ойыншықты сатып алып, екі ұлына апарады. Ерекше ойыншықтың құны да арзан емес еді. Елу центке жаңа жейде мен сырты қапталған дұға кітабын сатып алуға болады. Күні бойы ойнаған балалар оны сындырып алады. Қымбат ойыншықты сындырғанға әкесі ұрсады. ***Ағайындылар геликоптердің қалай жасалғанын көру үшін ішін ашады.*** Уилбур мен Орвилл Райттардың ұшатын құрылғы жасауына осы зат ойтүрткі болады.	Оларға ұшақ ойлап шығаруға бұрамасын бұраса, ызыңдаған дыбыс шығарып, тірі жәндік сияқты аспанға ұшатын «геликоптер» деген ойыншық ой салған. Ағайындылар оның қалай жасалғанын көру үшін ішін ашқан.

Жинақы мәтінді тілдік өңдеу жолдары

Жинақы мәтін – бастапқы мәтіндегі негізгі идеялар мен ақпараттарды сақтай отырып, мәтін көлемін ықшамдау және өңдеу, яғни түпнұсқа мәтінді жинақы мәтінге айналдыру.

Жинақы мәтіннің жанрлық түрлері

- Тезис;
- Аннотация;
- Презентация;
- Конспект;
- Кесте;
- Схема;
- Тезистік жоспар;
- Ықшамдалған мәтін.

Оқушыға

Төменде берілген ақпараттарды негізгі және қосымша ақпараттарға бөліп жаз.

Бала бойындағы жат қылықтардың, жағымсыз қасиеттердің пайда болуын ата-ана көбіне мектеп тәрбиесіне аудара салуы мүмкін. Жоқ, онда ата-ана қателеседі, өйткені, біріншіден, бала тәрбиесі ана құрсағынан жатқанда басталады. Екіншіден, жаңа туғаннан мектеп жасына дейін балалардың көбісі үйде тәрбиеленеді. Үшіншіден, бала мектептен гөрі, үйде уақытты көп өткізеді, сондықтан, бала тәрбиесіне бірден-бір жауапты ата-ана. Бала тәрбиелі, еңбекқор, инабатты болып өссін деген ата-анаға мынандай кеңестер ұсынылады:

1. Бала алдында, отбасындағы өзара қарым-қатынаста мәдениетті, сыпайылық сақтау керек.
2. Ата-ана баланың жора-жолдастарының қандай екенін, олармен қарым-қатынастарын қадағалауы керек.
3. Баланың оқу-тәрбиесіне үнемі назар аударып, олармен пікірлесіп, әңгімелесіп отыру да ерекше тәсілдердің бірі.
4. Баланы еңбекқорлыққа тәрбиелеуде, үйдегі шаруалардың да маңызы зор. Ендеше, баланы үй шаруашылығына араластыра отырып, еңбексүйгіштікке тәрбиелеңіз!

Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні: балам жақсы, тәрбиелі болып өссін деген ата-ана отбасындағы тәрбиеге қатты назар аударуы тиіс деп ойлаймын.

Негізгі ақпарат	***Қосымша ақпарат***

Ақпараттар:

Баланың жора-жолдастарының қандай екенін, олармен қарым-қатынастарын қадағалауы керек.
Бала тәрбиесі ана құрсағында жатқанда басталады.
Бала бойындағы жат қылықтардың, жағымсыз қасиеттердің пайда болуын ата-ана көбіне мектеп тәрбиесіне аудару салуы мүмкін.
Бала тәрбиесіне бірден-бір жауапты ата-ана.
Ата-ана отбасындағы тәрбиеге қатты назар аударуы тиіс.
Үйдегі шаруалардың да маңызы зор.
Бала бойындағы жат қылықтардың, жағымсыз қасиеттердің пайда болуын ата-ана көбіне мектеп тәрбиесіне аудару салуы мүмкін.
Баламен әңгімелесіп отыру да ерекше тәсілдердің бірі.
Баланың оқу-тәрбиесіне үнемі назар аударып отыру.
Ендеше, баланы үй шаруашылығына араластыра отырып, еңбексүйгіштікке тәрбиелеңіз.

ДҰРЫС ЖАУАП

Негізгі ақпарат	***Қосымша ақпарат***
Бала тәрбиесі ана құрсағында жатқанда басталады. Бала тәрбиесіне бірден-бір жауапты ата-ана. Ата-ана отбасындағы тәрбиеге қатты назар аударуы тиіс. Баланың оқу-тәрбиесіне үнемі назар аударып отыру. Ендеше, баланы үй шаруашылығына араластыра отырып, еңбексүйгіштікке тәрбиелеңіз.	Баланың жора-жолдастарының қандай екенін, олармен қарым-қатынастарын қадағалауы керек. Бала бойындағы жат қылықтардың, жағымсыз қасиеттердің пайда болуын ата-ана көбіне мектеп тәрбиесіне аудару салуы мүмкін. Үйдегі шаруалардың да маңызы зор. Бала бойындағы жат қылықтардың, жағымсыз қасиеттердің пайда болуын ата-ана көбіне мектеп тәрбиесіне аудару салуы мүмкін. Баламен әңгімелесіп отыру да ерекше тәсілдердің бірі.

№28 – сабақ. Жинақы мәтінді тілдік өңдеу жолдары

Нұсқаулық
Мұғалімге ***Жинақы мәтін жазудағы мазмұндық өңдеу мен тілдік өңдеу жолдары:***

Мазмұндық өңдеу жолдары	Тілдік өңдеу жолдары
Мәтінді толықтай түсіне отырып, мәтіндегі негізгі ойды ықшамдап беруге болады.	Мәтінге тілдік өзгерістер енгізуге болады.
Түпнұсқа мәтін жинақы мәтінге айнала алады.	Алынған ақпаратты неғұрлым қысқа беру үшін лексико-грамматикалық бірліктерді дұрыс таңдау керек.
Жинақы мәтінге өз ойыңды қосуға болмайды.	Қайталауларды жалпылауыш сөздермен, сөздерді синонимдермен алмастыруға болады.
Жинақы мәтін түпнұсқа мәтіннен 75 %-ға дейін қысқа болады. Кітап болса, түпнұсқа мәтіні 99% -ға дейін ықшамдалады.	Бірнеше жай сөйлемді бір құрмалас сөйлемге айналдыруға болады.

Үлгі:

Түпнұсқа мәтін	Жинақы мәтін
Күн дегеніміз – жұлдыз, балқып қызған керемет үлкен газды шар. Егер біз Күннің үлкендігі қарбыздай десек, онда ең үлкен планета Юпитер оның қасында алмадай ғана, ал жердің үлкендігі қарақаттың бір түйіріндей ғана болар еді. Күн керемет ауыр, оның тарту күші де өте зор. Егер сен Күннің бетіне түсе қалсаң, бірден ауырлап, салмағың жеңіл машинадай болар еді. Өзіңді-өзің көтере алмай, құлайтының сөзсіз. Күн күшті болғандықтан барлық планетаны ұстап тұрады. Сондай-ақ Күніміздің өте ыстық болғаны да тамаша. Әйтпесе, бүкіл әлем әрі қараңғы, әрі суық болар еді. Тіршілік болмас еді. Ғалымдар бізге ең жақын жұлдыз Күнді үнемі бақылап отырады, әлі де мінез-құлқын зерттеп, тануға тырысады, бірақ Күнді зерттейтін робот әлі жасалған жоқ.	Күн дегеніміз – жұлдыз, балқып қызған керемет үлкен газды шар. Күн керемет ауыр, оның тарту күші де өте зор. Күн күшті болғандықтан барлық планетаны ұстап тұр және ол өте ыстық. Күн болмаса, тіршілік те болмас еді. Ғалымдар Күнді әлі зерттеп жатыр, бірақ Күнді зерттейтін робот әлі жасалған жоқ.

Түпнұсқа мәтін	Жинақы мәтін
Аталған жоба Байқоңыр ғарыш айлағын сақтап қалу мен дамытуға мүмкіндік береді және коммерциялық ұшудың әлемдік нарығына жол ашады.	Жоба ғарыш айлағын өрлетіп, әлемдік нарыққа бастама болады.
Түпнұсқа мәтін	**Жинақы мәтін**
Осы жоба іске асырылған жағдайда улы отын компонеттерін пайдаланатын «Протон» тасымалдаушы ракеталарынан бас тарту ықтималдығы бар. Демек, зымырандардың уақыт өте қоршаған ортаға тигізер кері әсері азаятын күн алыс емес.	Жоба аясында зымырандар протон отынын пайдаланбай, экологияға зиянды әсері азаяды.
Түпнұсқа мәтін	**Жинақы мәтін**
«Бәйтерек» ғарыштық зымыран кешенінен алғашқы ұшу 2022 жылға жоспарланған. Сондай-ақ отандық зымыранды жер серіктерімен қатар, басқарушысы бар жаңа буын кемелерін ұшыруға пайдалануға болады.	2022 жылы ұшырылуы жоспарланған «Бәйтерек» кешенінен жер серіктерінен бөлек кемелерді ұшыруға болады.

Оқушыға

Берілген мәтінді ықшамдап, жинақы мәтін жаз.

Қазақ халқы салт-дәстүр, әдет-ғұрыптарға бай халық. Сол салт-дәстүр, әдет-ғұрыптарымыз халық тұрмыс-тіршілігінің өн бойына ғасырлар бойы тамыр тартып, қандық қасиетіне сіңіп, өшпей, жоғалмай ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып бүгінгі заманға жетіп отыр.

Бала тәрбиесіне байланысты әдет-ғұрыптарға ерекше көңіл бөлген. Бала – біздің өміріміздегі кездейсоқтық емес, заңды құбылыс. Оның дүниеге келу себебі адамның адамға қажеттілігінде. Бала өмірге келгенде оның өз орны айқындалады.

Әр бала – керемет рухани күш иесі. Ол шетсіз-шексіздікті танып білуге ұмтылады. Баланың салт-дәстүрді толық білуі оның белсенділігін, білімге құштарлығын арттырады. Балаға сеніммен қарау оны қуаттандыра түседі, себебі бала-өмірдің жалғасы, отбасының жеміс берер гүлі, ерлі-зайыптылардың тіреу-діңгегі.

Баланың дүниеге шыр етіп келген күннен бастап есейіп, азамат болып кеткен күніне дейін оған жан-жақты қамқорлық жасап, аялы алақанында әлпештеп өсіріп, тәлім-тәрбие берген.

ДҰРЫС ЖАУАП

Жинақы мәтін

Қазақ халқының әдет-ғұрыптары біздің заманымызға дейін өз құнын жоғалтпай, атадан балаға беріліп отырды.

Дүниеге келген әр баланың өзіндік орны бар екені айдан анық.

Керемет рухани күш иесі болған әр балаға сеніммен қараған ата-ана оны одан әрі жігерлендіріп, қуаттандырады.

Ата-ана баласы есейіп кеткенше бар мейірімін төгіп, бағып-қағып, жан-жақты тәрбие беріп өсірген.

№29 – сабақ. Перифраз. Перефраз жасаудың тәсілдері

Нұсқаулық
Мұғалімге **Перифраз. Перефраз жасаудың тәсілдері** Құбылыстар мен заттардың атын атап, түсін түстемей, айрықша белгі-қасиеттеріне негіздей отырып ауыстыру тәсілін перифраз деп атайды. ***Перифраз*** мәтіннің идеялық-эстетикалық және көркемдік байлығын арттырады. Мағыналық реңк пен оның әсерін күшейтеді. Мысалы, орман патшасы (арыстан дегеннің орнына), дала кемесі (комбайн), қара алтын (көмір) т.б.

Қазақ тілінде перифраздың түрлі функционалдық стильдерде – көркем әдебиетте, публицистикада, шешендердің сөз саптауында т.б. қолданылады.

Перифраз жасаудың тәсілдері:

1. Сөйлемдегі сөз формасын басқа сөз табына алмастыру. Мысалы: зат есім → етістік, зат есім → сын есім т.б.
   Түпнұсқа: Ауа райы ***өзгерісі*** адам денсаулығының ***нашарлануына*** әкеп соқты.
   Перифраз: Ауа райы ***өзгергендіктен*** адам денсаулығы ***нашарлады.***
2. Синонимдерді қолдану.
   Түпнұсқа: Менің апам ***ажарлы адам.***
   Перифраз: Менің апам ***әдемі жан.***
3. Сандар мен пайыздық көрсеткіші өзге формаға ауыстыру.
   Түпнұсқа: Оқушылардың ***үштен бір бөлігі*** жақсы деген бағаға ие болды.
   Перифраз: Оқушылардың ***30%*** жақсы деген бағаға ие болды.
4. Бірінші жақтан үшінші жаққа немесе үшінші жақтан бірінші жаққа алмастыру (ырықсыз етіске алмастыру).
   Түпнұсқа: «Алаш» газеті Абай өлеңдерін ***жариялады.***
   Перифраз: «Алаш» газетінде Абай өлеңдері ***жарияланды.***
5. Анықтама берудің әртүрлі құрылымдарын пайдалану.
   Түпнұсқа: Зат есім – заттың, құбылыстың атын білдіріп, кім? не? деген сұраққа жауап беретін сөз табы.
   Перифраз: Зат есім – бір заттың, нәрсенің, құбылыстың, оқиғаның атын білдіретін сөз табы. Кім? Кімдер? Не? Нелер? деген сұрақтарға жауап береді.
6. Төл сөз, төлеу сөз, автор сөзі формаларын түрлендіріп қолдану.
   Түпнұсқа: «Өмірді өмірдің бағасынан артық сүю қажет» деді Ф. Достоевский
   Перифраз: Ф. Достоевский өмірді өмірдің бағасынан артық сүю қажеттігін атап өтті.
7. Сөйлем құрлымын өзгерту және байланыстырушы сөздерді өзге түрлерін қолдану.
   Түпнұсқа: Арман сабағына дайындалып отырып, інісіне де көмектесті. Алайда екі нәрсені қатар жасау оған қиын тиді.
   Перифраз: Арман әрі сабағына дайындалды, әрі інісіне көмектесті. Дегенмен екі нәрсені қатар жасап қиналды.

Жалқы есімдер мен кілт терминдерді ауыстыруға, өзгертуге болмайды.

Оқушыға

Ұсынылған сөйлемдерді перифраз тәсілімен қайта өңдеп жаз.

1) 1851 жылы Лондонда алғаш рет Бүкіләлемдік көрме қаланың орталығындағы барлық экспонаттар сиятын ғимаратта өткізілді. Қаланың орталығындағы_____

2) «ЭКСПО» көрмесінің өзі бір спектакль, мәдени және шығармашылық оқиғалар ретінде орын алып жатқан «әлемдік деңгейдегі театр сахнасы» іспетті.

«Әлемдік деңгейдегі театр сахнасы» іспетті_____

3) Түрлі ғажайып механизмдер мен лайықтандырылған қарапайым құралдар әр жылдары Бүкіләлемдік көрмелерде алғаш рет ұсынылатын еді. Бүкіләлемдік көрмелерде_____

4) 1937 жылы Пикассо Париждегі көрмеде XX ғасырдың символына айналған «Герниканы» ұсынды.

XX ғасырдың_____

№30 – сабақ. Аннотация, тезис

Нұсқаулық

Мұғалімге

Аннотация, тезис

Аннотация – кітаптың, топтама жинақтың, қолжазбаның қысқаша сипаттамасы.

Мақсаты – ғылыми мақаланың, шығарманың негізгі мазмұны, құрылымы, ерекшелігі туралы түсінік қалыптастыру.

Тілдік тәсілдер - сөйлеу клишелер, ырықсыз етістер, кіріспе фразалар, хабарлы сөйлемдер, арнайы тілдік оралымдар.

Аннотация құрылымы:

Библиографиялық бөлім

- Автор туралы мәліметтер, басылымның аты, орны, уақыты

Негізгі бөлім

- Тақырып. Мақаланың тақырыбы ... болып табылады.
- Мәселе. Мақалада (кітапта) келесі мәселелер талданады; нәтижелері келтіріледі; теориясы беріледі т.б.
- Адресат. Мақала ... арналады.

Аннотация – мәтін ақпараттарының жалпылама қысқаша сипаттамасы.

Аннотация мәтінінен бұрын жалпы ақпарат(автордың аты-жөні, мәтін атауы, басылым орны мен мерзімі) беріледі. Бұл ақпараттарды аннотацияның бірінші бөлігі деуге болады.

Аннотация екі бөліктен тұрады: біріншісінде мәтіннің авторы туралы айтылса, екінші бөлігінде мәтіннің негізгі аспектілері туралы сөз қозғалады.

Аннотация жазуда келесі құрылымдарды, тірек сөздерді қолдануға болады:

Мәтінде (не?) зерттеледі.
(Не?) көрініс тапқан.
Мәтінде маңызды мәселе ретінде (неге?) көңіл бөлінген.
Мәтінде (неге?) мінездеме берілген.
Зерттеу келесі мәселелерді қарастыру арқылы жүзеге асқан:
Мәтінде (неге?) талдау жүргізілген.
Негізгі назар (неге?) аударылған.
(Нені?) қолдана отырып, автор (не?) туралы ақпарат береді.
(Нені?) басты назарға алады.
Мәтінде (не?) туралы ақпарат берілген.
(Не?) туралы сипаттама берілген.
Келесі сұрақтарға назар аударылған:…
Мәтінде (неге?) жүргізе отырып, (не?) көрсетілген.
(Қандай?) фактілер көрсетілген.
(Қандай?) қорытындыға келген.

Оқылым мәтініндегі ақпараттардан жинақы мәтін (аннотация) жазып көрейік.

Түпнұсқа мәтін	**Жинақы мәтін(аннотация)**

Ғ. Мүсірепов атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық балалар мен жасөспірімдер театры Қазақтың балалар мен жасөспірімдер театры 1946 жылдың 4 шілдесі күні А. Толстойдың «Алтын кілт» пьесасы бойынша қазақ тілінде тұңғыш рет спектакль қойып, ресми түрде тұсауын кесті. Спектакльді Кеңес Одағы бойынша балалар театрының негізін қалаған режиссер Н.И.Сац қойды. Театрдың қазақ труппасындағы алғашқы қарлығаштары: А.Мәмбетова, Ж.Бектасова, Қ.Жәкібаев, Д.Шәріпов, К.Өмірзақов, Х.Камардинова, К.Закарина, Т.Қосыбаевалар болды. 1992 ж. Ғ.Мүсіреповтің 90 жылдығының құрметіне, Қазақстан Республикасы министрлер Кабинетінің Жарлығымен театрға ұлы жазушының есімі берілсе; 1996 ж. Қазақстан Республикасы Мәдениет министрлігінің жарлығымен театр өнерін дамытуға және өскелең ұрпақты патриотизм рухында тәрбиелеуге қосқан үлесі үшін театрдың 50 жылдық мерейтойына орай, «Академиялық» дәрежесі берілді. Театр жаңа мыңжылдықтың табалдырығын ұлттық сахна өнеріндегі өзіндік орнын белгілеген айқын да нық қадамдармен аттады.	***Мақалада*** балалар мен жасөспірімдер театрының тарихы ***баяндалады. Мақалада*** театрдағы алғашқы қойылымдар мен театр саласының саңлақтары туралы ***деректер келтіріледі. Мақалада*** театрдың атауының берілуі мен толықтырылуы туралы ***ақпарат беріледі. Мақала*** театр саласына қызығушылық танытатын театртанушылар мен қалың көпшілікке ***арналады.***

Түпнұсқа мәтін	**Жинақы мәтін(аннотация)**
«Су ресурстарын қорғау» мақаласынан үзінді Мыңдаған жылдар бойы тарихында адам баласы тұщы судан таршылық көрмей, өзінің тұрмыс қажеттерін толық қанағаттандырып келді. Алайда «судың да сұрауы бар» емес пе? Адам баласының мәдениеті мен техниканың, өндіріс құралдарының жетілуі, осы арқылы халық санының артуы суға өз ықпалын тигізбей қойған жоқ. Адам баласының суға деген қажеттілігі арта түсті. Бұл қажеттіліктің артқаны сондай, өндірістер шоғырланған және халық тығыз орналасқан жерлерде су тапшылығы анық байқалып отыр. Ғалымдардың есебі бойынша, жер шарындағы барлық суды адам баласына бөлетін болса, әр адамға 3800 миллиард литрден су келеді екен. Алайда, сонша көп судың екі пайызға жетер-жетпес бөлігі ғана ішуге жарайтын тұщы су. Судың жетіспеуі осыдан шығып отыр. Сондықтан, қазіргі адам баласының назары теңіздің ащы суларын тұщыландыру мәселесіне ауып отыр.	***Мақалада*** су ресурстары тақырыбы ***баяндалады. Мақала*** су ресурстарының тапшылығы, теңіздің ащы суларын тұщыландыру мәселесіне ***арналады. Мақалада*** су ресурстарының азаю себептеріне шолу ***жасалынады.*** Автор ақпаратты ғылыми деректерге сілтеме жасай отырып, баяндайды. ***Мақала*** геолог мамандар мен қалың көпшілікке ***арналады.***

Түпнұсқа мәтін	***Жинақы мәтін (аннотация)***
Тарихи әліпбилер Қазақстан жерін жайлаған көне ғұн, сақ тайпалары (б.з.б. 5 – 4 ғ.) пайдаланған «Есік жазу» сол тайпаларға тән мәдениеттің тарихи мұрагері – қазақ халқының негізін құраушы үйсін, қаңлы, қыпшақ, т.б. тайпалардың ең көне жазуы болып саналады. Көне замандағы қазақ ру-тайпаларының түркі дүниесіне ортақ Орхон-Енисей, Талас ескерткіштеріне негіз болған «руна» жазуы, көне ұйғыр жазуы, 8 ғ-дан бастап күні бүгінге дейін қолданылып келе жатқан араб жазуы, ағарту жүйесінде бір кездерде қолданыста болған латын жазуы, кирилл жазуы – осылардың бәрі қазақ жазуының негізі болып саналады. Араб графикасына негізделген қазақ әліпбиін кезінде А.Байтұрсынұлы реттеп, тіл ерекшеліктеріне сай жетілдірген. Қазақстанда 30-шы жылдарға дейін «төте жазу» деген атпен қолданылып келген. Бұл жазудың емлесі морфологиялық дәстүрлі шарттарға негізделген. 1940 жылы орыс графикасы негізінде қалыптасқан қазақ әліпбиі мен орфографиялық емлесіне әр кезде әртүрлі өзгерістер енгізілді. Кирилл негізіндегі жазудың қазақ тіліне тән ерекшеліктердің бәрін дұрыс көрсете алмауына байланысты кейінгі жылдары қазақ ұлттық жазуын латын графикасы негізіне көшіру мәселесі қойылып отыр.	***Мақалада*** қазақ жазуының тарихындағы әліпбилер ***баяндалады***. ***Мақала*** қазақ жазуының тарихи кезеңдеріне ***арналады.*** ***Мақалада*** б.з.д. 4 ғасыр мен қазіргі кезге дейінгі қазақ графикасының өзгеру тарихына шолу ***жасалынады.*** ***Автор*** қазақ жазуының тарихын ұғын, сақ заманында қолданылған көне әліпби, руникалық жазбалар, ұйғыр жазуы, араб графикасына негізделген «төте жазу», латын графикасына негізделген қазақ жазуы, кирил графикаына негізделген қазақ жазуы деп 6 кезеңге ***бөліп қарастырады.*** ***Мақала*** қазақ тілінің графикасын зерттеуші ғалымдар мен филолог мамандарға ***арналады***.

Тезис – белгілі бір мәселе туралы қысқаша түрде баяндалған қағида, тұжырымдама;

- негізгі идея, тақырыпқа қатысты қысқа да нұсқа түйінді ой, көзқарас (сөйлем);
- кітаптың, баяндаманың, ғылыми жобаның, үлкен мақаланың маңызды жерлері, ең басты идеясы;
- белгілі бір шығармада, баяндамада сөйлейтін негізгі ой-пікірдің қысқаша желісі;
- баяндама мазмұнында айтылатын мәселелердің қысқа, логикалық нұсқасы.

Тезис

Астанадағы ЭКСПО-2017 халықаралық мамандандырылған көрмесі келушілер мен түрлі мемлекеттердің мамандары тарапынан жоғары баға мен жағымды пікірлерге ие болды.

Қазақстан таңдап алған «Болашақ энергиясы» тақырыбы біртіндеп жаңғырмалы энергия көздеріне өту қажеттілігі бойынша әлемдік трендке толықтай жауап береді.

«Астана ЭКСПО-2017» қойылған мақсатты сәтті орындап, жасыл технологиялар саласындағы үздік зерттемелерді көрсетті.

Көрменің Қазақстан экономикасының дамуына қосқан мультипликативті әсеріне ерекше назар аударылды.

Оқушыға

Өзің оқыған кітап немесе мақалаға аннотация жаз
ҮЛГІ:

Оқу-әдістемелік құралына аннотация.

Оқу-әдістемелік құралында қазақ жазуының тарихы мен теориясы қарастырылады. Құралда қазақ тілі тарихын дәуірлеудің негізгі сипаттары көрсетіледі. Автор жазудың маңызы мен қызметін айқындайды. Жазба тіл және оның ауызша тілден ерекшеліктері ажыратылады. Жазба тілдің жалпы графикалық ерекшелік, графикалық және графемдік ерекшеліктері беріледі. Жұмыста ауызша тілді жазба тілге кодтау процесі, ауызша тілдің жазба тілге кодталу сатылары сипатталады. Жазудың тілдік жүйеге әсеріне мысалдар келтіріледі. Жазу теориясындағы фонема ұғымы, фонеманың дыбыс қоры, жазудың негізгі категориялары сараланады. Алтай, ғұн, көне, орта және жаңа түркі кезеңдерінің қазақ тілі тарихымен байланысы анықталады. Жұмыста қазақ мәдени өмірінде қолданылған әліпби түрлері, емле ерекшеліктері жазу теориясына қатысты білімдермен түсіндіріледі. Оқу-әдістемелік құрал студенттер мен магистранттарға арналады

Мақаланы сөйлемдермен тұжырымдап, тезис құра.

Мақала

Ақтөбедегі Назарбаев Зияткерлік мектебінің оқушылары мектеп асханасы үшін жылыжайда көкөніс өсіріп келеді.

Жылыжайдың іргетасы 2017 жылы ЭКСПО кезінде қаланған. Мектеп аумағына пластикалық бөтелкелерден жылыжай салу мектептің оқушылары мен мұғалімдердің идеясы екен. Бұл әдіс арқылы елдегі экологиялық мәселені шешіп, табиғи ресурстар мен қалдықтарды өңдеуді ойластырған. Мұғалімдер, оқушылар мен ата-аналар жарты жыл бойы бөтелке жинап, құрылысқа кіріскен кезде ғимараттың іргетасына бөтелкені пайдаланады. Ол іргетастың берік сақталуына көмектескен көрінеді. Материал органикалық шыны болғандықтан, температураға қаншалықты төзімді болатынын білмегендіктен, мәселе туындайды, сондықтан басында тамырын ғана егіп байқайды. Қазір жылыжай балалардың ғылыми жобаларының тәжірибе алаңына айналыпты. Олардың мақсаты – мектеп асханасын экологиялық таза көкөністермен қамтамасыз ету. Қаражатпен қамтамасыз ететін кәсіпкерлерді тапқаннан кейін, жұмыс басталған. Кезінде ЭКСПО көрмесінде жылыжай салу жобасы жүлделі орын алып, балалар Астанаға қонақ болып қайтқан.

ЭКСПО-дан бастау алған жұмыстар еліміздің әр аймақтарында қанат жайған болатын. Ақтөбедегі оқушылардың жұмыстары – солардың бір көрінісі.

№6 бөлім. Мәтіндерді түзету және редакциялау жұмыстары

№31 – сабақ. Орфографиялық түзету және редакциялау

Нұсқаулық

Мұғалімге

Мәтінді түзету – мәтінді теру және оны редакциялау кезінде жол берілген әртүрлі кемшіліктер мен қателіктер жойылатын жұмыс сатысы. Бұл дегеніміз – грамматикалық, пунктуациялық және орфографиялық қателерді түзету. Түзету кезінде әртүрлі атаулар мен сандардың рәсімделуіне және дұрыс жазылуына қойылатын талаптарға мәтіннің сәйкестігі тексеріледі.

Түзету редакциялау үдерісінің құрамдас бөлігі болып табылады және мәтінді редациялаудан кейін жиі қолданылады. Түзету барысында терминологиясы өзгертілмейді, мәтіннің құрылымы түпнұсқасымен бірдей болады.

Орфографиялық түзету және редакциялау

Орфография дыбыстарды (фонемаларды) әріппен таңбалауды, сөздерді, оның бөлшектерін бірге, бөлек немесе дефис арқылы жазуды, бас әріптердің қолданылуын, тасымал тәртібін белгілейді.

Орфография бірнеше бөлімдерден тұрады:

- Сөздің маңызды бөліктерінің жазылуы (морфемалар) – түбірлерді, жұрнақ, жалғауларды жазу, яғни сөздің дыбыстық құрамын белгілеу;
- Бірге, бөлек және дефис арқылы жазу;
- Бас және кіші әріптерді қолдану ережелері;
- Тасымалдау ережелері.

Орфография – сөздердің ***дұрыс жазылу,*** ал орфоэпия – сөздердің ***дұрыс оқылу*** заңдылығы.

Тілдегі сөздердің айтылуы мен жазылуы бірдей бола бермейді. Қазақ тілінің дыбыс үндестігіне сәйкес көптеген сөздер орфографиялық нормадан ауытқып айтылады. Мысалы, құлұн, өнөр, түңгү, Амаңгелді, көг гүл, айталады, т. б. Сөздерді дұрыс айту нормалары дыбыс үндестігіне, яғни ілгерінді, кейінді, ықпал заңдылықтарына негізделеді.

Сөз ішінде немесе сөз аралығында қатар келген екі дыбыстың алдыңғысы соңғы дыбысқа әсер етіп, өзіне ұқсатуын ***ілгерінді ықпал*** дейміз.

Мысалы: ***от басы*** деген екі түбірден біріккен сөз, от сөзіндегі соңғы қатаң дыбыс **т** кейін келген **б** дыбысын өзіне ұқсатып, қатаң **п**-ға айналдырып, ілгерінді ықпал жасайды. Айтылуда ***отпасы*** болып естілгенімен, жазуда отбасы деп жазылады.

Қатар тұрған екі дыбыстың соңғысының алдыңғы дыбысқа ықпал етіп, өзіне ұқсатуын ***кейінді ықпал*** дейміз.

Кәсіп +орын біріккен сөзде **о** дауысты дыбыс болғандықтан, қатар тұрған қатаң **п** дыбысын ұяң **б** дыбысына айналдырады. Мысалы: ***кәсіб +орын.***

Қазақ тілінің орфографиялық нормаларын тұрақтандыруда, жұртшылықтың жазу мәдениетін көтеруде үлкен орын алатын сөздіктердің орны ерекше. Жазу сауатын айтқанда орфографиялық сөздік***, ережелерді айналып өте алмаймыз. Сауатымыздың басы да, діңгек, деңгейі де орфографиялық сөздікте жатыр. Одан басқа орфоэпиялық сөздік сөздің қазіргі әдеби айтылуын және екпінін қамтып көрсететін сөздік.***

Дыбысты белгілеу үшін қабылданған шартты белгіні әріп дейміз. Әр елдің өзіне тән дыбыстарды белгілейтін шартты белгісі болады. Мәселен, қазақ халқы өз тарихында көне түркі, араб, латын, орыс графикасына негізделген шартты белгілер – әріп таңбалар пайдаланды. Сөзде дыбыс саны мен әріп саны үнемі бірдей болып келе бермейді. Мысалы, ащы (а-ш-ш-ы); аяқ (а-й-а-қ) сөздерінде, сондай-ақ орыс тілінен енген альбом, руль, съезд сөздерінде дыбыс санынан әріп саны артық.

Үндестік заңы ***буын үндестігі, дыбыс үндестігі*** деп бөлінеді. Сөз ішіндегі, сөз бен қосымша арасындағы дауыстылардың не бірыңғай жуан, не бірыңғай жіңішке болып айтылу зандылығын ***буын үндестігі*** дейміз.

Бұндай ерекшелік төмендегідей жағдайларда:

1. басқа тілдерден енген сөздерде (кітап, муғалім, кадір, анекдот т.б.);
2. біріккен сөздер мен қос сөздерде (бойжеткен, қыз-келіншек, баспасөз, жогары-төмен т.б.) кездеседі. Бұл сөздерге қосымша соңғы буынға қарай жалғанады (бойжеткен-ді, кітап-тың, қыз-келіншек-тер, баспасөз-де).

Буын үндестігіне бағынбайтын қосымшалар:

1. Көмектес септік жалғаулары: -мен, -бен, -пен (доп-пен, дос-пен т.б.);
2. -нікі, -дікі, -тікі (апам-дікі, қойшы-нікі);
3. -жаң, -тай, -тал, -дар, -еке, -тар (аға-жан, шеше-тай, білім-дар, ата-еке, сезім-тал т.б.);

4. -хана, -стан, -кент, -күнем (дәрі-хана, Пәкі-стан, Шым-кент, пайда-күнем т.б.);
5. -кер, -гер, -қор, -паз, -қой, -ғой, -гөй, - кеш -уар (қалам-гер, пәле-қор, өнер-паз, кәсіп-қой, кіре-кеш, сөз-уар т.б.);
6. -ов, -ев, -ин (Сейсенбеков-тің, Алмабаев-тың). Мұнда қосымша түбір сөздің соңғы буынындағы дауысты дыбыстың жуан-жіңішкелігіне қарай жалғанады;l
7. Қазақ тілінде басқа тілден енген сөз алдынан қосылатын бей-, би- қосымшалары да үндестік заңына бағынбайды (бей-берекет, бей-шара, бей-тарап т.б.).

Жазу емлесіндегі қиын мәселелердің бірі сөздерді бірге не бөлек жазудың басты ұстанымдарын айқындау. Бөлек жазылатын сөздер:

- Анықтауыш пен анықталушы сөздер тіркестеріндегі әрбір сөзі бөлек жазылады.
- Күрделі сан есімдердің күрделі сын есімдердің әрбір сөзі бөлек жазылады.
- Идиомалық, фразалық тіркестердегі әрбір сөз бөлек жазылады.

Оқушыға

Тапсырма үлгісі №1 «Қателескен мұғалім»

Мұғалім мәтінді оқу барысында қате жібереді. Оқушылар тыңдап отырып, қателескен тұсты бірден тауып, дұрыстау керек. Мұғалім қате жіберетін болғандықтан, оқушылар асқан қызығушылықпен мәтінді қалт жібермей тыңдайды.
Мұнан соң дұрыс басылған әңгіме оқушыларға таратылады.

Тапсырма үлгісі №2 «Қатені тап» әдісі

«Қатені тап» әдісі негізінде мәтіндегі орфографиялық қателерді сөздіктерге сүйене отырып, түзейді және редакциялайды.
Орфографиялық қателері бар мәтін беріледі. Оқушылар қателерін тауып, түзетулері керек. Түзетулерді арнайы параққа жазуға болады.

Тапсырмасы	**Қателері**

№32 – сабақ. Пунктуациялық түзету және редакциялау

Нұсқаулық

Мұғалімге

Пунктуациялық түзету және редакциялау

Пунктуация — тыныс белгілерін зерттейтін ережелер жиынтығы.

Тыныс белгілері (пунктуация) – жазуға тән шартты белгілер жүйесі. Тыныс белгілері ойды түсінікті етіп жеткізу, пікірді анық білдіру үшін қолданылады.

Сөйлемнің соңына қойылатын тыныс белгілері:

- нүкте (.)
- сұрау белгісі (?)
- леп белгісі (!)
- көп нүкте (...)

Сөйлемнің ішіне қойылатын тыныс белгілері:

- үтір (,)
- сызықша (-)
- нүктелі үтір (;)
- қос нүкте (:)
- жақша ( )
- тырнақша («»)

Сөйлем ішінде қойылатын тыныс белгілері сөйлем ішіндегі сөздердің мағынасы мен қолданылу себептерін даралап көрсету үшін қойылады.

Нүкте — сөйлем соңында қойылатын тыныс белгі, даралаушы қызметін атқарады. Сөйлем ішінде қойылатын үтір, сызықша ерекшелеуші қызметін, ал құрмалас сөйлемдерде ойдың ара жігін ажырату қызметін атқарады.

Тыныс белгілері айтайын деген ойды нақтылы, дәл түсінікті етіп жеткізу үшін, сондай-ақ айтылатын пікірді нақты білдіру үшін қолданылады. Бұл — тыныс белгілерінің басты қасиеті.

Жазба тілде болсын, сондай-ақ ауызекі тілде болсын тыныс белгілерін дұрыс қолдана білудің үлкен мәні бар. Тыныс белгілері мүлде қойылмаған, немесе дұрыс қойылмаған мәтінді сөйлемді түсінікті етіп оқу да, мағынасын түсіне білу де қиын. Тыныс белгілері дұрыс қойылмайтын сөйлемдерде ой түсініксіз, екі ұшты болып, тіпті сөйлем құрамындағы сөздер синтаксистік қызметі жағынан (бастауыш, баяндауыш, анықтауыш т.б.) өзгеріске түсуі мүмкін. Мысалы: Бұл келген — сол Есіл бойындағы Қарасарт ауылының жиені, Жүсіп баласы Қожаш (С. Көбеев). Бұл сөйлемде есімше тұлғалы келген соң сызықша қойылмаса, келген сөзі бастауыш қызметін емес, өзге мүше қызметін атқарған болар еді де, нәтижесінде сөйлемде берілетін ойға нұқсан келер еді.

Тыныс белгілерін дұрыс қою интонациямен тікелей байланысты. Мәселен, хабарлай айтылған сөйлемнен соң кідіріс болады да, соған орай нүкте қойылады. ***Құрмалас сөйлемдерді*** оқығанда, құрмалас құрамындағы әрбір жай сөйлемдерден соң, сондай-ақ бірыңғай мүшелерден кейін кідіріс болып, олар ***үтір*** белгісімен ажыратылады. Ал ***сұраулы, лепті сөйлемдерді*** оқығанда, дауыс көтеріңкі айтылады да, тиісті тыныс белгісі қойылады.

Үтір — сөйлемнің құрылысына, синтаксистік ерекшелігіне, мағынасына байланысты ең көп қолданылатын тыныс белгісі. Үтір құрмалас сөйлем құрамындағы жай сөйлемдерді, оқшау сөздерді, бірыңғай мүшелерді, төл сөзді т.б. айыра білу үшін қойылады.

Бірыңғай мүшелердің арасында қайталамайтын «мен», «және» деген жалғаулықтар тұрса, үтір қойылмайды. Мысалы: өсек, өтірік, мақтаншақ, еріншек, бекер мал шашпақ – бес дұшпаның. (Абай).

Тырнақша (" «») – жазуда пайдалынатын тыныс белгілерінің бірі. Ол бірде тырнақшаға алынған сөздің немесе сөйлемнің өзге біреудікі екендігін білдірсе, енді бірде оның өзі тура мағынасында қолданылмай, басқа бір мағынада қолданылып тұрғандығын, болмаса заттар мен нәрселердің шартты атаулары екендігін білідіреді.

- ойға тірек етіліп отырған сөздер мен сөйлемдер, жеке дыбыстар жазуда тырнақшаға алынады. Мысалы: «А» дыбысы – дауысты дыбыс, буын құрайды.

- дәйексөз ретінде келтірілмей, біреудің сөзі мағына жағынан сөйлемге жанастырыла алынады. Олар да тырнақшаға алынады, бірақ алды-артынан төл сөзге тән тыныс белгісі қойылмайды әрі кіші әріптен басталып жазылады.

Қыстырмалар жалаң сөз, күрделі сөз, сөз тіркесі, тіпті қыстырма сөйлемдер болып та келеді. Қаратпалар сияқты қыстырмалар да сөйлемнің басында, ортасында, аяғында келуіне байланысты үтір қыстырма сөздің соңынан, екі жағынан, алдынан қойылады. Мысалы: Мүмкін, сәл кідіре тұрарсыз. Түнеукүні, әлі есімде, ауылдағы құс фермасына бардық. Сол ниетпен кірсем, неге екенін кім білсін, мені елеген адам жоқ. Одағайлар жай қалыпты дауыспен айтылса, үтір арқылы ажыратылады. Ал көтеріңкі, ерекше дауыспен айтылса, олардан кейін леп белгісі қойылады.

Сызықша қойылатын орындар:

Бастауыш та, баяндауыш та есім сөздерден жасалған жағдайда арасына сызықша қойылады. Бұл - үлкен асхана. Бастауыш пен баяндауыш әр түрлі сөз таптарынан жасала береді:

зат есім — зат есім: бөрік — адамға көрік.

есімдік — зат есім: ол — әйгілі әнші.

зат есім — сын есім: оның кітабы — ескі.

сан есім — зат есім: жеті — киелі сан

Оқушыға

Берілген мәтіннің тыныс белгілерін қойып, көшіріп жаз.

Жоғарыда айтылғандай бірқатар елдерде әртүрлі жануарлар әлі күнге дейін жылжымалы кітапханаларды жылжыту күші ретінде қолданылады. Мысалы Африка мен Латын Америкасы елдерінде үйінді жануарлар (есектер, қашырлар мен ламалар, түйелер мен пілдер) кәдімгі көлік құралы болып табылады.

Кенияның солтүстік шығыс провинциясы елдің ең дамымаған бөлігі болып саналады мұнда халықтың 85%-ы сауатсыз. Жолдардың нашарлығынан бұл елдің көптеген бөліктері көліктер үшін қолжетімді емес сондықтан түйелер жетуге қиын бұрыштардың тұрғындары үшін жылжымалы кітапхана ретінде пайдаланылады.

ДҰРЫСЫ:

Жоғарыда айтылғандай, бірқатар елдерде әртүрлі жануарлар әлі күнге дейін жылжымалы кітапханаларды жылжыту күші ретінде қолданылады. Мысалы, Африка мен Латын Америкасы елдерінде үйінді жануарлар (есектер, қашырлар мен ламалар, түйелер мен пілдер) кәдімгі көлік құралы болып табылады.

Кенияның солтүстік-шығыс провинциясы елдің ең дамымаған бөлігі болып саналады, мұнда халықтың 85%-ы сауатсыз. Жолдардың нашарлығынан бұл елдің көптеген бөліктері көліктер үшін қолжетімді емес, сондықтан түйелер жетуге қиын бұрыштардың тұрғындары үшін жылжымалы кітапхана ретінде пайдаланылады.

№33 – сабақ. Лексикалық түзету және редакциялау

Нұсқаулық

Мұғалімге

Лексикалық түзету және редакциялау

Адамдардың тілінде ең көп кездесетін қателердің бірі – лексикалық қате. Оның төмендегідей түрлері кездеседі:

Бір сөзді қайталап қолдана беру. Мысалы, Жүсіпбектің әкесі Елебек жас кезінде ән салып, күй тартқан. Жүсіпбек те жастайынан өнерге үйір болады. Жүсіпбек ән айтуды сол өңірге атағы шыққан Жақыпбек әншіден үйренеді. Жүсіпбек он жасыннан бастап әнші бала атанады. Жүсіпбек жиын-тойдың көркіне айналады.

Мұндай қателерді адам мына себептерден жіберетіндігі байқалады: біріншіден, оның ой-өрісі тар, екіншіден, сөздік қоры тапшы, сол қолданылатын сөзді синонимімен немесе басқа сөздермен ауыстырып қоладануға дағдылыланбаған.

Сөздің беретін мағынасын түсінбегендіктен орынды қолданбау. Мысалы, Қашаған Құрманғазымен мықты жолдас болған.

Бұл сөйлемдегі «мықты» деген сөзді ауыспалы мағынада қолданғысы келгенмен, бұл сөйлемде ойды тиімді де көркем беруде септігін тигізіп тұрған жоқ.

Фразалық тіркестердің мәнін білмей қолдану. Мысалы, Абылай хан жас кезінде Төле бидің баласы болды. Бұл сөйлемде жазушы «қол бала» деген фразалық тіркестің «жәрдемші» ескермей, оны «жалшы» деген мағынада қолданған.

Кейбір сөздерді қолдануда кісілер сол сөздің экспрессивті-эмоционалды мәні мен стильдік реңін білмейтіндігі байқалады. Мысалы, Біржан Сараны күшті ақын екендігінен жеңген жоқ. Мұндай қателерді сөздердің ауыспалы мағынасы мен стильдік реңін жете түсінбегендіктен жібереді.

Кейде адамдар тілінде жергілікті диалект сөздер қолданады. Мысалы, Азанда тұрып, ән салды.

Ойға қатыссыз артық немесе даяр «штамп» сөздерді пайдалану. Мысалы: 1. Бала атасымен бірге үйге кірді. 2. Содан соң төрде ілулі тұрған домбыраны көрді. 3. Сөйтіп оны алып, ән салды.

Кейбір адамдар ауызекі сөздерін де ғана емес, жазба жұмыстарында да басқа тілден енген сөздерді қалай болса, солай қолданатындығы байқалады. Әсіресе, орыс тілінен енген сөздердің аудармасы бола тұра, орынсыз қолдана береді. Мысалы, концертте дежурный болдым, остановкада ән салып тұр, т.б.

Мәтінді редакциялау өңдеу, өзгерту, сөздерді өзгерту, сөйлемдегі сөздердің кейде толығымен сөйлемдердің орын алмастыру. Сонымен қатар мәтін өңдеуде оған қосымша реңк беруге болады. Ол үшін мақал-мәтел, өлең, қанатты сөздер пайдаланылады.

Лексикалық норма бойынша тілдегі түрлі мағынадағы сөздерді таңдап қолдана білу керек. Тіліміздe мағыналары бір-біріне жуық бірнеше сөздер синонимдік қатар құрайды.

Оқушыға

«Репортаж» әдісі

Тақырыпқа байланысты бейнефильм көрсетіледі. Тек ескеретін жағдай бейнефильмді көрсеткенде оның дауысын оқушылар естімеуі керек. Тек репортаждағы қимылды, іс-әрекеттерді ғана көреді. Оқушылар осы дыбыссыз бейнефильмді көргеннен кейін осыған журналист ретінде репортаж мәтінін жазады.

Тапсырма: Сіз бейнефильмді көзбен көрген жуналистсіз. Жұмыс орныңызға келдіңіз де түсірген кадрларыңызға мәтін жазуға отырдыңыз. Жазуды бастаңыз!

Оқушылар репортаж мәтінін жазып болғаннан кейін алдыңғы көрген дыбыссыз бейнефильмді енді дыбысын қосып тыңдайды. Тыңдаған репортажын өз жазған мәтінімен салыстырады.

Қайта жазу. Өз жазғандарының ішінен өзіне ұнамаған сөздерді тыңдалған репортаждағы сөздермен алмастырып, мәтіндерін қайта өңдеп жазып шығады.

№7 бөлім. Қорытынды

№34 – сабақ. Жыл бойы өткен тақырыптарды қайталау, қорытындылау

Нұсқаулық

Мұғалімге

Мұғалім өзінің шығармашылық шеберлігіне қарай ұйымдастырады.